

**Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының
Әдістемелік орталығы
Методический центр
Управления образования Западно-Казахстанской области
Ғылыми-әдістемелік журнал
«Жайық әдіскері»
Научно-методический журнал**

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 04.12.2013 жылы тіркеліп, №14011-Ж куәлігі берілді.	Бас редактор	Кубашева Гүлмира Камалқызы – Әдістемелік орталық директоры
	Жауапты хатшылар	Қуатова Альбина Женисовна – Білім беру сапасын басқару және менеджмент бөлімінің қазақ тілі пәнінің әдіскері Ажикенова Ұлпан Мәлікқызы – Білім беру сапасын басқару және менеджмент бөлімінің ағылшын тілі пәнінің әдіскері
Редакциялық алқа		
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Жарияланған мақала авторларының көзқарастары редакция пікірін білдірмейді. Таралымы 100 дана Жылына 4 рет шығады. Мақалалар қазақ, орыс тілдерінде басылады. Выходит 4 раз в год, материалы публикуются на казахском, русском языках. Редакцияның мекен-жайы: Орал қаласы, С.Есқалиев көшесі, 72 үй, телефондар: 24-08-03, 24-12-04, 24-12-07, 26-04-77, 26-04-64 E-mail: batys-adis@itc.edu.kz	Боранбаева Бақтылы Сансызбаевна	М.Өтемісов атындағы университетінің "Тарих, экономика және құқық" факультетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
	Ергалиева Гүлжан Алғазықызы	Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов ат. БҚМУ нің педагогика және психология кафедрасының деканы
	Кажымуратова Жаннат Санкибаевна	М.Өтемісов ат БҚУ, ЖГФ, биология, география, химия мұғалімдерін дайындау БББ (білім беру бағдарламасы) аға оқытушысы
	Зулқашева Шынар Мулқайевна	Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының директоры
	Бисенғалиева Асыл Мақымовна	Аға оқытушы, техника ғылымының магистрі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық униерситеті
	Ізмұханбетова София Салахиденқызы	Педагогика ғылымының кандидаты, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы «БҚО ПКБАИ» ректоры
	Искалиева Айгүль Бисенбаевна	Орал «Сервис» технологиялық колледжі директоры
	Еришова Эльмира Айдынгалиевна	Орал қаласы №47 «Байтерек» бөбекжайының меңгерушісі
	Бексұлтанова Айымгүл Жұмаханқызы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және шағын жинақты мектеп бөлімінің басшысы
	Нариқова Женискул Мырзабековна	Білім беру менеджменті және сапасын басқару бөлімінің басшысы
	Ерментаева Асел Сатқанқызы	«Абай атындағы мектеп гимназиясы» КММ оқу-ісі жөніндегі орынбасары, «Үздік педагог- 2021», педагог-шебер.
	Қуаншалиева Райгүл Тілекқабалқызы	Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы
	Рамазанов Орынбек Жұмабайұлы	Медиа бөлімінің басшысы

Корректорлар:

1. Қудашева Даурия Төлегенқызы – мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие жұмысы бойынша әдіскері
2. Карманова Жанар Сәбитқызы – кәсіптік оқыту бойынша әдіскері
3. Рамазанов Орынбек Жұмабайұлы - медиа сүйемелдеу бөлімінің басшысы

М А З М Ұ Н Ы

ТҰЛҒАНЫ ӨЛЕУМЕТТЕНДІРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

ДАРИҒА МҰШТАНОВА «АДАМНЫҢ ЖАНЫ БІР ЖҰМБАҚ...» ЖИНАҒЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЛИРИКАСЫ Ж.М.Нарикова	5
АҚҰШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВАНЫҢ ТУҒАН ЖЕР, АНА ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ ХАҚЫНДА Д.А.Сұлтанғалиева	7
МҰҒАЛІМНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ Д.Ж.Шақаева.....	9
«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ Б.М.Сундеткалиева.....	15
БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ, БАҒЫТТАРЫ МЕН НЫСАНДАРЫ К.А.Таскарина.....	18
«ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС- ӘРЕКЕТІН ДАМУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ» Ж.Б.Ислямғалиева	21
БІРНЕШЕ КҮРДЕЛІ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫ ТҮЗЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ Ж.Г.Ермеккалиева.....	24
ОҚУШЫ МЕН ҰСТАЗ МӘДЕНИЕТІ Ж.Ә.Альпенова	30
ӘЖЕ ТӘРБИЕСІ-ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ А.А.Дауленова.....	32
ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС	
«ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ – КӘСІБИ ДАМУДЫҢ БІР ҚАДАМЫ» Ө.Н.Мұқанбетқалиева.....	34
СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ШКОЛЫ VINOM SCHOOL: ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ Г.Б.Курманбаева	38
PISA ТАПСЫРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ДӘУІР А.А.Жүнісбекова.....	45

«РАБОТА ПО ФОРМИРОВАНИЮ НРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ ЛИЧНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ЧЕРЕЗ ТРАНСДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ» С.К.Муртазоева.....	50
--	----

ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: ТӘЖІРІБЕ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЫҚПАЛЫ А.Ж.Куатова	57
--	----

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ: НОВЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ А.Б.Насимуллина.....	61
--	----

«ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАР МЕН PHET СИМУЛЯТОРЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ: ТЕОРИЯ МЕН ПРАКТИКА» М.М.Жакенов, А.Е.Хабибулла.....	63
--	----

«СМАРТ ТЕХНОЛОГИЯ ҰҒЫМЫН ТАЛДАУДАҒЫ ТАРИХИ-ЛОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАС» Ж.С. Наурызалиева.....	66
---	----

БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ, САПА ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

«БИОЛОГИЯ САБАҒЫНА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫН КІРІКТІРУ» С.Г. Дуйсенова.....	69
--	----

ГЕОГРАФИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА: КАК ТЕХНОЛОГИИ МЕНЯЮТ КАРТУ МИРА – ВЛИЯНИЕ AI НА ЛОГИСТИКУ, УРБАНИСТИКУ И ГЕОПРОСТРАНСТВЕННЫЙ АНАЛИЗ. А.Б.Исенгазиева	73
---	----

«МАТЕМАТИКА ҮЙІРМЕСІ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ» Н.Ж.Ауелбаева.....	76
--	----

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ПОЗИТИВТІ ЭМОЦИОНАЛДЫ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУДІ ҚҰРУ ТӘЖІРІБЕЛЕРІ А.А.Шукирова	79
--	----

ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАРДЫ БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНУ З.Ф.Каберова	84
--	----

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМУ ТУСЫНДА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТИҢ РӨЛІ Д.А.Есенгелдиева.....	87
---	----

ГЕОГРАФИЯ МЕН БИОЛОГИЯ ПӘНДЕРІНДЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ПӘНДІК МАЗМҰНҒА САЙ ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ Ж.Ж.Бердибекова.....	89
ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ Г.Ш.Мурзағалиева.....	92
АҒЫЛШЫН ТІЛІ – ЖАҢАҢДЫҚ ТІЛ Н.М.Хасанова.....	95
ОҚУШЫЛАРҒА ВОЛЕЙБОЛДЫ ҮЙІРМЕДЕ ОҚЫТУДЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ӘДІС -ТӘСІЛДЕРІ С.С.Кажғалиев.....	98

ДАРИҒА МҰШТАНОВА «АДАМНЫҢ ЖАНЫ БІР ЖҰМБАҚ...»
ЖИНАҒЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЛИРИКАСЫ



Ж.М.Нарикова
БҚО әдістемелік орталығының БСБЖМБ басшысы,
№20 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-шебер.

Аңдатпа:

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысы – Жайық өңірі ақындарының бірегейі Дариға Мұштанованың «Адамның жаны бір жұмбақ...» атты алғашқы жинағына енген өлеңдері туралы айтылады. Аталған шығарманың мазмұнына талдау жасай отырып, адам баласының түрлі сезімдері, ойлары мен арман-тілектері, толғанысы жайлы түсінік береледі.

Дариға Мұштанова – Теректі ауданы, Подстепный ауылындағы республикаға танымал, алдыңғы қатарлы «Үміт» лингвистикалық гимназиясының іргесін қалап, негізін салушы. 2001-2016 жылдар аралығында аталған оқу орнының директоры болып қызмет атқарып, білім ошағын облыстағы, республикадағы маңдайалды майталмандар қатарына алып шықты. Д.Мұштанова «Адамның жаны бір жұмбақ», 2001 ж., «Өмір — арна», 2004 ж., «Қос қанат» («Жылама, жырла, Жайығым» 2010 ж.) жыр жинақтарының, «Үміт жетелеген бес жыл» 2005 ж., «Үміт атты бір ел бар...» 2015 ж. педагогикалық жазба жинақтарының, «Аңыз болған абысындар» 2018 ж., «Әз ғұмыр» 2019 ж. көлемді повестерінің авторы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Оқырман тарапынан ақынның шығармашылығына деген қызығушылық жоғары. Оның көптеген өлеңдері мен поэмалары өз уақытында жоғары бағаланып, қазақ әдебиетінде өзіндік орнын тапқан.

Дариға Мұштанова – қазақтың та-

нымал ақыны, жазушы және әдебиет зерттеушісі. Оның поэзиялық шығармашылығы өз заманының ұлы идеяларына, ұлттық болмысқа және адамгершілік құндылықтарға толы.

Ақынның поэзиясында кеңінен кездесетін тақырыптар – отаншылдық, махаббат, адамдық ар-ождан, өмір мен өлімнің мәні. Ол өзінің шығармаларында өмірдің түрлі жақтарын сипаттап, оқырманына терең философиялық ойлар мен сезімдерді жеткізеді. Ақынның өлеңдері көбінесе адамның ішкі жан дүниесімен, қоғамның мәдениетімен байланысты. Соның бірі ақынның тұңғыш кітабы «Адамның жаны бір жұмбақ» - адамның ішкі әлемінің тереңдігін, оның құпияларын, жан дүниесінің күрделілігін сипаттайтын философиялық шығарма. Өлеңде адам баласының ойлары, сезімдері мен арман-тілектері арасында үнемі ізденіс, толғаныс пен сұрақтар бар екені айтылады.

Ақынның бұл жинағы:

Сен – белгісіз күндерден селдіреген.

Сен – белгісіз жылдардан желбіреген.

Естимісің, жаныммен, жүрегіммен,
Сені ғана сүйемін, Сенгір өлең!,- деген
жолдардан бастау алған.

Өлеңнің негізгі мазмұнында адамның жанының түсініксіз әрі көп қырлы болатыны, оның табиғатының жан-жақты зерттелмеген жұмбақ күйінде қалуы айтылған. Адамның санасы мен сезімдері арасындағы шекаралардың анық емес екендігі, әр адамның ішкі күйінің басқа адамға түсініксіз болуы оның жанының тереңдігі мен күрделілігін көрсетеді. Ақын осы өлеңінде адамның өз жанына деген ізденісін, оны түсінуге деген ұмтылысын бейнелейді. Әрбір адамның өмірі мен жолы өзіндік бір жұмбақ, оны түсіну үшін терең ойлану керек екені білдіріледі.

Мен сендермен көп сөйлесем,
Мұндасам.
Шешіледі шер төгіліп, тыңдасаң.
Жарылып та кету мүмкін сияқты,
Сезімталдар, сендер қоршай
тұрамасаң...

Осы өлеңде ерекше көңіл аударатын нәрсе – адам жанының мәнін ашу, оның болмысын толық түсіну өте қиын екендігі, әрі әркімнің жүрегіндегі бірегейлік пен даралықтың маңызды екендігі. Ақын адамның жан дүниесін, ішкі әлемін, оның күрделілігін, тылсым болмысын суреттей отырып, оқырманын терең ойға жетелейді.

... Ақ таңнан кейде түнді ұрлап,
Өтті ме өмір- жыл зырлап.
Армандар қалған айтылмай,
Адамның жаны бір жұмбақ.
Өлеңнен автор бейнесін, идеялық нысанасын, өзіндік пікірін анық көруге болады. Автор өлеңде терең ойлы, өмір мен адам табиғатын түсінуге талпынған ойшыл, философ ретінде көрінеді. Ол адам жанын, адам баласының ішкі сезімдері мен құпияларын ашуға тырысатын зерттеуші бейнесінде сипатталады. Оның әр сөзі – жан мен рух туралы толғаныстың,

танымның жемісі. Ақынның негізгі идеясы – адамның жан дүниесінің күрделілігін, оның болмысындағы жұмбақтықты көрсету. Ол адамның жанын толық танып-білу мүмкін емес екенін меңзейді. Сонымен бірге, әр адам өзін-өзі түсінуге тырысуы керек, себебі: «Адам жаны – тылсым дүние» деген ойды айтқысы келді.

Дариға Мұштанова шығармашылығында өлеңнің құрылымы мен тілінің нәзіктігі маңызды орын алады. Оның поэзиясында метафоралар мен символизм көп кездеседі. Сондай-ақ, оның шығармаларының кейбірінде қазақтың ұлттық рухын, тарихы мен мәдениетін қорғау мәселелері көтерілген.

Қазіргі қазақ поэзиясында Дариға Мұштанова өз биігінен көрініп, көптеген оқырмандарға әсер ететін ақын ретінде бағаланады. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР білім беру саласының үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалі, Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері, ақын.

Ақжайық өңірі айтыс өнерінің майталманы, нәзік жырдың иесі Дариға сынды өр мінезді, қайсар қыздарымен мақтана алады. Осындай біртуар жан, бірнеше өнердің иесі Дариға Мұштанованың жырлары жылдарменен жасай бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Д.Мұштанова «Адамның жаны бір жұмбақ...» өлеңдер жинағы Алматы: «Өлке», 2001.88 б.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 ISBN 9965-607-02-8; <https://kk.wikipedia.org/wiki> .
3. Фархад Хайретдинов. Д.Мұштанова. https://youtu.be/0Yn4LNikV14?si=yiQF51tt2uuc-G_8

АҚҰШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВАНЫҢ ТУҒАН ЖЕР, АНА ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ ХАҚЫНДА



Д.А.Сұлтанғалиева
БҚО, Орал қаласы
№43 жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Андатпа:

Бұл мақалада Ақын Ақұштап Бақтыгерееваның туған жер, ана тақырыбындағы өлеңдерінің тәрбиелік мәні арқау болды. Туған жер туралы өлеңдері ақынның елжандылық қасиетінен туындап, жас ұрпақты елді, жерді сүюге баулитын шығармалар болса, ана тақырыбындағы өлеңдерінде қазақ анасының даналығы, ұлылығы, батырлығы, ана махаббатының биіктігі жырланған шығармалары арқылы ананы құрметтеуге, ана еңбегін, мейірімін, қамқорлығын бағалауға тәрбиелейтін шығармалар тұрғысынан талдайды.

Қазақтың ақын қызы Ақұштап Бақтыгерееваның шығармашылығымен ақын туған өлкеден болғандықтан, бала кезден таныспын. Қазақ қыздарының арасынан шыққан ақын қыздар көп те емес, дегенмен ұлтқа өнеге болар жырлар берген Фариза Оңғарсынова, Марфуға Айтхожина, Ақұштап Бақтыгереева, Тұрсынхан Әбдірахманова, Күләш Ахметова сынды ақын қыздар қазақ халқының, қазақ аналарының, қыздарының даналығын, сұлулығын, батырлығын, нәзіктігін, өлең өлкесіндегі шеберлігін ұрпаққа таныта білген әдемі бір шоғыр кейінгі ақындық жолды таңдаған сіңлілеріне жол көрсетіп тұрғанына қуанамыз. Әрине, суырып салма айтыс өнерінде жарқырап көрінген ақын қыздар да баршылық. Әсіресе Батыс Қазақстан өңірінде Ақұштап ақынның ізін басқан, киелі ақындық өнерді меңгерген айтыс ақындары баршылық. Олар: Шолпан Қыдырниязова, Дариға Мұштанова, Жансая Мусина, Жібек Бол-

танова т.б. Сол ақын қыздардың ішінде Ақұштап Бақтыгереева нәзік те сыршыл жырларымен дараланады. Ақұштап Бақтыгерееваны қазақ халқы біледі, халқына жүрегінен шыққан туындыларын арнап, бірнеше кітаптарын берген ақын. Десек те, мектеп бағдарламасына ақынның шығармалары енбеген. Жалпы оқырман ақынның шығармашылығымен «Сүмбіле», «Наз», «Жайық қызы», «Ана әлдіі», «Ақжелең», «Ақ шағала» т.б. жарық көрген көптеген кітаптары арқылы таныс. А.Бақтыгереева туған жері Ақ Жайыққа арнаған шығармалары арқылы өскелең ұрпаққа ел мен жерді сүюдің құндылығын танытса, ана тақырыбын ерекше жылылықпен жырлаған ақын.

Ақынның туған елге, жерге арнаған шығармаларында ақын жүрегінің ерекше дүрсілін танысың, туған жеріне деген мақтаныш сезімін сезінесің. «Ақ Жайыққа жыр арнағым келеді», «Ақ Жайықтың айдыны», «Жайыққа сәлем де сен», «Ақ

Жайық, арнаға түс, арындама!», «Сабыр, Жайық» өлеңдерінде ақынның туған жерге деген сағынышы «Ақ Жайық, сенсің әр кез сыйынарым, сен десе жыр жолы боп құйыламын», Жағанда өскен кезде жай өзен ең, бұл күнде сені көру бір той маған» немесе «келерде жас балаша қуанам да, кетерде қимастықпен қиналамын», «Сағынышы басылмай жүр дегейсің, құлаш ұрып қайтпаса тереңіне» деген жыр жолдары арқылы беріледі. Ақын жырлары жас ұрпақты елін, жерін сүйуге баулиды.

Ақын шығармаларында ерекше орын алатын тақырыптың бірі - ана тақырыбы. «Ана жүрегі», «Анама хат», «О дүниеге хат», «Ана махаббаты» өлеңдері оқырманды толғандырмай қоймайды. Адам баласын дүниеге әкелген ананың ұлылығын тебірене жырлайды. Әсіресе, «Ана жүрегі», «Ана махаббаты» шығармалары ана жүрегі мейірімінің шексіздігін, кеңдігін, тереңдігін сезіндіреді. «Анама хат», «О дүниеге хат» жырлары- бақиға аттанған анасымен сырласуы. Ана тақырыбындағы өлеңдері - өзіне жарық дүние сыйлаған асыл анасын бір көрсем-ау деген жүректі сыздатқан сағынышы, ардақты жанның мейіріміне тойған, анасының жанында өткізген бақытты балалық шағын аңсаудан туған жырлар. Ақын өлеңдерін оқыған әр адамның анасын аңсап тебіренбеуі мүмкін емес, өйткені ана тақырыбындағы жырлары шынайы ақын жүрегінің сағынышынан туған. Жырлары өскелең ұрпақты ананы құрметтеуге, ана еңбегін бағалауға, мейірімділікке, қамқорлыққа, жанашырлыққа тәрбиелейді. Ұстаз ретінде өлкетану сабағында жергілікті ақын-жазушылар шығармашылығын насихаттау барысында білім алушыларға ақын шығармаларын таныстырып, тәрбиелік мәнін ашуды мақсат етемін.

Ақынның қазақ қыздарына арнап жазылған үлгі-өнегеге толы нәзік жырлары бір бөлек тақырып. Ақұштап Бақтыгереева шығармалары ұлтымызды тәрбиелейтін, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін туындылар. Ақын нәзік жырларымен әр жүрекке нұр болып құйылатын, шұғылалы сәуле тарататын ұлтымыздың мақтанышы!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Бақтыгереева «Жайық қызы» жинағы 1980ж.
2. А.Бақтыгереева «Ақ шағала» жинағы 2001 ж.
3. А.Бақтыгереева «Ана әлдиі» Екі томдық таңдамалы өлеңдер жинағы 2018ж

МҰҒАЛІМНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ



Д.Ж.Шакаева
Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығының
тарих және қоғамдық пәндер әдіскері

Білім сапасын арттыру мәселесі белсенді оқыту мен тәрбиеленудің жаңа технологияларын, әдістерін, әдістерін іздестіру қажеттілігін талап етеді. Бұл мәселені шешудің бір жолы – заманауи педагогикалық технология ретінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетін енгізу.

Мұғалімдердің өз бетінше ізденушілік әрекеті де мектепте жаңа білім беру ортасын қалыптастырады және мектептің жаңа үлгідегі инновациялық білім беру мекемесі ретінде дамуының ең маңызды факторы болып табылады. Қазіргі мектеп мұғалімінің зерттеушілік іс-әрекеті педагогикалық шығармашылықтың негізгі элементі мен факторы, оның ұстаздық мәртебесінің қайнар көзі, жауапкершілік, қабілет пен дарындылық көрсеткіші болып табылады.

Мұғалімдердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру мұғалім тұлғасының дамуына әсер етіп, өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін жүзеге асыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі мұғалім – оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы ең маңызды тұлға. Білім беру жүйесінің тиімділігі оның кәсіби жарамдылығына, педагогикалық шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне, инновациялық іс-әрекетке дайындығына

байланысты. Зерттеу дағдылары мұғалімнің жалпы кәсіби шеберлігінің бір бөлігі болуы керек.

Атақты педагог-әдіскер П.Ф. Каптерев мұғалімнің ғылыми-зерттеу міндеттері туралы мәселені бірінші болып тікелей көтерді: «Егер оқыту тәрбиелік оқыту болса және тәрбиеден ажырағысыз болса, онда белгілі бір тәрбиелік нәтижеге әкелетін ішкі процесс мұғалімнің байыпты назары мен зерттеу нысаны болуы керек...»[6].

Практикалық педагогикалық іс-әрекеттің объектісі – адам, ал зерттеу әрекетінің объектісі – өзін-өзі тәрбиелеу. Тәжірибелік жұмыстың құралдары – оқыту мен тәрбиеленудің әдістері мен тәсілдері, көрнекі құралдар, техникалық құралдар, сондай-ақ «идеалды» құрал ретіндегі білім беру мазмұны, ал ғылыми жұмыс құралдары – ғылыми танымның әдістері. Тәжірибелік педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі тұлғалық қасиет ретінде оқыту мен тәрбиелеу болса, ғылыми әрекеттің нәтижесі білім болып табылады. Ғылыми-зерттеу әрекетінің атрибуты ретінде жаңа ғылыми білім алу – ғалым-педагог қызметінің мақсаты. Тәжірибеші мұғалімдер қызметінің мақсаты – оқушылардың қабілеттерін дамыту және оқушылардың жеке

тұлғасын дамытуға көмектесу. Зерттеуші, сәйкесінше, ғылыми-педагогикалық қызметпен байланысты. Практикалық мұғалімдердің тәжірибелік тәжірибесі мұғалім-зерттеуші үшін эмпирикалық материал болып табылады.

Педагогикалық іс-әрекеттің көп функционалдылығымен, мұғалімге қойылатын талаптардың жоғарылауымен, қызмет жағдайларының өзгермелілігімен, белгісіздігімен және өзгермелілігімен сипатталатын қазіргі заманғы жағдайында зерттеушілік қызмет ерекше маңызды рөлге ие болады. Неліктен зерттеу? Мектепте мұғалім әр алуан іс-әрекетпен айналысады: педагогикалық, әдістемелік, ұйымдастырушылық, коммуникативті, сонымен қатар зерттеушілік. Алайда, тек зерттеушілік іс-әрекет барысында мұғалім, барлық педагогикалық іс-әрекетке шығармашылық және түрлендіруші көзқарасты қалыптастырады.

Мұғалімнің ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің «компоненттері» дамыған танымдық қабілеттер, ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне мотивация, шығармашылық, зерттеу іс-әрекетінің әдістері мен әдістерін меңгеру (соның ішінде психологиялық диагностика), зерттеу іс-әрекетінің барысы мен нәтижелерін барабар бағалау, оқу процесіне қажетті түзетулер енгізу қабілеті.

Бір жағынан, мұғалімнің функциялары мен іс-әрекет түрлерінің, педагогикалық міндеттердің әртүрлілігі деструктивті, стресс тудыратын фактор болып табылады және кәсіби және тұлғалық бұзылудың дамуына «алғышарттар» жасайды. Екінші жағынан, дәл осындай әртүрлілік мұғалімге өзінің жеке әлеуетін көрсетуге және жүзеге асыруға мүмкіндік береді және зерттеу әрекетіне мүмкіндіктер жасайды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене

отырып, мектептегі мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігі шығады. Бір ерекшелігі, мұғалімдер зерттеу жұмыстарын аяқтаған соң өздерінің жеке идеяларын қандай да бір оң тәжірибеге айналдырып, оны мектеп, аудандық, облыстық ғылыми-тәжірибелік, ғылыми-әдістемелік конференцияларда, семинарларда ортаға салып, көбінесе мектеп басшылығының бастамасымен өтетін кәсіби байқауларға қатысады.

Бұл конференцияларда мұғалімдер баяндамалар, хабарламалар, эсселер түрінде әріптестерін өздерін қызықтыратын проблема бойынша жүргізген зерттеулерімен таныстырады, талқылауларға қатысады, мәселені одан әрі дамыту жоспарларын түзетеді. Бұл оларға кәсіби дағдыларды дамытудағы жасырын әлеуетті анықтауға және ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені өз тәжірибесіне енгізуге, содан кейін оларды жеке инновациялық тәжірибеге айналдыруға мүмкіндік береді.

Келесі ерекшелігі – ғылыми-зерттеу іс-әрекеті мұғалім тұлғасының өзін-өзі жүзеге асыруы мен шығармашылық дамуын өзектілендіруге, ғылыми-зерттеу іскерліктері мен дағдыларының кәсіби деңгейін арттыруға, педагогтардың ғылыми шығармашылығын дамытудың педагогикалық технологияларын жетілдіруге, педагог-зерттеушінің кәсіби және біліктілік өсуін қамтамасыз етуге, сапалы жаңа білім алуға, оқу орнының мәртебесін көтеруге мүмкіндік береді.

Тағы бір ескеретін ерекшелік, мұғалімнің ғылыми-зерттеу әрекеті кезінде бірқатар нақты қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мысалы, әдістемелік, ғылыми, психологиялық, педагогикалық және арнайы әдебиеттердің жетіспеушілігінің салдары болып табылатын ғылыми зерт-

теу әдіснамасын нашар білу. Осының бәрі оқытушыларды ғылыми-әдістемелік семинарлар, қашықтықтан кеңес беру, әдістемелік әдебиеттерді басып шығару негізінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименттік іс-әрекет негіздеріне оқыту қажеттілігін талап етеді. Сондай-ақ, заманауи мұғалімдердің жоғары жүктемесіне байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге болатын бос уақыттың болмауы бұл қызметтің ба-рысын айтарлықтай қиындатады.

Мұғалім конструктивті-жоспарлау, ұйымдастырушылық және коммуникативті-тәрбиелік іс-әрекеттерді тиімді жүзеге асырудың алғышарты бо-лып табылатын белгілі бір гностикалық дағдыларды және іс жүзінде мұғалім жұмысының негізінде жатқан зерттеушілік дағдыларды иеленуі керек.

1. Теориялық білімді жетілдіру үшін ғылыми әдебиеттерді таңдап, олар-мен жұмыс істей білу, теорияны оқу нәтижелерін аннотация, есептің қысқаша мазмұны немесе хабарлама түрінде қорытындылау.

2. Мұғалімдердің іс-тәжірибесін жал-пылау және оқу тәжірибесінде пайдала-ну мақсатымен бақылау, зерделеу, талдау қабілеті.

3. Баяндама, хабарлама неме-се ғылыми мақала түрінде ғылыми-зерттеу міндеттерін қою, гипотезаны құрастыру, эксперименттік жұмыстар мен эксперименттерді жоспарлау және жүргізу, орындалған жұмыстың нәтижелерін өңдеу және қорытындылай білу.

Жобалық-зерттеу қызметінің нәтижелеріне қол жеткізу үшін ғылыми зерттеулердің келесі жалпыланған реттілігі қолданылады:

1) Проблеманы жаңарту (проблеманы табу және болашақ зерттеудің бағытын

анықтау);

2) Зерттеу көлемін анықтау (жауап тапқымыз келетін негізгі сұрақтарды тұжырымдау);

3) Зерттеу тақырыбын таңдау (зерттеу шекарасын мүмкіндігінше қатаң түрде анықтауға тырысыңыз);

4) гипотезаны әзірлеу (гипотезаны не-месе гипотезаны, оның ішінде шындыққа жанаспайтын – арандатушылық идеялар-ды әзірлеу);

5) Шешім тәсілдерін анықтау және жүйелеу (зерттеу әдістерін таңдау);

6) Зерттеудің реттілігін анықтау;

7) Ақпаратты жинау және өңдеу (алған білімді жазу);

8) Алынған материалдарды талдау және жалпылау (алынған материалды белгілі логикалық ережелер мен әдістерді қолдана отырып құрылымдау);

9) Есепті дайындау (негізгі ұғымдарды анықтау, зерттеу нәтижелері бойынша есеп дайындау);

10) Баяндау (құрбылары мен үлкендер алдында көпшілік алдында қорғау, сұрақтарға жауап беру).

Осылайша, аталған сипаттамалар жүйені құрайды, оның барлық элементтері бір-біріне идеалды түрде сәйкес келуі және бірін-бірі толықтыруы керек. Олардың бірізділік дәрежесін ғылыми жұмыстың сапасын бағалау үшін пайдалануға бола-ды.

Зерттеу қызметін бастамас бұрын жұмыстың мақсаты мен міндеттерін анықтау қажет.

Мұғалімдердің ғылыми-зерттеу қызметінің мақсаттары:

1. мұғалімдердің біртұтас ғылыми қоғамдастығын қалыптастыру;

2. пәнаралық байланыстар туралы түсініктерін дамыту;

3. ғылыми ойлау тәсілін және өз іс-әрекетіне шығармашылық көзқарасты

қалыптастыру арқылы мұғалімдердің интеллектуалдық бастамасын дамыту;

4. жаңа ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялар бойынша оқыту;

5. ұжымдық ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне мұғалімдерді ғана емес, студенттерді де тартуға жағдай жасау;

6. практикалық маңызы бар ғылыми жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру.

Практик мұғалім ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізе отырып, белгілі бір оқу орнының мәселелерінен бастайды. Ол жағдайды түсініп, оны ғылыми теориямен байланыстыра алады және қалыптасқан заңдылықтарға сүйене отырып, туындаған мәселені шешудің жолын таба алады. Педагогтардың зерттеулері ғылыми ұжымдардың зерттеулерінен ерекшеленеді: ол нақты оқу орнының өзекті мәселесін шешетіндіктен табиғатта қолданылады; оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және оқу нәтижелерін арттыруға бағытталған және т.б.

Мұғалімдердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін үш бағытта жүзеге асыруға болады:

1. әдістемелік бірлестіктің жұмысы аясындағы ғылыми-зерттеу қызметі;

2. мұғалімдерді аттестациялау рәсімінің бөлігі ретіндегі ғылыми-зерттеу қызметі;

3. бастамалық зерттеу қызметі (өзін-өзі тәрбиелеу).

Мұғалімдердің ғылыми-зерттеу қызметінің бірінші бағыты көбінесе эпизодтық және әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарымен байланысты.

Осы бағыт аясында психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді зерделеу, талдау және жинақтау, мерзімді басылымдардағы мақалаларға аннотациялау нәтижелері бойынша әріптестерге баяндамалар дай-

ындау ұйымдастырылады. Тәжірибе көрсеткендей, ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қажеттілік педагог кадрларды аттестациялау рәсімі кезінде әсіресе белсендіріледі: оқытушы тәжірибені қорыту бойынша жұмыс дайындайды, онда ол өзін-өзі тәрбиелеу бойынша теориялық материалды, кейбір диагностикалық мәліметтерді, практикалық материалдарды ұсынады.

Алғашқы екі бағытты, мамандардың көпшілігінің пікірінше, ғылыми-зерттеу іс-әрекеті ретінде емес, кезеңді түрде жүргізілетін және айтарлықтай нәтиже бермейтін, мұғалімге өз жұмысының нәтижесін толық көрсетуге мүмкіндік бермейтін ғылыми-зерттеу жұмысы ретінде жіктеу керек. Нағыз зерттеушілік іс-әрекет мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде оған мотивация дамыған жағдайда ғана болады. Мұғалімде мұндай әрекеттерді ұйымдастырудың зерттеу дағдылары мен әдістері бар.

Тәжірибелі мұғалімнің өзін-өзі жүзеге асыру формаларының бірі ретіндегі зерттеу іс-әрекетіндегі бірінші қадам өзін-өзі білім алу тақырыбын таңдау кезінде қарама-қайшылықты анықтау және мәселені тұжырымдау қабілетін көрсету болуы керек. Сонымен, студенттердің белгілі бір дағдыларының даму деңгейін зерттеуге ғылыми көзқарас жүзеге асырылған жағдайда, ғылыми-зерттеу қызметі мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру нысандарының бірі ретінде әрекет етеді. Мұғалім кәсіптік білімді меңгеріп, кәсіби бағдарланған міндеттерді шешу барысында кәсіби қызметтің нақты жағдайлары мен міндеттердің, жағдайлардың және өз мүмкіндіктерінің арақатынасы туралы көзқарасы қалыптасады, кәсіби рефлексия негізінде өз қызметін реттеу қабілеті кәсіби тұлғаның ең маңызды сапасы болып табылады. Сөздің кең

мағынасында рефлексия адамның өзін-өзі тануын және өзінің іс-әрекеті мен іс-әрекетінің себептерін түсінуін сипаттайды. Педагогқа қызметтің өзі бағалаудың талдаудың, түсінудің арнайы субъектісі ретінде әрекет ететіні тән. Егер нақты педагогикалық жағдаяттарда туындайтын практикалық мәселелерді шешу кезінде ол студенттермен нақты өзара әрекеттесу процестеріне тікелей қосылса, енді бұл процестердің өзі зерттеу нысанына айналады.

Сондай-ақ мұғалім өз жұмысында ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде келесі принциптерді қолдануы керек [15]:

1. Педагогикалық құбылысты немесе процесті тұтас зерттеу принципі;
2. Педагогика мәселелерін зерттеуде зерттеу әдістерін кешенді қолдану принципі;
3. объективтілік принципі;
4. Баланы оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі қағидасы;
5. Ұжым мен жеке адамды қатар зерттеу принципі;
6. Өзгеріс пен дамудағы құбылысты зерттеу принципі;
7. Ғылыми батылдық пен ең үлкен көрегендіктің үйлесімі;
8. Зерттелетін мәселені терең қарастыру принципі.

Зерттеу әдістері – жаңа білім алу немесе зерттеу мақсатына жету тәсілі. Ғылыми білімді меңгеруге бағытталған әртүрлі танымдық тәсілдер мен практикалық операциялар кешені. Мұғалім келесі әдістерді қолдануы керек:

1. Әдебиетті салыстырмалы тарихи талдау әдісі
2. Модельдеу әдісі
3. Себеп-салдар талдау әдісі
4. Педагогикалық бақылаулар
5. Әңгімелесу
6. Сауалнамалар мен сұхбаттар

7. Социометриялық әдіс
8. Бағалау және өзін-өзі бағалау әдісі
9. Рейтинг әдісі
10. Педагогикалық кеңестің әдістемесі
11. Құжаттарды зерттеу және талдау әдісі
12. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу және жалпылау

13. Педагогикалық эксперимент
Жоғарыда айтылғандай, мектеп мұғалімінің ғылыми-зерттеушілік қызметі мектептің жаңа үлгідегі инновациялық білім беру мекемесі ретінде дамуының ең маңызды факторы, педагогикалық шығармашылықтың негізгі элементі мен факторы, оның ұстаздық мәртебесінің қайнар көзі, жауапкершілік, қабілет пен дарындылық көрсеткіші болып табылады.

Сонымен бірге мұғалімнің ғылыми-зерттеу қызметімен айналысуына кедергі болатын кейбір мәселелер туындауы мүмкін:

1. негізгі жұмыспен шамадан тыс жүктеме;
2. мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік материалдарды әзірлеуге дайындығы жеткіліксіз;
3. ғылыми-зерттеу жұмысын құрылымдау және жоспарлау бойынша шектеулі теориялық білім;
4. білім берудің барлық деңгейінде жобалық-зерттеу дағдыларын дамыту бойынша мақсатты жұмыстың әлсіреуі.
5. Сондықтан мұғалімдерді шығармашылық ізденіске итермелеп, барынша нәтижеге қол жеткізетін жағдай жасау өте маңызды. Бұл шарттарға мыналар жатады:
6. материалдық марапаттау жүйесінің болуы.

Айтылғандарды қорытындылау үшін жоғары сапалы ғылыми жұмысты қамтамасыз етудің екі шартын атап өтеміз. Біріншіден, зерттеуші әдістемелік

рефлексияның, оның жұмысын бірінші тарауда қарастырылған әдістемелік қамтамасыз етуде қамтылған нұсқаулар тұрғысынан түсінудің үлкен маңыздылығын түсінуі және қабылдауы керек. Екіншіден, әдістемелік қамтамасыз етудің өзінде бұл нұсқаулар педагогикалық зерттеулердің сипаттамалары түрінде берілуі керек, оның көмегімен оның сапасын бағалауға және таңдалған жолдың дұрыстығын тексеруге болады.

Осы орайда Батыс Қазақстан облысының тәжірибелі педагогтерінің зерттеушілік қызметінің тиімді ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуы нәтижесінде шығармашылық табыстарға жетіп отырғандығы көрініп отыр.

Соның дәлелі ретінде «Үздік педагоге» республикалық байқауның жеңімпаздары, Нугманова Г.М, Алиев С.З, «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық байқауының жеңімпаздары Арыстанов М.Қ, Сапашева Э.И, «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық байқауының жеңімпазы Гумарова А.А және т.б. Педагогтеріміздің зерттеушілік қызметі облыс, республика педагогтеріне арасында іс-тәжірибелері таратылуда.

Зерттеу іс-әрекетінің әдістемесін меңгеру мұғалім жұмысының нақты жағдайында және оның көмегімен шешуге болатын мәселені табу бойынша кешенді жұмысты қамтиды. Проблеманы іздестіру педагогикалық процестер мен жағдайларды талдай білу, олардан қарама-қайшылықтарды тауып, қалыптастыру, зерттеу мақсатын анықтау, содан кейін зерттеу объектісін, пәнін және әдістерін белгілеумен тығыз байланысты. Зерттеу әдістемесін меңгерудің ең қиын бөліктері қарама-қайшылықтарды анықтау және гипотезаны құру болып табылады. Бұл мұғалім үшін өте қиын, дегенмен уақыт

өте келе тәжірибе жинақталған сайын қабілетсіздікті жеңеді.

Мұғалімнің әдістемелік мәдениетінің орасан зор құрамдас бөлігі шешілетін ғылыми-практикалық мәселелер бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық және басқа әдебиеттерді білу және онымен жұмыс істей білу болып табылады.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ



Б.М.Сундеткалиева
Орал қ, «Оқушылар сарайы» МКҚК
Педагог-модератор

Аңдатпа

Мақалада ақын, ғалым, педагог Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі талданып, оқулықтың білім мен тәрбие берудегі маңызы айтылады. Ақыл, мінез-құлық, сұлулық, дене тәрбиесін ұштастырып, болашақ ұрпақ тәрбиесіне қажеттілігін ескертеді. Мақалада көрсетілген пайдалы дүниелерден «Педагогика» оқулығының ата-аналарға, мұғалімдер мен тәрбиешілерге, студенттер мен оқушылар үшін аса бағалы еңбекке айналғаны көрініп тұр.

Мемлекеттік Құзырлы Органдармен бірлескен «Біртұтас Тәрбие бағдарламасын» мектепке дейінгі ұйымда іске асыруда қазақ зиялыларының еңбектері басты бағдар болуы тиіс деп ойлаймын.

Телеграмм әлеуметтік желісінде «Reading time» кітап талдау клубында М.Жұмабаевтың «Педагогика» кітабына талдау жасадық. «Тәрбие деген не?» жетекші сөзімен басталатын еңбекте құнды дүниелер жетерлік. [1, 4-б.] Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын, көміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі.

Осы орайда, қазақтың көрнекті жазушысы Жүсіпбек Аймауытовтың

«Тәрбиеге жетекші» атты еңбегін де ерекше атап өтуге болады. Ж.Аймауытов «Адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы – тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... Адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сияқты бұзақылықтарды жасауы – тәрбиенің жетіспегендігінен» – дейді. [2,35-б.] Бұл кітапта тәлімгер-ғалым бала тәрбиесінде туған елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің белгілі мөлшерде қалай әсер ететінін ғылыми тұрғыда дәлелдей түскен.

«Баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек» [2, 78-б.] депті. Арада талай жылдар өтсе де актуалды пікір деп санаймын. Бала ауру не зағып болса, баладан емес, тәрбиешіден. Бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мақау жанды болса, бала

айыпты емес, тәрбиеші жазалы. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген иран елінің мәтелі - шын дұрыс мәтел деп өткір жазады. [2, 93-б.]

Ал, Мағжан Жұмабаев балаға дұрыс тәрбиені әрбір тәрбиеші (ата-ана, мұғалім) тәрбие жолын ешкімнен үйренбей-ақ, ешнәрсені оқып білмей-ақ өз бетімен бере ала ма? Әркім өзі-ақ жол тауып кеткендей бала тәрбиесі соншама бір жеңіл нәрсе ме? Жоқ. Бұлай емес. Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. [1,39-б.] Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек. Сол басқа адамдардың тәрбие майданындағы тәжірибелерін көрсеткен жеке бір пәнмен, яғни тәрбие пәнімен таныс болу керектігін баса айтқан.

Әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы — ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылуы туралы ескіден қалып келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Батыстың тәрбиесі жаулаған алмағайып кезеңде бағытымыздан тайдырмай, салмақсыздықтан құтқарып, бойына мән дарытатын алып күш - ұлттық иммунитет. Ал оның қайнар көзі – ертегілер, жыр-дастандар, фольклор, тұшымды мәдениет үлгілері. Осы орайда, жас ұрпақтың бойына игі қасиеттердің дәнін егетін ұстаздың еңбегі зор деп ойлаймын. Әсіресе, біз құнарлы қазақ тілін меңгертіп қана қоймай, балаларды әдебиет әлеміне әкелеміз. Ол дегеніңіз мақал-мәтел, жыр-дастан, батырлар жырын үйрету арқылы қазақ жастары жоғарыда айтқан ұлттық иммунитетке тойған қозыдай сусындап шығады. Қордалы рухани азық арқылы үлкен өмірге қоңыраулы күміс қанатпен ұшып азбай жүрері, адал сөйлері де анық. Біртұтас тәрбие бағдарламасының ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП

деп аталатын құндылықтары осыған тура келеді. [3, 4-б.]

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының келесі кезеңі ол туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі. Балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу. [3, 5-б.]

Демек, балабақша, мектепке дейінгі ұйым бала тіліне оралымды тақпақтар мен жаңылтпаштар, санамақтар, ертегілерді күнделікті қолдану керек. Академик В.Бехтерев «баладағы невроз ауруының алдын-алу үшін бесік жырын тыңдату керек» деген. Бесік жырын үзбей тыңдаған сәбидің бойында мынадай артықшылықтар байқалған:

1. Жүйке жүйесі қалыпты жұмыс істеді;
2. Мейірімділік, қайырымдылық, сүйіспеншілік сияқты ізгі сезімдер қатар дамыған;
3. Қиялдау қабілетін ұштаған;
4. Мағыналы, хәм мәнерлі сөйлеуді үйренген;
5. Тұйықталмай, пікірін ашық білдіретін батыл болған. [4, 10-б.]

Әр бесік жырында әр халықтың өз менталитеті, кие-қасиет пен ізгі өнеге туралы ақпараттар сақталған. Олар бөбектің құлағына сіңген сайын бойындағы ата-бабасының генетикалық кодын оятады. Кез-келген бесік жырында Жаратушыға мінәжат, одан тілек тілеу сарындары бар.

«Баланың есту сезіміне аса көп әсер беретін – бесік жыры. Баланы қолына алған, баланың бечсігі жанына келген ана аузына тас салғандай үндемей отырмасын. Жырлай берсін. Бала сөзін ұқпаса да күйінен әсерленеді. Жас балаға қазақтың

«Әлди-әлди, ақ бөпем» деп басталатын ескі бесік жырын жырлау керек. Бұл жырдың күйі де, сөзі де тәтті. Біраз есейген балаға жырлау үшін қазақ әйелі төмендегі бесік жырымен таныс болса игі болар еді» деп «Педагогика» еңбегінде бесік жырының маңызына ерекше тоқталады. [1, 20-б.]

Мағжан ақын баланы ізгі құлықтарға әдеттендіруді «Педагогика» еңбегінде тәптіштеп түсіндіреді. Үй мен мектептегі тәртіптің құбылмалы болмауын, яғни ата-ананың, мұғалімнің күйіне қарап тәртіптің өзгермейтінін баса айтады. ал тәртіп ізгі құлық заңдарына негізделсе ғана өзгермейді. [1, 106-б.] Бүгін жараған іс ертең жарамайтын болып отырса, балада тәрбиешіге сенім қалмайтынын ескертеді. Сондай-ақ, баланың жаратылысы, табиғаты тілейтін нәрседен баланы тыю дұрыс емес. Жүгіруден, ойыннан тыю сықылды. Баланың жаратылысы тілейтін нәрседен тыйсаң, бала бұл жасама тәртіпті оп-оңай бұрып кетеді. Яғни бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді. [5, 76-б.] Баланың өтірік айтуы, алдауы оны жасама тәртіп ішіне қамаудан екенін жазған.

Ұлттық білім үлгісінің басты бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психологиялық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау.

Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса – өзін, асса – барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғық теңізін

қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығарудың маңыздылығы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауындағы «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. [9, 3-б.]

Мағжан Жұмабаев тендессіз еңбегін «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ұлы Абайдың сөзімен түйіндепті. [1, 118-б.] Шынымен де, алдында отырған әр шәкірттің жүрегіне жол тауып, білім, білік дағдыларын дарытып қана қоймай, өмір жолында бағыт-бағдар беретін де біз, ұстаздар. Тәрбиенің түп қазығы ұлттық мәдениет екенін білдік. Осы орайда, «Мінез», «Қайратты өркендету жолдары», «Баланың жалпы жаратылысы», «Жан тәрбиесі», «Психология», «Жан көріністерін үйрену жолдары» атты маңызды бөлімдерден тұратын осынау құнды еңбекті зерделеп, тәрбие саласына қоссақ, көп кедергінің алдын аламыз дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жұмабаев. // Педагогика. – (электронды кітап)
2. Ж.Аймауытов. // Тәрбиеге жетекші.
3. Біртұтас тәрбие бағдарламасы.
4. Керімбай С. // Әлдиден эпосқа дейін. - Алматы-2020.
5. Г.Г.Акмамбетов, О.И.Ходоковская, И.И.Байзаков, Н.Н.Полетаева, З.Н.Токтаров «Некоторые особенности нравственного и эстетического воспитания молодежи». «Мектеп».1978
6. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» Жолдауы // Zakon.kz.

БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ, БАҒЫТТАРЫ МЕН НЫСАНДАРЫ



К.А.Таскарина
БҚО, Орал қаласының білім беру бөлімінің
«Оқушылар сарайы»МККҚ
пәндік-техникалық бөлім меңгерушісі,
педагог модератор

Аңдатпа:

Мақалада қосымша білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмыстың маңызы, мақсаттары, міндеттері, бағыттары мен нысандары және ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы бағыттар қарастырылады. Әдістемелік жұмыс педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесін жетілдіру және білім беру сапасын арттыруға бағытталған жүйелі қызмет ретінде талданады. Мақалада әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттері мен бағыттары, сондай-ақ оның тиімді жүзеге асырылуының оқушылардың жан-жақты дамуына, шығармашылық қабілеттерінің ашылуына және ұлттық құндылықтарды меңгеруіне әсері туралы баяндалады.

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінің сапасы мен тиімділігі басты назарда тұр. Мектептен тыс уақытта балалардың қабілеттерін дамытуға бағытталған қосымша білім беру ұйымдарының рөлі ерекше. Бұл ұйымдарда жүргізілетін әдістемелік жұмыс педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға және оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бағытталған. Әдістемелік жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне тоқтала кетсек: Әдістемелік жұмыс – білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеу процесін жетілдіруге бағытталған жүйелі қызмет. Оның негізгі мақсаты – білім беру сапасын жақсарту, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. Әдістемелік жұмыстың басты міндеттері:

1. Педагогтердің кәсіби даму-

ын қамтамасыз ету: Семинарлар, шеберлік сыныптары, тренингтер ұйымдастыру, біліктілікті арттыру курстарына қатысу арқылы педагогтердің білім деңгейін көтеру.

2. Оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламаларды әзірлеу: Қосымша білім беру бағдарламаларын заманауи талаптарға сай етіп жасау, оқу-әдістемелік материалдарды жаңарту.

3. Оқыту процесін жаңарту және жетілдіру: Оқыту әдістерінің тиімділігін талдау, жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, инновациялық әдістерді қолдану.

4. Педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату: Үздік педагогикалық тәжірибелерді зерттеу, оларды іс жүзінде пайдалану, тәжірибе алмасу.

5. Білім беру сапасын бақылау және бағалау: Оқушылардың

жетістіктерін қадағалау, кері байланыс арқылы оқыту әдістерін жетілдіру. Әдістемелік жұмыс бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі:

• Ғылыми-әдістемелік бағыт: Педагогикалық зерттеулер жүргізу, жаңа әдістерді сынақтан өткізу және оқу үдерісіне енгізу.

• Ұйымдастырушылық бағыт: Семинарлар, конференциялар, әдістемелік кеңестер өткізу арқылы педагогикалық жұмыстың кәсіби дамуын қамтамасыз ету.

• Диагностикалық бағыт: Педагогикалық диагностика жүргізу, оқушылардың қабілеттерін бағалау және олардың даму траекториясын анықтау.

• Ақпараттық-әдістемелік қолдау: Педагогтерге қажетті оқу-әдістемелік материалдар ұсыну, кәсіби журналдар мен ғылыми басылымдарды пайдалану.

• Инновациялық бағыт: Цифрлық технологияларды қолдану, қашықтан оқыту әдістерін енгізу, STEM білім беру әдістерін дамыту. Әдістемелік жұмыстың негізгі нысандарына:

1. Педагогикалық кеңес: Ұжымдық талқылаулар өткізу, оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау.

2. Әдістемелік кеңестер: Педагогикалық жұмыстың оқыту мен тәрбие сапасын арттыруға бағытталған жүйелі кездесулері.

3. Әдістемелік бірлестіктер: Педагогтердің белгілі бір тақырып бойынша зерттеу жүргізуі және өз тәжірибелерін ортаға салуы.

4. Семинарлар мен тренингтер: Жаңа білім беру технологияларын меңгеруге бағытталған іс-шаралар.

5. Ашық сабақтар мен шығармашылық кездесулер: Педагогикалық шеберлікті көрсетуге және тәжірибемен бөлісуге арналған іс-шаралар.

6. Шеберлік сыныптары: Педагогтердің

өзара тәжірибе алмасуына және жаңа әдістерді үйренуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қосымша білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмыс ұлттық құндылықтарды насихаттауда маңызды рөл атқарады. Бұл ұйымдар балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытумен қатар, оларды өз елінің мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелейді. Осы мақсатта әдістемелік жұмысты ұлттық құндылықтармен байыту үшін келесі міндеттер мен бағыттарды қарастыруға болады:

1. Ұлттық мәдениетті насихаттау: Оқушыларды қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және ұлттық өнерімен таныстыру арқылы олардың мәдениетке деген қызығушылығын арттыру.

2. Мемлекеттік тілді меңгеру: Қазақ тілін тереңдетіп оқыту арқылы оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту және мемлекеттік тілге деген құрметін қалыптастыру.

3. Отансүйгіштікке тәрбиелеу: Қазақстанның тарихы мен жетістіктерін оқыту арқылы оқушылардың елге деген сүйіспеншілігін нығайту. Және оларды бағыттар мен нысандарға бөле аламыз:

1. Ұлттық өнер үйірмелері: Домбыра, қолөнер, айтыс сияқты ұлттық өнер түрлерін үйрететін секциялар ұйымдастыру.

2. Тарихи-мәдени экскурсиялар: Оқушыларды тарихи орындарға апарып, елдің мәдени мұрасымен таныстыру.

3. Тілдік клубтар: Қазақ тілінде пікірталастар, шығармашылық кездесулер өткізу арқылы тілдік ортаны қалыптастыру.

4. Мерекелік шаралар: Наурыз, Тәуелсіздік күні сияқты ұлттық мерекелерді атап өту арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарға жақындату.

Әдістемелік жұмысты ұлттық құндылықтармен үйлестіру арқылы қосымша білім беру ұйымдары оқушылардың жан-жақты дамуына және ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына ықпал етеді. Қосымша білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмысты ұлттық құндылықтармен байыту мақсатында келесі ұсыныстарды қарастыруға болады:

1. Ұлттық спорт түрлерін үйрету: Қазақша күрес, тоғызқұмалақ, асық ату сияқты дәстүрлі спорт түрлерін үйрету арқылы оқушылардың дене тәрбиесімен қатар, ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттыруға болады.

2. Ұлттық тағамдарды дайындау үйірмелері: Оқушыларға қазақтың дәстүрлі тағамдарын дайындауды үйрету арқылы оларды ұлттық аспаздық мәдениетпен таныстырып, тұрмыстық дағдыларын дамытуға мүмкіндік туады.

3. Этнографиялық экспедициялар: Оқушыларды ауылдық жерлерге, тарихи маңызы бар орындарға апарып, сол жерлердің тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен таныстыру арқылы олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға болады.

4. Ұлттық ойындар фестивальдері: Мектепшілік немесе аймақтық деңгейде ұлттық ойындардан жарыстар, фестивальдер ұйымдастыру арқылы оқушылардың қызығушылығын оятып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге болады.

5. Ұлттық қолөнер көрмелері: Оқушылардың қолөнер бұйымдарынан көрмелер ұйымдастырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін арттыруға болады.

Мақаланы қорытындылай келе, қосымша білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмыс – бұл педагогтердің

кәсіби дамуын қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесін жетілдіру және білім беру сапасын арттыруға бағытталған маңызды қызмет. Оның тиімді жүзеге асырылуы оқушылардың жан-жақты дамуына, шығармашылық қабілеттерінің ашылуына және ұлттық құндылықтарды меңгеруіне ықпал етеді. Сондықтан әдістемелік жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыру және дамыту – білім беру ұйымдарының басты міндеті болуы тиіс.

«ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЗЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС- ӘРЕКЕТІН ДАМУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ»



Ж.Б.Ислямғалиева
БҚО, Тасқала ауданы
Амангелді «мектеп- бөбекжай- балабақша» кешені»
тарих пәні мұғалімі, әлеуметтік педагог
педагог-зерттеуші

Ерекше білімді қажет ететін балаларға қатысты мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі, оларды қоғамдық өмірге дайындау, әлеуметтік бейімдеу, жан-жақты дамуларына көмек көрсету, әлеуметтік өмір шеңберде тең құқылы тіршілік ете алуларына жағдай жасау.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың құрдастарынан жас ерекшеліктеріне қарағанда, олардың ойлары тұрақсыз болып келеді. Олардың ми қабілеті де тәулік бойына өзгереді. Кейбір балаларда іс-әрекеттің басында зейіндері жоғары болады да, ал кейін төмендей бастайды. Ұзақ мерзімді есте сақтауы мен қысқа мерзімді еске сақтауының төмендеуі, есте сақтауының беріктілігінің жетіспеуі – осы категориялардағы балаларға тән ерекшеліктер.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық іс әрекетін дамытудағы жұмыс мақсаты:

- Ерекше білімді қажет ететін балаларға ерте коррекциялық көмек көрсету жүйесін ұйымдастыру;
- Балалардың дүниетанымын кеңейту, қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Әдіс-тәсілдерді дұрыс пайдалана білу;

Балалардың танымдық белсенділіктері жеткіліксіз болып келеді. Ол баланың тез шаршауымен, тежелуімен сипатталады. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар есептің шартын, оқулықтағы сөздерді және сөйлемдерді есінде сақтамайды. Олар зейіндерін тапсырмаға шоғырландыра алмайды, кей кездері мектептің тәртібіне бағынбайды. Мұндай балалар көңіл бөлгенді қажет етеді.

Бұндай қиындықтардың алын-алу мақсатында ойын элементтер әдістерінің маңызы зор. Ойын- баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыратын негізгі құрал болып табылады.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың білімге деген ынтасын, мүмкіншіліктерін толық пайдаланып, алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін әртүрлі танымдық ойын түрлерін пайдалану баланың ой-өрісін, дүниетанымын, зейінін, есте сақтау, қабылдау, қиялдауын дамытумен бірге танымдық қабілеттерін дамытуға да көмектеседі.

Әр түрлі жаңа технологияларды өз тәжірибемізде қолданып жүреміз. Менің

тоқталғым келетіні- әжелеріміз кішкентай кезімізде үйрететін ұлттық ойындар.

Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

- олар ойланады;
- эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілетімен дарыны ұшталады;
- ұжымдық сезімі қалыптасады;
- ерікқасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Яғни, қазіргі заман ағымына қарай белсене қатысады. Халық ойындары балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор.


Бір-ақ мысал ретінде: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ моторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз. Ойын балаларының қызметіндегі психикалық процесті (сезіну, қабылдау, ойлау, елестету, ес, ықыласын, тілін) белсендіреді.

«Қуыр-қуыр, қуырмаш», «Санамак», «Ұшты-ұшты», «Асық ату» т.б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейтуге, ептілік қабілетін жетілдіруге өз әсерін тигізеді.

Ойын түрлері: «Асық ату» - Қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі.

Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Мұндай қасиеті болмаса, адамда төзімділік, шыдамдылық та болмайды. Ондай қасиеттері болмаса, адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатынан шыға бермейді. Бұл ойынның еңбектеген

баладан, еңкейген кәріге дейін ойнайтын түрлері болған.



«Ұшты-ұшты» — ұлттық ойын. Ойын бастаушы бала қатысушыларды жаңылыстыру үшін тез-тез ұшатын, ұшпайтын заттарды араластырып айтады. Шарт бойынша ойнаушылар ұшатын заттарға ғана қолын көтеруге тиісті. Олар ұшпайтын затқа қолын көтеріп қалса, айыбына өз өнерін көрсетеді (немесе сабақтың ерекшелігіне байланысты сұрақтарға жауап береді). Ойын бастаушы негізінен адамдарды былайша жаңылыстырады: — Ұшты, ұшты – қарға ұшты! (ұшады) — Ұшты, ұшты – балға ұшты! (ұшпайды)

Ұшты, ұшты, ұшты — үкі ұшты! (ұшады)

Ұшты, ұшты, ұшты — түлкі ұшты! (ұшпайды)

Ұшты, ұшты, ұшты — бүркіт ұшты! (ұшады)

Ұшты, ұшты, ұшты — үйрек ұшты! (ұшады)

Ұшты, ұшты, ұшты — бүйрек ұшты! (ұшпайды)

Біріншіден, балаларға қызық, екіншіден, есте сақтау, мұқият болу қабілеттерін дамытады, өнерлі болуға баулиды

Осы тәртіппен ойын жүргізіле береді. Ойын қатынасшылардың сезімталдығын шыңдап, тез жедел ойлай біліп, нақты әрекет жасауға, іштей жинақы болуға қалыптастырады.

«Санамак» ойыны арқылы саусақтың аттарын үйрете отырып балалардың тілі дамиды. Балалар, бірінші саусағым - бас бармақ, ал екіншісі – балан үйрек, ал мына үшінші ұзын саусағым – ортан

терек, төртіншісі – шылдыр шүмек, ал мына кішкентай ғана соңғы саусағым – кішкентай бөбек, - дейді.

Бас бармағым – бірінші,
Балан үйрек – екінші,
Ортан терек – үшінші,
Шылдыр шүмек – төртінші,
Кішкентай бөбек – бесінші.



Осылайша балалар бірнеше рет қайталайды, есте сақтайды.

Сонымен қатар, саусақтарының қимылы жетілдіріледі.

Саусақ ойыны-бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойыны саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақтардың қозғалыс-қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады.

Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған. «Қуыр-қуыр, қуырмашты» айта отырып, қой, түйе, қасқыр, жылқы, ешкі, түлкі деген сөздерді балалардың сөздік қорына енгізу.

Қуыр-қуыр қуырмаш!
Балапанға бидай шаш!
Тауықтарға тары шаш!
Әжең келсе есік аш,
Қасқыр келсе мықтап бас.
Мына жерде қой бар,
Мына жерде ешкі бар.
Мына жерде сиыр бар,

Мына жерде жылқы бар,
Мына жерде түлкі бар,
Мына жерде күлкі бар.
Қытық! Қытық! - деп баланы қытықтайды.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға танымдық іс-әрекетінің ойын арқылы дамытудың артықшылықтары:

1. Қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға бейімдеуде мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелей отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарының негізі қаланады;

2. Психологиялық-педагогикалық танымдық ойын-тапсырмалар арқылы баланың қызығушылықтары артады;

3. Өз ойы мен сезімін еркін білдіруге, шешуі қиын шиеленісті жағдайдың дұрыс жолын табуға әдеттенеді;

4. Танымдық іс-әрекет процестері дамиды;

5. Баланың жан-жақты білім мен тәрбиені қатар меңгеруге жағдай жасалады;

6. Баланың ішкі жан дүниесін анықтауға себепші болады;

7. Мектепте оқуға психологиялық қызығушылығы артады;

8. Баланың сана-сезімі дамуына себепші болады.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық ойындары - баланың зерек те ақылды, шымыр да ширақ боп өсуінің басты құралы. Оны оқыту процесінде қолдану - тиімді әдіс. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

БІРНЕШЕ КҮРДЕЛІ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ
ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫ ТҮЗЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ



Ж.Г.Ермеккалиева
БҚО, Қаратөбе ауданы
Шөптікөл «мектеп – бөбекжай- балабақша» кешені КММ
педагог-психолог, педагог- зерттеуші

Аңдатпа

Мақалада инклюзивті білім берудің мән-мағынасы, мазмұны, ұстанымдары ашылады. Бірнеше күрделі бұзылыстары бар психикалық дамуы тежелген балаларды түзетудің жолдары оқушыларды оқыту, дамыту мен қалыптастыру жолдары қарастырылады.

Қазіргі уақытта ортамызда болып жатқан әлеуметтік жанұя мәселелері, экологиялық- экономикалық дағдарыстар жүйке жүйелері бұзылған, психикалық аурулары бар әр түрлі жастағы балалардың көбеюіне әкеліп соқтырды. Олар аутизм, психикалық дамуының тежелуі, инфантилизм, жүйке жүйесінің бұзылуы, энурез сияқты түрлі аурулармен ауырады. Балалардың психикалық дамуының тежелуі туралы айтатын болсақ, оның білімді меңгеру дағдысы толықтай сақталып, деңгейлері өз құрдастарынан 2-4 жылға қалыс қалған баланың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себептері әртүрлі болуы мүмкін. Олар басынан өткерген аурулар, негізгі әлеуметтік жағдайы, нашар көруі, құлақ ауруы тағы да басқа себептерден болуы мүмкін. Психиатр, невропатологтың зерттеулері бойынша психикалық дамуының тежелуі балада тұмау малярия, сары ауру, іштегі улану сияқты аурулардан кейін пайда болады. Психикалық дамуының тежелуінің негізгі бұзылыстары интеллект-

туаллы деңгейі көбіне таным процестері: зейіні, логикалық есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Бұл балалар өзінің құрдастарынан кеш жүріп, кеш сөйлейді. Олардың салмағы аз, бойы кіші, көп сөйлемейтін, әлжуаз, тез шаршап, көп ауырады. Психикалық дамуының тежелуі бар балалардың оқу үлгерім ерекшеліктеріне келетін болсақ, бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 1-сыныптан бастап көріне бастайды. Бірақ анық белгілері 2-3 сыныптарда белгілі болады. Оқу процесінде олардың оқу дағдыларындағы кездесетін кемшіліктері:

- сабақ процесіне жай қосылады;
- оқу материалын жай немесе тіптен қабылдамайды;
- берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындай алмайды;
- оқу мен жазуы баяу;
- оқыған мәтінді түсінбейді және түсінгенін айтып бере алмайды;
- есептер шығарған кезде үлкен қателер жібереді;
- тез шаршағыш;

- сыныптастарымен аз араласады;
- өз ойын анық айта алмайды.

Мақсаты: ПДТ балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Мүмкіндігі шектеулі балалардың түрлі сырқаттардың салдарынан дамымаған немесе бұзылған функцияларының себептерін, белгілерін, құрылымын механизмдерін зерттей отырып, анықталған кемістіктерді түзету, жетілдіру, толтыру жолдарын, әдістерін, амалдарын іздену және орнын тәжірибеге енгізу. Сөздік қорын молайту, көрнекі сюжетті суреттер мен ертегілер арқылы әңгімелеуге дағдыландыру. Зейін тұрақтылығына арналған жаттығулар арқылы зейінін шоғырландыру. Сенсорлы этолондарымен математикалық ұғымдарын қалыптастыру. Өлшем бірліктері мен бағыт – бағдарлауға үйрету. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Тәжірибелік бақылаудағы баланың жасын. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Тәжірибелік бақылаудағы баланың жасына-3те. Аңғарымы: Балалар сал ауруы, спастикалық диплегия. Энцефалопатия, церебралды органикалық психикалық дамудың тежелуі. Сөйлеу тілі дамымауының 3-деңгейі.



Баланың заттық ойын әрекетінің дамуы		
Тексеріс барысында қолданылған көрнекілік	Мақсаты	Баланың тапсырманы орындауы
Машина, екі сақиналы пирамида, қарындаштар, пошта жәшігі, тұрмыстық заттар (кесе, қасық, сүлгі) Жұмсақ ойыншықтар (Қоян, күшік) дәрігер Айболит	Заттық ойын әрекетінің дамуын, ережеге сай ойын ойнау дағдысын және заттық іс-әрекеттерін анықтау	Тұрмыстық заттарды құрал ретінде пайдалана алмайды. Ойын әрекеттерін қайталай алмайды. Заттарды еркін әрекет барысында қолымен шамалы ғана қозғалтады, қарындашты ұстай алмайды. Сюжеттік және рөлдік ойынға кіріге алмайды, күле береді.
Танымдық әрекетінің дамуы		
1. Сенсорлық дамуы (көру арқылы қабылдауы мен зейіні)		
Төртбұрыш, үшбұрыш, домалақ, куб геометриялық пішіндер. Қызыл, сары, көк түсті доптар, шарлар. Ата-анасының суреті.	Пішіндер мен түстерді ажыратуын анықтау. Көріп қабылдауымен зейінін анықтау. Баланың қоршаған адамдар туралы түсінігін анықтау.	Заттарды көлемі бойынша және түстерді ажырата алмайды. Өзінің атын атағанда қарамайды, ересек адам өзіне қарап сөйлегенде көз арқылы қатынасқа түспейді, өзінің дене мүшелерінен басы мен қолын көрсетеді. Суреттегі ата-анасын таниды.

Сөйлеу тілін түсінуін және қарым-қатынас дағдыларын дамыту		
Ойыншықтар (куыршақ, машина, қоян). Сюжетті суреттер. (сүт, тоқаш, кәмпит)	Сөйлеу тілін түсінуін анықтау Сюжетті суреттер арқылы көріп қабылдауын анықтау	Куыршақты бер, ал, машина қайда? қоянды көрсет? де сөздерге жауап бермейді Сурет арқылы тамақ түрлер. көрсеткенде бала ым- ишара арқылы(ням-ням) деген дыбыстар шығарды.

Баланы зерттеуден кейінгі тұжырымдама:

Баланың зейіні шоғырланбаған бір заттан екінші затқа қарай алмасып отырады. Қоршаған орта, өзі, жанұясы туралы түсінігі қалыптаспаған, сюжетті суреттерді көрсеткенде бұрылып немесе зейін қойып қарамайды, сенсорлы этолондары мен математикалық ұғымдары қалыптаспаған. Сөздік қоры аз, түсініксіз тез сөйлейді, байланыстырып сөйлей алмайды, отбасы мүшелерін суреттер арқылы көрсеткенде бала бетіне қарап күледі, есту, еліктеу әрекеттері қалыптасқан, ойыншықтарды көрсеткенде бала қолын созды, сылдырмақты сылдырлатқанда басын көтеріп қарады, қол қимылдары әлсіз, заттық әрекеттері толық қалыптаспаған, ойыншықтарды қолына дұрыс ұстай алмайды, қолын қысуды, көтеруді алға немесе артқа созуды білмейді. . Бала оздігінен жүре алмайды, анасының көмегімен ғана арқылы қозғалады, отыра алмайды .

Баланың даму ерекшелігіне қарай жеке дамыту бағдарламасы құрылды:



Мақсаты	Міндеті
Танымдық әрекетінің алғышарттарын дамыту	
Сенсорлық дамуы	
Көріп қабылдауы мен зейінін дамыту.	Үлкендермен көз қатынасын орнатуға ынталандыру: көз бен ауызға қарауға үйрету. Қайда? деген сұраққа жауап беруді үйрету: өзін табу, өзіне таныс адамдарды суреттер арқылы табуға үйрету. Таныс заттар мен ойыншықтарын бейтаныс заттар арасынан ажыратуды үйрету! (Доп қайда?).
Естіп қабылдауы мен зейінін дамыту.	Дыбыс пен дауысқа реакциясын шақыру.
Есту зейінін дамыту.	Үлкендердің дауысын, ойыншықтың сынғырын және музыкалық аспап сылдырын тыңдауды үйрету.

Айналамен таныстыру	
Баланың қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру.	Өзінің атын атағанда қарауға үйрету. Баланың өзінің дене мүшелері туралы түсінігін қалыптастыру.
Қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру.	Қоршаған орта заттарымен таныстыру: ойыншықтар, тұрмыстық заттар (киім, аяқ киім, ыдыс-аяқ, жиһаз және т.б.).
Сөйлеу тілі және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	
Сөйлеу тілін түсінуін дамыту Қарым-қатынас дағдылары мен белсенді сөйлеуін дамыту.	«Мысық, қоян қайда?» деген сұраққа көзінің алдындағы ойыншықты көзімен табу және көрсетуді үйрету. Тұрмыстық және ойын әрекетін білдіретін сөздердің (бер, ал, шеш, жап) мағынасын түсінуге үйрету. Тапсырмаларды түсініп орындауға үйрету: «табақты бер», «куыршақты алып бер» Баланың айтқан дыбыстарын «қосылып» айту. Сөздерді айтуға талпындыру -баланың жақындарын атау: мама, папа, апа; -өтініштер: бер, ал; - жануарлардың даусына еліктеу; мяу, бу, пи-пи, аф-аф; - музыкалық ойыншықтар дыбысына еліктеу; бам-бам, тың- тын;
Жалпы қол қимылдарын, ұсақ моторикасын дамыту	
Күш салатын әрекеттерді дамыту. Жалпы қол қимылдарын, ұсақ моторикасын дамыту.	«Сау бол» деп қол бұлғауға, қарындашты ұстауға, сызуға талпындыру. Заттар мен күш салатын әрекет жасауға үйрету; сырғыту, итеру, қысу, басу, тарту, шымшып алу. Заттарды сұқ саусағымен көрсетуге талпындыру; Кәмпіттің қабығын аршуды үйрету.

Жеке дамыту бағдарламасы бойынша жұмыстардың нәтижелері

1-кезең. Көріп, естіп қабылдауы мен зейінін дамыту. Үлкендермен көз қатынасын орнатуда бала тура қарауды, сөйлегенде ауызға қарауды, суреттер бойынша өзіне таныс адамдарды атауды үйренді. Қайда деген сұрақтарға жауап беруді түсіне бастады. Мысалы: доп қайда, машина қайда т.б. Таныс заттар мен бейтаныс заттардың арасынан ойыншықтарын табуға дағдыланды. Дыбыс пен дауысқа мән беріп қарауды және тыңдауды, сылдырмақтың сыңғырын ажыратуды, музыкалық дыбыстардың дыбы-

старын зейін қойып тыңдауды үйрене бастады.

Баланың қоршаған орта туралы түсінігін 1. қалыптастыру. Өз атын атағанда бұрылып қарауды, өз дене мүшелерінің аттарын атағанда түсініп, көрсетуді үйренді. Ойыншықтардан машина, доп, екі сақиналы пирамиданы өздігінен шашып жинауға дағдыланып келеді.

Сөйлеу тілін түсінуін, қарым-қатынас дағдыларын, белсенді сөйлеуін дамыту. Қайда сұрағына жауап беруді үйренді. Ойыншықтардың аттарын атағанда қарауды, өзіне таныс ойыншықтарды көргенде дыбыс шығарып көрсетуді үйренді. Мысалы (допты-доп, мәшинені-бип-бип). Тұрмыста жиі қолданатын заттардан киімді ки, түйменді түймеле, қасықты қой деген сұрақтарды түсінуді, қолдануды үйренді. Ойын әрекетін білдіретін сөздерден қорапты аш, ал, жап мағынасын түсініп тапсырманы орындауды үйренді.

Жалпы қол қимылдарын, күш салатын әрекеттерді дамыту. Қолын бұлғап сау бол деп айтылған сөзді, қимылмен көрсетуді үйренді. Допты домалатуды, машинаны итеруді, жұмсақ заттарды қысуды, басуды, кәмпиттің қағазын ашуды өз бетінше орындауды үйренді.

Қазіргі уақытта мен инклюзивті оқушылармен жұмыс жасаймын. Сол сыныппен жұмыс жасау барысында инклюзивті білім беру керек екендігін түсіндім. Әр оқушының білім алуға өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін естен шығармау керек. Жалпы білім беретін мектептердегі ерекше білімді қажет ететін балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық – түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады.

Шөптікөл «мектеп –бөбекжай-балабақша кешені КММ-де ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмысы.

Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие

сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім - барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.

Әдебиеттер:

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды ерте жастан дамыту. Жалмұхамедова А.Қ, Халықова Б.С.


2. Арнайы білім беру бағдарламасы. Айдарбекова А.А, Елисева И.Г, Өмірбекова Қ.Қ, Бекмұхамбетова К.М.

3. Зерде дамуы орташа және терең бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту және сауаттылыққа үйрету. Баряева Л.Б, Логинова Е.Т, Лопатина Л.В, Сүлейменова Есен-жолова Г.Ж.

4. Ақыл-ой дамуы ауыр және терең бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық тексеру және жеке дамыту бағдарламасы. Сүлейменова Р.А.

Г.А. Ильмұратова.

ОҚУШЫ МЕН ҰСТАЗ МӘДЕНИЕТІ



Ж.Ә.Альпенова
БҚО әкімдігі Орал қаласының
білім беру бөлімінің «Оқушылар сарайы» МККҚ
педагог-модератор

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушы мен ұстаз арасындағы мәдени қарым-қатынастың маңыздылығы қарастырылады. Ұстаз – шәкірттің рухани жетекшісі, ал оқушы – сол тәлім мен тәрбиені бойына сіңіретін тұлға. Екеуінің өзара сыйластығы, жауапкершілігі мен әдептілігі мектеп мәдениетінің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Мақала барысында қазіргі заман талабына сай ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынастың жаңа қырлары, еркіндік пен құрмет шекарасы жайлы да ой қозғалады. Бұл тақырып – білім берудің сапасын арттырумен қатар, адамгершілік құндылықтарды насихаттауға бағытталған маңызды мәселе.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы.»

Әл-Фараби

Мектеп – білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы. Осы қасиетті ордада екі маңызды тұлға бар: ұстаз және оқушы. Олардың арасындағы қарым-қатынас мәдениеті – мектеп өмірінің айнасы, қоғамның келешегін айқындайтын басты көрсеткіш.

Ұстаз – тек білім беруші ғана емес, ол – тәлімгер, бағыт беруші, жан дүниеге сәуле түсіретін тұлға. Нағыз ұстаздың мәдениеті оның сөйлеуінен, жүріс-тұрысынан, оқушыға деген көзқарасынан анық байқалады. Ұстаз өз ісіне жауапкершілікпен қарап, әр баланың жүрегіне жол табуға тырысуы керек. Оның бір ауыз жылы сөзі де оқушыға үлкен әсер етуі мүмкін.

Ал оқушы мәдениеті – тәрбиеліктен,

құрметтен басталады. Ұстазын тыңдай білу, амандасу, тапсырманы уақытылы орындау – қарапайым нәрселер болғанымен, бұл оқушының ішкі мәдениетінің көрінісі. Мәдениетті оқушы – тек жақсы оқитын емес, өз ортасына сыйлы, тәртіпті, ізетті бала.

Ұстаз мәдениеті үлгі болу. Ұстаз – оқушының айнасы. Мұғалімнің сөйлеу мәнері, киім киісі, тәртібі – бәрі оқушы санасына сіңеді.

Сабыр мен әділдік: Әр оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдап, олардың ерекшеліктерін ескеру – ұстаз мәдениетінің көрінісі.

Қарым-қатынас тілі: Баламен жұмсақ сөйлесу, түсіндіру арқылы тәрбиелеу — ұстаздың рухани биіктігін көрсетеді.

Оқушы мәдениеті құрмет пен тәртіп. Ұстазға сәлем беру, сабаққа кешікпеу, сөз тыңдай білу – оқушы мәдениетінің негізі.

Жауапкершілік: Үй тапсырмасын уақытында орындау, мектеп мүлкіне ұқыпты қарау.

Өзара сыйластық: Тек мұғаліммен емес, сыныптастармен де сыпайы болу – мәдениетті оқушының белгісі.

Қазіргі заманда ұстаз бен оқушы арасындағы қатынас біршама өзгеріп келеді. Ашық пікір алмасу, еркін ой айту, мұғаліммен еркін сөйлесу сияқты өзгерістер орын алуда. Бұл – даму белгісі. Дегенмен, еркіндік пен шектен шығу арасы алшақ емес. Сондықтан екі жақ та өзара құрмет пен жауапкершілікті ұмытпауы керек.

Тәжірибелік мысал ретінде, бір мектепте ұстаз оқушылармен сабақтан тыс уақытта да байланыс орнату үшін аптасына бір рет «ашық пікір алаңын» ұйымдастырған. Бұл алаңда оқушылар өз ойларын еркін айтып, мұғалім де оларды тыңдап, кеңес береді. Нәтижесінде оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, тәртібі жақсарған. Мұндай тәжірибе – оқушы мен ұстаз арасындағы сенім мен мәдениеттің дамуына үлкен септігін тигізеді.

Қазіргі қоғамда ұстаз тек пән мұғалімі ғана емес, сондай-ақ медиатор, кеңесші, мотивация беруші, тіпті кей жағдайда психолог ролін де атқарады. Бұл – білім беру жүйесінің адамға бағытталуының белгісі. Ал оқушы тек тыңдаушы ғана емес, білімді іздейтін, сұрақ қоятын, ақпаратты саралай алатын белсенді субъектке айналуға. Мұндай өзгерістер ұстаз бен оқушы арасындағы өзара қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтереді.

Оқушы мәдениеті – табиғи түрде қалыптаспайды, ол жүйелі тәрбиемен дамиды. Мектеп қабырғасындағы тәрбие

сағаттары, топтық жобалар, сыныпшілік және мектепшілік іс-шаралар оқушы бойына мәдениетті мінез қалыптастыруға ықпал етеді. Мысалы, сыныппен бірге театрға бару, кітап оқу апталығы, ұлттық құндылықтарға арналған ашық сабақтар – баланың ішкі дүниесін байытып, ұстазымен етене жақындасуға сеп болады.

Технология дамығанымен, адамгершілік пен сыйластық өз маңызын жойған жоқ. Керісінше, қазіргі оқушы ұстазды “дос” деп көргісі келеді. Бұл өзара сенімге құрылуы тиіс, бірақ шекараны сақтау да маңызды.

Әлеуметтік желідегі ұстаз бен оқушының байланысы да мәдениетті қажет етеді.

Ұстаз бен оқушы арасындағы мәдени қарым-қатынас – сапалы білім мен тәрбие кепілі. Егер бұл байланыс өзара құрметке, түсіністікке, жауапкершілікке құрылса, болашақта білімді де тәрбиелі ұрпақ қалыптасады. Ал тәрбиелі ұрпақ — ел болашағы.

Қазақта ұстазды «ұстазым» деп сыйлау, ақылын тыңдау – ежелгі дәстүр. Ата-бабаларымыздың өзі: «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деп бекер айтпаған.

Олай болса, «Құрметті ұстаздар! Сіздердің сабырларыңыз бен мейірімдеріңіз — біздің болашағымызды қалыптастырады. Құрметті оқушылар! Ұстазға құрмет көрсету — өз болашағыңа құрмет көрсету екенін ұмытпаңдар.»

Қорытындылай келе, ұстаз бен оқушы арасындағы мәдениет – бұл тек мектеп ішіндегі тәртіп емес, бұл – болашақ қоғамның іргетасы. Егер бұл байланыс мейірім мен сыйластыққа құрылса, ол ұрпақ жүрегінде із қалдырады. Ал жүрекке жеткен тәрбие – мәңгілік тәрбие.

ӘЖЕ ТӘРБИЕСІ-ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ



А.А.Дауленова
БҚО, Орал қаласының білім беру бөлімінің
«Оқушылар сарайы» МКҚК
Педагог-модератор

Аңдатпа

Бұл мақалада ұйымдастырылған «Әжем және мен» атты сайыс арқылы әже тәрбиесінің бала дамуына, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне қосар үлесі қарастырылады. Отбасындағы әженің рөлі, ұрпақтар сабақтастығын нығайтудағы орны мен тәрбиелік мәні талданады. Шара барысында бала мен әже арасындағы рухани байланыс, шығармашылық серіктестік ерекше маңызға ие болғаны баяндалады. Сонымен қатар мақалада ұлттық сана, салт-дәстүр мен отбасылық тәрбиенің өзара байланысы педагогикалық тұрғыдан сараланады.

Қазақ халқы үшін отбасы – киелі ұғым. Ал сол отбасының берекесі мен рухани тірегі – әже. Әже – немере үшін мейірімділік пен даналықтың, ұлттық болмыстың айнасы. Ол өзінің өмірлік тәжірибесі, өнегелі сөзі, шежіре-әңгімелері арқылы бала бойына ұлттың рухани құндылықтарын сіңіреді. Әже тәрбиесі – ұлт тәрбиесінің бастауы екені осыдан көрінеді.

Қазақ дәстүрінде әже – тәрбие мектебінің негізін қалаушы. Ол балаға бесік жырын айтып, тұсауын кесіп, алғашқы ұлттық әңгіме мен ертегіні айтып береді. Әже – ұрпақтар сабақтастығын жалғастырушы тұлға. Оның мейірімімен қатар талапшылдығы да немере бойындағы мінездің қалыптасуына ықпал етеді. Зерттеулер көрсеткендей, әжемен көп уақыт өткізген балалардың тілдік қоры бай, ұлттық мәдениетке бейім әрі отбасылық құндылықтарға берік болады.

Ұйымдастырылған «Әжем және мен»

сайысы да осы идеяны нақты іске асыруға бағытталды. Сайысқа қатысқан әрбір бала өз әжесімен бірге сахна төрінде өнер көрсетіп, ұлттық тағам әзірлеп, салт-дәстүрімізді насихаттай отырып, ұмыт бола бастаған құндылықтарды жаңғыртты.

Бұл іс-шараны ұйымдастырудағы негізгі мақсат:

- Балалар мен әжелер арасындағы рухани байланысты нығайту;
- Ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау;
- Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;
- Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты арттыру.

Сайыс бірнеше кезеңнен тұрды:

1. «Сәлем – сөздің анасы» – қатысушылар өзін таныстырып, отбасы туралы айтты.
2. «Шебер қолдар» – қолөнер бұйымдарын көрсету.
3. «Ұлттық тағам» – ұлттық ас дайын-

дау немесе таныстыру.

4. «Салт-дәстүр – асыл қазына» – көрініс қою.

5. «Өнерлі өрге жүзер» – ән, би, тақпақ, көркем сөз.

Бұл кезеңдер әже мен немеренің шығармашылық серіктестігін, өзара қарым-қатынасын нығайтып қана қоймай, ұлттық болмыс пен отбасылық тәлім-тәрбиенің өзектілігін көрсетті.

Сайысқа қатысқан балалар өз әжелерімен бірлесіп әрекет ету арқылы өмірлік тәжірибе жинады. Әжелер де өз немерелеріне үлгі болып, отбасындағы тәрбиенің маңызды буыны екендерін көрсетті. Балалар ұлттық киім киіп, мақал-мәтел айтып, дәстүрлі ойындар ойнау арқылы қазақ халқының мәдениетіне жақындай түсті. Әжелер де өз немерелеріне үлгі болып, отбасындағы тәрбиенің маңызды буыны екендерін дәлелдеді. Бұл жобаның ерекшелігі – тек мерекелік көңіл-күй ғана емес, ұлттық тәрбиенің табиғи жолмен берілуінде.

Осындай іс-шаралар арқылы балалардың бойында ұлттық сана, ата-әжеге, отбасыға деген сүйіспеншілік, адамгершілік, ұлтжандылық қасиеттер қалыптасады. Бұл – ұлттық болмысты сақтау мен келешек ұрпақты тәрбиелеудегі тиімді әдістің бірі.

Қорытынды

«Әжем және мен» сайысы – шығармашылық пен тәрбиені, салт-дәстүр мен мейірімділікті ұштастырған ерекше жоба. Әже – тек немереге тәтті бауырсақ пісіретін кейіпкер емес, ұлттың болмысын, сөз мәйегін, салт-дәстүрін жеткізуші рухани ұстаз. Сол себепті де баланың алғашқы тәрбиесін ұлттық негізде қалыптастыруда әженің орны – теңдессіз. Осындай мазмұнды шараларды жиі ұйымдастыру – ұлт болашағына қосылған зор үлес. Әже тәрбиесі арқылы бойға сіңген құндылықтар баланың өмір бойғы рухани негізіне айналады

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нұршайықов, Ә. Махаббат, қызық мол жылдар. — Алматы: Жазушы, 2004.
2. Қалиев, С. Халық педагогикасының негіздері. — Алматы: Білім, 1996.
3. Иманбаева, С. Отбасындағы тәрбие және ұлттық құндылықтар. — Астана: Фолиант, 2018.
4. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасы «Алтын ұя». — Астана, 2020.
5. Мұқанова, Б. Бала тәрбиесіндегі әже тәрбиесінің рөлі // Педагогика және психология журналы. — 2021, №2. — 45-48 б.
6. Тәжібаева, Ж. Ұрпақ тәрбиесіндегі отбасы институтының маңызы // Отбасы және балабақша, 2022.
7. Қазақтың салт-дәстүрлері. Энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010.

«ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ – КӘСІБИ ДАМУДЫҢ БІР ҚАДАМЫ»



Ә.Н.Мұқанбетқалиева
 БҚО, Теректі ауданы, Білім беру бөлімінің
 биология, география, химия пәндерінің әдіскері
 Педагог-сарапшы

Қазіргі заманғы еңбек нарығы мен білім беру саласында үнемі өзгерістер орын алып отырады. Жаңа технологиялар мен әдістердің дамуы, әлемдік экономиканың динамикалық өзгерістері кәсіби қызметкерлерден үнемі жаңа білім мен дағдыларды меңгеруді талап етеді. Осы тұрғыда кәсіби дамудың маңызды құралы ретінде әдістемелік қолдау ерекше рөл атқарады. Әдістемелік қолдау — бұл қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс, ол маманның жаңа білімдер мен дағдыларды игеруіне, тиімді әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияларды қолдануына көмектеседі. Әдістемелік қолдау қызметкерлердің жоғары біліктілігін қалыптастыруға және олардың жұмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Әрбір маманның өзіндік даму жолы бар, бірақ кәсіби жетістікке жетудің негізі – кәсіби даму мен әдістемелік қолдаудың үйлесімді жүйесі. Әдістемелік қолдау – бұл қызметкерлердің өз қызметінде жоғары деңгейде жұмыс істей алуына бағытталған ұйымдастырушы көмек, кеңес беру, тәжірибе алмасу және оқыту шараларының жиынтығы. Бұл қолдау қызметкерлердің кәсіби білімін толықтырып, жаңа технологиялар мен әдістемелерді меңгеруіне ықпал етеді. Әдістемелік қолдау арқылы мамандар тек

жаңа білімдермен танысып қана қоймай, оларды өз жұмысында қолдана алады. Бұл процесс қызметкерлердің білімін жетілдіріп, олардың жұмысын тиімді атқаруына көмектеседі. Әдістемелік қолдау қызметкерлердің практикалық дағдыларын жетілдіруді ғана емес, сонымен қатар оларды жұмыс орындарында инновациялық әдістерді қолдануға ынталандырады. Мұндай қолдау әдістемелік құралдар мен оқу материалдарын ұсыну, кеңестер беру, тренингтер ұйымдастыру, тәжірибе алмасу арқылы жүзеге асады. Әдістемелік қолдаудың маңыздылығы әрбір маманның өз жұмысында жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал ететіндігінде. Әдістемелік қолдаудың маңызы кәсіби дамудың негізі болып табылады. Ол қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға, жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларды меңгеруге мүмкіндік береді. Әдістемелік қолдау бірнеше маңызды аспектілерде маңызды рөл атқарады: 1. Кәсіби білімді жетілдіру: Әдістемелік қолдау маманның кәсіби білімін тереңдетуге және жаңа әдістер мен технологияларды меңгеруге ықпал етеді. Бұл әсіресе білім беру саласында маңызды, өйткені педагогтар мен оқытушылар үнемі жаңа әдістемелер мен технологиялармен танысып, өз оқыту әдісін жаңартып

отыруы керек. Әдістемелік қолдау арқылы педагогтар мен қызметкерлер өз білімін жетілдіріп, өз жұмыстарында жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана алады.

2. Жаңашылдықты енгізу: Әдістемелік қолдау жаңашылдықты қабылдауға ықпал етеді. Жаңа білімдер мен технологияларды меңгеру қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Жаңашылдық енгізу арқылы мамандар өз жұмысын жаңартып, тиімдірек жұмыс істей алады. Бұл өз кезегінде жұмыс сапасын арттырып, ұйымның немесе мекеменің дамуына ықпал етеді.

3. Тиімді жұмыс тәсілдерін енгізу: Әдістемелік қолдау қызметкерлердің тиімді жұмыс тәсілдерін меңгеруге көмектеседі. Ол мамандарға өз қызметін тиімді әрі нәтижелі атқару үшін қажет құралдарды ұсынады. Бұл жаңа білімдер мен тәжірибе жинақтау арқылы қызметкерлер өз жұмыстарын жоғары деңгейде орындап, ұйымның жұмысын жақсартуға ықпал етеді.

4. Ұжымдық дамуды қолдау: Әдістемелік қолдау ұжымдық дамуды қамтамасыз етеді. Мамандардың бір-бірімен тәжірибе алмасуы мен өзара көмек көрсетуі ұжымның кәсіби дамуына ықпал етеді. Әдістемелік қолдау топтық жұмыстарды ұйымдастыруға, бірлескен жобаларға қатысуға, және ұжымның жұмысын оңтайландыруға көмектеседі. Бұл ұжым мүшелерінің өзара тәжірибе алмасуына, білімдерін бөлісуіне мүмкіндік береді. Әдістемелік қолдау бірнеше бағытта жүзеге асырылуы мүмкін, оның ішінде:

1. Тренингтер мен семинарлар: Тренингтер мен семинарлар – мамандардың жаңа білімдер мен дағдыларды меңгеруіне бағытталған негізгі әдістемелік құралдардың бірі.

Мұндай шаралар теориялық білім мен практикалық дағдыларды үйлестіреді, мамандарды жаңа әдіс-тәсілдермен таныстырады. Әдетте, тренингтер мен семинарлар жұмыс барысында кездесетін мәселелерді шешу үшін пайдалы болады.

2. Кеңес беру және консультациялар: Бұл әдістемелік қолдаудың ең кең таралған түрі болып табылады. Кеңес беру қызметкерлердің кәсіби мәселелерін шешу, олардың сұрақтарына жауап беру және жаңа ақпаратты жеткізу мақсатында ұйымдастырылады. Әдіскерлер мен тәжірибелі мамандар әрқашан қызметкерлерге кеңестер мен ұсыныстар беріп, оларды өз кәсіби дамуына бағыттайды.

3. Әдістемелік құралдар мен оқу материалдарын ұсыну: Қызметкерлерге әдістемелік әдебиеттер, нұсқаулықтар мен оқу құралдарын ұсыну олардың кәсіби білімін арттыруға ықпал етеді. Бұл құралдар мен материалдар қызметкерлердің жаңа әдіс-тәсілдер мен білімдерді меңгеріп, өз жұмыстарында қолдануына жағдай жасайды.

4. Мониторинг және кері байланыс: Қызметкерлердің жұмысын бақылау, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау арқылы әдістемелік қолдау көрсетіледі. Мониторинг арқылы жұмысшылардың өз қызметінде қандай нәтижелерге жеткенін, қай жерде жақсарту керектігін түсінеді. Кері байланыс арқылы қызметкерлер өз жұмыстарын жетілдіріп, кәсіби дамуында дұрыс бағыт алады. Әдістемелік қолдау мен кәсіби даму бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістемелік қолдау қызметкерлердің кәсіби дамуын тездетуге, олардың жаңашылдыққа бейімделуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, әдістемелік қолдау жүйесі мамандарға нақты тәжірибе жинақтауға, өз жұмысына деген жауапкершілікті

арттыруға мүмкіндік береді. Әдістемелік қолдау кәсіби даму үдерісін бақылап, басқаруға мүмкіндік береді. Маманның кәсіби дамуы оның білім деңгейіне және жұмыс сапасына байланысты болса, әдістемелік қолдау бұл үдерісті жүйелендіріп, кәсіби білімді тереңдетуге және оны тәжірибеде қолдануға бағыттайды. Мысалы, педагогикалық әдістемелік қолдау оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, жаңа оқу әдістерін меңгеруге және оқушылардың білім сапасын арттыруға көмектеседі. Әдістемелік қолдаудың тиімділігі оның нақты мақсаттарға бағытталуымен өлшенеді. Әдістемелік қолдау мамандардың жеке дамуына ғана емес, сонымен қатар ұжымның, мекеменің немесе ұйымның дамуына да ықпал етеді. Қызметкерлер кәсіби шеберлігін арттырып, жаңа білімдерді меңгеріп, жаңашылдық енгізу арқылы ұйымның дамуына өз үлесін қосады. Әдістемелік қолдау қызметкерлердің кәсіби дамуында жаңа мүмкіндіктер туғызады, олардың мотивациясын арттырып, еңбек өнімділігін жоғарылатады.

Қорытынды

Әдістемелік қолдау – бұл мамандардың кәсіби дамуында маңызды рөл атқаратын тиімді құрал болып табылады. Ол қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеруге, жаңа білімдер мен дағдыларды игеруге және жұмысты жоғары нәтижемен атқаруға мүмкіндік береді. Әдістемелік қолдау жүйесі маманның өз қызметін жетілдіруге арналған стратегиялық жоспар мен бағыт болып табылады. Сонымен қатар, бұл жүйе жаңа әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияларды меңгеруге бағытталған түрлі іс-шаралар мен құралдарды қамтиды. Әдістемелік қолдау қызметкерлердің оқу және жұмыс процесін жақсартуға, олардың

жеке кәсіби қабілеттерін арттыруға, шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етеді. Әдістемелік қолдаудың тиімділігі тек жеке маманның кәсіби дамуына ғана емес, сонымен қатар ұйымның жалпы жұмыс сапасының артуына да байланысты. Қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру ұйымға өзіндік үлес қосатын мамандарды қалыптастырады, бұл өз кезегінде мекеменің тұрақтылығы мен дамуына ықпал етеді. Әдістемелік қолдау жүйесі арқылы қызметкерлер өз тәжірибесін байытып, жаңа білімдер мен дағдыларды меңгере отырып, өз кәсіби жауапкершіліктерін арттырады. Әдістемелік қолдау жүйесінің маңызды аспектісі оның жұмысшылардың жеке шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік беруінде. Әрбір маман өз жұмысының тиімділігін арттырып, кәсіби дағдыларын жетілдірген сайын, олар өз саласында жаңашылдық енгізуге ұмтылады. Бұл жағдай қызметкерлердің жұмыс мотивациясын арттырып, жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді енгізу арқылы жұмыстың нәтижелілігін күшейтеді. Әдістемелік қолдау арқылы ұйымдар өз қызметкерлерінің кәсіби дамуына толық мүмкіндік беріп, олардың әлеуетін толығымен ашуға жағдай жасайды. Сонымен қатар, әдістемелік қолдау жүйесі ұйымдастырылған мониторинг және кері байланыс процесстері арқылы үздіксіз жетілдіріледі. Бұл әдістемелік қолдау аясында қызметкерлердің жұмысын бақылап, олардың қажеттіліктері мен талаптарын ескеру мүмкіндігін береді. Мекеме мен қызметкер арасындағы кері байланыс тиімді ұйымдастырылған жағдайда, жұмысшылардың кәсіби дамуы нақты бағытта әрі жүйелі түрде жүреді. Сонымен қатар, қызметкерлер арасында тәжірибе алмасу мен білім бөлісу процесі әдістемелік қолдаудың

маңызды бөлігін құрайды, себебі бұл бірлескен даму мен ұжымдық дамуға ықпал етеді. Қорыта келгенде, әдістемелік қолдау тек кәсіби білімді арттыру емес, сондай-ақ қызметкерлердің шығармашылық және инновациялық қабілеттерін дамыту, олардың жұмыс процесін тиімді әрі сапалы ұйымдастыру үшін қажетті құрал болып табылады. Бұл қолдау жүйесі жұмысшылардың жеке дамуында ғана емес, ұйымның жалпы дамуы мен жетістіктерінде де үлкен рөл атқарады. Әдістемелік қолдаудың дұрыс ұйымдастырылуы қызметкерлердің ұзақ мерзімді кәсіби табыстарына, ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігінің артуына және жалпы еңбек нарығында жоғары нәтиже көрсетуіне алып келеді. Сондықтан әдістемелік қолдау жүйесін дамыту мен жетілдіру қазіргі таңда кәсіби дамудың маңызды қадамы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бабанова, Г.Е., Бейсенова, А.С. (2020). Педагогикалық технологиялар мен әдістемелік қолдау: теория мен практика. Алматы: Қазақ университеті.
- 2.Ибраева, М.Қ., Әбдіразақова, М.Ж. (2019). Білім беру процесінде әдістемелік қолдау: ерекшеліктері мен мүмкіндіктері. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.
- 3.Кудрявцев, В.И. (2005). Педагогика и педагогические технологии. Мәскеу: Академия.
- 4.Назарова, Т.П. (2018). Кәсіби даму және әдістемелік қолдау. Алматы: Рауан.
- 5.Жүнісова, Г.Н., Сәрсенова, А.Қ. (2017). Жаңартылған білім беру бағдарламасында әдістемелік қолдаудың маңызы. Қазақ педагогикалық журнал, 2, 37-42.
- 6.Молдабекова, Ә. (2021). Мұғалімдердің кәсіби дамуы және әдістемелік қолдау жүйесі. Астана: Эталон.
- 7.Әбдіқадырова, Б. (2016). Әдістемелік қолдау және педагогикалық процестің тиімділігі. Қазақстан білім беру журнал, 3, 55-60.
- 8.Столяренко, М.Ю. (2016). Әдістемелік жұмыс және оның педагогикалық қызметтегі орны. Мәскеу: Просвещение.
- 9.Аманбекова, Г. (2022). Әдістемелік қолдау жүйесіндегі инновациялар және олардың білім беру саласындағы тиімділігі. Білім мен ғылым, 1, 88-92.
- 10.Хакімжанова, Р. (2019). Инновациялық әдістемелерді енгізуде әдістемелік қолдаудың рөлі. Шымкент: Шымкент университеті баспасы.

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ШКОЛЫ BINOM SCHOOL: ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ



Г.Б.Курманбаева
 Атырауская область, город Атырау
 школа-лицей BINOM SCHOOL им.Динмухамеда Кунаева,
 Заместитель директора по учебной работе,
 магистр педагогических наук, педагог-мастер

Аннотация:

В статье рассматривается актуальность проблемы развития читательской грамотности у учащихся начальной школы в контексте современных образовательных требований. Описывается опыт учителей школы «BINOM» по совершенствованию данного навыка через исследование урока, наблюдение за учебным процессом, изучение научно-методической литературы и внедрение современных педагогических методов. Особое внимание уделяется практической применимости представленных подходов в работе учителей начальной школы.

Ключевые слова: читательская грамотность, современные методы обучения, исследование урока (Lesson Study), наблюдение урока, педагогическая практика, начальная школа.

Современные образовательные стандарты Республики Казахстан акцентируют внимание на развитии функциональной грамотности учащихся, неотъемлемой частью которой является читательская грамотность. Результаты международных исследований, таких как PISA, PIRLS подчеркивают важность формирования у учащихся способности к осмысленному чтению и использованию информации из различных источников. В связи с этим, поиск и внедрение эффективных методов развития читательской грамотности у учащихся начальных классов является актуальной задачей для педагогической науки и практики. В условиях динамично развивающегося информационного общества читательская грамотность становится одним из ключевых факторов успешной социализации и самореализации личности. Умение понимать, интерпретировать, использовать и оценивать тексты различного формата является фундаментом для дальнейшего обучения и активного участия в жизни общества. Особую значимость формирование читательской грамотности приобретает в начальных классах, поскольку именно на этом этапе закладываются основы для развития функциональной грамотности в целом.

В школе «BINOM» вопросам развития читательской грамотности уделяется пристальное внимание. Педагогический коллектив осознает необходимость постоянного совершенствования методических подходов и внедрения инновационных технологий для повышения эффективности обучения чтению и пониманию текстов учащимися начальных классов. Данная статья представляет собой обобщение опыта учителей школы

«BINOM» в этом направлении, основанного на системной работе с исследованием урока, наблюдением за учебным процессом, изучением передовой педагогической практики. В контексте школы «BINOM», ориентированной на инновационное развитие и высокие образовательные стандарты, постоянное совершенствование подходов к развитию читательской грамотности является приоритетным направлением деятельности педагогического коллектива. Анализ результатов обучения, наблюдение за учебным процессом и обратная связь от учащихся и родителей свидетельствуют о необходимости дальнейшего поиска и внедрения наиболее эффективных методов, учитывающих индивидуальные особенности и образовательные потребности каждого ребенка. Работа по совершенствованию читательской грамотности в школе «BINOM» носит системный и многоаспектный характер, включающий следующие ключевые процессы:

1. Исследование урока (Lesson Study):

Метод Lesson Study является эффективным инструментом для коллективного анализа и совершенствования педагогической практики. Группы учителей начальных классов совместно планируют, проводят и анализируют серию уроков, направленных на развитие конкретных аспектов читательской грамотности.

Планирование урока: На этапе планирования учителя тщательно изучают теоретический материал по выбранной теме, анализируют учебные программы и определяют конкретные цели обучения, связанные с развитием читательских умений (например, умение выделять главную мысль, находить ответы на вопросы в тексте, интерпретировать информацию). Разрабатываются задания и виды деятельности, способствующие активизации читательской деятельности учащихся.

Проведение урока: Один из учителей группы проводит запланированный урок, а остальные члены группы выступают в роли наблюдателей, фиксируя реакции учащихся, их взаимодействие с текстом, возникающие трудности и успешные моменты.

Анализ урока: После проведения урока группа учителей совместно анализирует собранные данные, обсуждает эффективность использованных методов и приемов, выявляет сильные и слабые стороны урока, а также определяет направления для дальнейшего совершенствования. На основе анализа разрабатываются корректировки в план урока для следующего цикла исследования.

Использование Lesson Study позволяет учителям не только углубленно изучить проблему развития читательской грамотности, но и совместно разработать и апробировать эффективные педагогические стратегии, учитывающие специфику контингента учащихся школы «BINOM».

2. Наблюдение урока:

Систематическое наблюдение за уроками чтения и другими предметами, где активно используется работа с текстом, является важным инструментом для выявления эффективных практик и зон роста в работе учителей. Администрация школы и опытные педагоги проводят наблюдения, фокусируясь на следующих аспектах:

Использование учителем разнообразных методов и приемов для активизации читательской деятельности учащихся.

Создание на уроке благоприятной атмосферы, способствующей развитию интереса к чтению.

Организация дифференцированного подхода к учащимся с разным уровнем чита-

тельской подготовки.

Использование учителем стратегий формирования осознанного чтения (например, прогнозирование содержания текста, постановка вопросов к тексту, пересказ, составление кластеров и таблиц).

Оценка уровня понимания текста учащимися и предоставление своевременной обратной связи.

Результаты наблюдений обсуждаются с учителями, что способствует обмену опытом, выявлению лучших практик и стимулирует педагогов к дальнейшему профессиональному развитию в области формирования читательской грамотности.

3. Изучение литературы касательно развития читательской грамотности:

Педагоги школы «BINOM» активно работают с научно-методической литературой, посвященной проблемам развития читательской грамотности. Организуются семинары, круглые столы и методические объединения, на которых обсуждаются современные исследования в области педагогики и психологии чтения, анализируются новые методические разработки и обмениваются мнениями по вопросам практического применения полученных знаний. Особое внимание уделяется изучению опыта ведущих казахстанских и зарубежных педагогов, а также анализу результатов международных исследований в области читательской грамотности.

4. Использование современных методов в процессе проведения уроков:

Учителя начальных классов школы «BINOM» активно внедряют в свою практику разнообразные современные методы и приемы, направленные на повышение уровня читательской грамотности учащихся. Среди наиболее востребованных и эффективных можно выделить следующие:

Интерактивные методы: Использование дискуссий, работы в парах и группах, ролевых игр, проектов способствует активному вовлечению учащихся в процесс чтения и обсуждения текста, развитию критического мышления и умения аргументировать свою точку зрения.

Технологии критического мышления: Применение таких стратегий, как «Шесть шляп мышления», «ПОПС-формула», «Кластер», «Таблица ЗХУ» помогает учащимся анализировать текст с разных точек зрения, выделять ключевую информацию, устанавливать причинно-следственные связи и формулировать собственные выводы.

Визуализация информации: Использование схем, таблиц, диаграмм, инфографики помогает учащимся лучше структурировать и понимать информацию, представленную в тексте, а также развивает умение преобразовывать текстовую информацию в визуальную форму.

Использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ): Применение образовательных платформ, электронных книг, интерактивных заданий и онлайн-ресурсов делает процесс чтения более увлекательным и мотивирующим для учащихся, а также предоставляет учителю дополнительные возможности для дифференциации обучения и контроля за уровнем понимания текста.

Метод «Чтение с остановками»: Данный метод способствует развитию внимательного чтения и прогнозирования содержания текста. Учитель организует чтение текста по частям, после каждой остановки предлагает учащимся ответить на вопросы, высказать предположения о дальнейшем развитии событий, что стимулирует их мыслитель-

ную деятельность и повышает уровень понимания прочитанного.

Стратегии смыслового чтения: Внедрение таких стратегий, как «маркировка текста», «составление вопросов к тексту», «перефразирование», «написание саммари», направлено на формирование у учащихся осознанного подхода к чтению и глубокого понимания содержания текста.

Представленные выше методы и подходы обладают высокой практической применимостью в работе учителя начальной школы. Они не требуют сложного технического оснащения и могут быть интегрированы в традиционный учебный процесс. Гибкость и адаптивность: Большинство современных методов могут быть адаптированы к различным типам текстов, возрастным особенностям учащихся и целям урока.

Повышение мотивации: Интерактивные и игровые формы работы, использование ИКТ способствуют повышению интереса учащихся к чтению и учебной деятельности в целом.

Развитие универсальных учебных действий: Современные методы направлены не только на формирование читательской грамотности, но и на развитие коммуникативных, познавательных, регулятивных и личностных универсальных учебных действий.

Дифференциация обучения: Использование разнообразных методов позволяет учителю учитывать индивидуальные особенности и потребности каждого ученика, предлагая задания разного уровня сложности и формы выполнения.

Формирование самостоятельности: Многие современные методы стимулируют учащихся к самостоятельной работе с текстом, поиску информации и формулированию собственных выводов.

В данной статье выбраны и определены эффективные методы формирования читательской грамотности учащихся начальных классов на основе результатов опытно-экспериментальной работы BINOM SCHOOL им. Динмухамеда Кунаева г. Атырау.

В исследовании приняли участие 83 учащихся четвертых классов в возрасте 9-10 лет, разделенных на две группы: экспериментальная группа – 26 чел., контрольная группа – 57 чел. Количественный состав групп в течение исследования не менялся. Для анализа читательской грамотности учащихся были определены следующие критерии развития читательской грамотности (табл. 1).

Таблица 1

Инструментарий оценки читательской грамотности учащихся

Критерии оценки читательской грамотности учащихся	Методы анализа и диагностические методики
1. Читательский интерес и активность в чтении	– методика «Твоя формула интереса к чтению»
2. Аналитические умения работы с текстом	– методика «Работа с текстом» / ПОПС формула
3. Читательская самостоятельность и эмоционально-ценностное отношение к книге.	– метод беседы, вопросы учащимся об отношении к данному тексту и чтению.

На этапе констатирующего эксперимента (ноябрь 2023 г.) выявлено, что сформированность читательской грамотности в экспериментальной группе (ЭГ) и контрольной группе (КГ) находится на низком уровне (табл. 2).

Таблица 2

Результаты первичной диагностики читательской грамотности учащихся, %

Уровни	Критерии					
	Читательский интерес		Аналитические умения		Читательская самостоятельность	
	КГ	ЭГ	КГ	ЭГ	КГ	ЭГ
Высокий	4	4	4	2	2	0
Средний	8	12	10	4	2	2
Низкий	88	84	86	92	96	92

Причиной этого является тот факт, что учащиеся пришли в новую школу с новым составом и с разным уровнем знаний, у них нет навыков осмысленного чтения и умения анализировать.

На этапе контрольного эксперимента (апрель 2023 г.) диагностика уровня читательской грамотности учащихся показала прогресс большинства учащихся (табл. 3).

Таблица 3

Данные контрольного этапа исследования, %

Уровни	Критерии					
	Читательский интерес		Аналитические умения		Читательская самостоятельность	
	КГ	ЭГ	КГ	ЭГ	КГ	ЭГ
Высокий	11	15	9	8	3	15
Бұл зерттеуде физика сабақтарында виртуалды зертханалар мен PhET симуляторларын қолданудың теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. Виртуалды зертханалар дәстүрлі зертханалық жұмыстарды толықтырып, оқушыларға физикалық құбылыстарды модельдеу арқылы түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында виртуалды зертханалардың артықшылықтары мен кемшіліктері талданып, олардың оқыту процесіне әсері сипатталады. Сонымен қатар, PhET симуляторларының мүмкіндіктері мен физика сабақтарындағы тиімділігі нақты мысалдар арқылы көрсетіледі. Жүргізілген талдау нәтижесінде, заманауи цифрлық құралдарды пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың эксперименттік дағдыларын дамытуға ықпал ететіні анықталды.

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру жүйесіне үлкен өзгерістер әкелуде. Әсіресе жаратылыстану ғылымдарын, соның ішінде физиканы оқытуда жаңа инновациялық әдістер мен құралдарды пайдалану білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Дәстүрлі әдістермен қатар, оқушылардың тәжірибелік дағдыларын дамытуға бағытталған виртуалды зертханалар кеңінен қолданыс табауда.

Физикалық құбылыстарды зерттеу барысында дәстүрлі зертханалық жұмыстарды орындау үшін арнайы құрал-жабдықтар қажет. Алайда, кейбір

мектептерде материалдық-техникалық база жеткіліксіз болғандықтан, оқушылар қажетті тәжірибелерді толық көлемде орындай алмайды. Осы мәселені шешудің тиімді жолдарының бірі – виртуалды зертханалар мен PhET симуляторларын қолдану. Бұл құралдар физикалық құбылыстарды интерактивті модельдеу арқылы зерттеуге мүмкіндік береді және оқушыларға білімді практикамен ұштастыруға жағдай жасайды.

Бұл баяндамада виртуалды зертханалардың физика сабақтарында қолданылу теориясы мен практикалық аспектілері жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар, PhET симуляторларының

мүмкіндіктері талданып, олардың сабақ үрдісіндегі тиімділігі зерттеледі.

Негізгі бөлім

1. Виртуалды зертханалар және олардың білім беру жүйесіндегі орны

1.1 Виртуалды зертханалардың анықтамасы және негізгі ерекшеліктері

Виртуалды зертханалар – бұл компьютерлік технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып, физикалық құбылыстар мен эксперименттерді модельдейтін сандық орта. Олар шынайы зертханалық құралдарды алмастыра алады немесе толықтыра алады. Виртуалды зертханалар негізінен 3D модельдеу, интерактивті интерфейстер және нақты уақыт режимінде тәжірибе жүргізу мүмкіндігін қамтиды.

1.2 Виртуалды зертханалардың артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары:

•Қауіпсіздік: Қауіпті эксперименттерді орындауда ешқандай физикалық қатер болмайды.

•Қолжетімділік: Оқушыларға кез келген уақытта, кез келген жерде интернет арқылы тәжірибе жасауға мүмкіндік береді.

•Экономикалық тиімділік: Зертханалық жабдықтарды сатып алу қажеттілігін азайтады.

•Көрнекілік: Физикалық заңдарды интерактивті түрде көрсету арқылы түсінуді жеңілдетеді.

•Уақыт үнемдеу: Дәстүрлі зертханаларға қарағанда уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Кемшіліктері:

•Жабдыққа тәуелділік: Компьютер немесе интернет болмаған жағдайда қолжетімділігі шектеулі.

•Тактильді тәжірибенің жоқтығы: Виртуалды зертханаларда оқушылар шынайы құралдармен жұмыс істемейді,

бұл тәжірибелік дағдыларды дамытуда белгілі бір шектеулер туғызуы мүмкін.

•Бағдарламалық қателер: Кейбір симуляцияларда физикалық заңдылықтардың нақты моделденбеуі ықтимал.

2.PhET симуляторларын физика сабақтарында пайдалану

2.1PhET платформасының мүмкіндіктері мен қолдану салалары

PhET – бұл Колорадо университеті әзірлеген, интерактивті симуляцияларды қамтитын тегін онлайн платформа. Ол оқушыларға ғылыми тәжірибелерді өз бетімен орындауға, өзгерістерді бақылауға және заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. PhET симуляторлары әртүрлі деңгейдегі оқушыларға арнап жасалған, сондықтан оларды мектеп бағдарламасының барлық сатыларында қолдануға болады.

2.2 Тақырыптық мысалдар

•Ом заңы – электр тізбегіндегі кернеу, ток күші мен кедергі арасындағы байланысты зерттеу;

•Гармоникалық тербелістер – маятниктің қозғалысын модельдеу және оған әртүрлі параметрлердің әсерін зерттеу;

•Кинематика – денелердің қозғалысын зерттеу, жылдамдық пен үдеудің әсерін бақылау;

•Жылу құбылыстары – жылу өткізгіштік, булану және конденсация процестерін модельдеу.

PhET симуляторлары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда оқушылардың белсенділігін арттырады, себебі олар теориялық білімді өз бетінше тексеруге және тәжірибе жасауға мүмкіндік береді.

3. Практикалық бөлім: сабақ жоспарында PhET симуляторларын қолдану

Физика пәні мұғалімдері PhET симуляторларын сабақ барысында қолдана отырып, оқушыларға күрделі құбылыстарды

түсіндіруді жеңілдете алады. Төменде PhET симуляторларын пайдалану арқылы жасалған сабақ жоспары берілген.

Сабақ жоспары:



Қорытынды

PhET симуляторларын қолдану оқушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, физикалық заңдылықтарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Виртуалды зертханалар уақытты үнемдеуге, қауіпсіздік шараларын сақтауға және оқыту процесін қызықты әрі интерактивті етуге көмектеседі. Сонымен қатар, PhET платформасы арқылы жүргізілген тәжірибелер оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытады, оларға дербес ойлау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. PhET Interactive Simulations, University of Colorado Boulder: <https://phet.colorado.edu/>
2. Құрманалиев Ж. «Физика пәнін оқытудағы цифрлық технологиялардың рөлі» – Алматы, 2022.
3. Назарбаев Зияткерлік мектептері. «STEM-білім беру жүйесіндегі инновациялар», 2023.
4. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. «Цифрлық білім беру ресурстары және олардың тиімділігі», 2022.

«SMART ТЕХНОЛОГИЯ ҰҒЫМЫН ТАЛДАУДАҒЫ
ТАРИХИ-ЛОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАС»



Ж.С. Наурызалиева
БҚО, Орал қаласы
А.Байтұрсынов атындағы №10 ЖОББМ
информатика пәнінің мұғалімі,
педагогика ғылымының магистрі, педагог-сарапшы

XX ғасырдың аяғында дәстүрлі білім беру формасы халықтың білімге деген қажеттілігін қанағаттандыра алмады, сондықтан қашықтықтан білім беру деп аталатын жаңа білім беру технологиясы пайда бола бастады. Жүйелік тәсілдің позициясы кезкелген жүйенің пайда болатындығын және ол үшін қажетті негіздерге сәйкес ұйымдастырылатындығын білдіреді. Қашықтықтан оқытудың осындай негіздерінің бірі әлеуметтік тапсырыс болып табылады - халықтың белгілі бір топтарында қашықтықтан білім беру құралдарының көмегімен өздерінің білім беру талаптарын іске асыру қажеттілігі бар. Білім берудің бұл моделі әлемнің ашықтығынан, адамның танымы мен білім беру процестерінен туындайды. Жүйелі тәсілдің негізгі ережелері білім беру ортасын ҚО технологияларымен қамтамасыз етуге әлеуметтік тапсырысты анықтау, ҚО саласындағы мемлекеттің білім беру саясатын есепке алу, ҚО жүйесінің құрылымын анықтау, жүйе элементтері мен сыртқы ортамен байланысын анықтау.

Соңғы онжылдықтар ішінде қашықтықтан оқыту білім беру және ақпараттық мәдениеттің жаһандық құбылысына айналды, бұл әлемнің көптеген елдеріндегі білім беру сипа-

тына айтарлықтай әсер етті. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, білім беру қызметтерінің спектрі дамуда, олар оқушылардың көптігімен, тартылған білім беру мекемелерінің санымен, инфрақұрылымның мөлшері мен күрделілігімен, қаржыландыру ауқымымен сипатталады.

Қашықтықтан оқыту - бұл оқу процесіне тән барлық компоненттерді (мақсаттар, мазмұн, әдістер, ұйымдастырушылық формалар) көрсететін мұғалім мен оқушылардың бір-бірімен қашықтықтан өзара әрекеттесуі, және интерактивтілікті көздейтін ерекше Интернет-технологиялар құралдарымен немесе басқа да құралдармен іске асырылатын білім беру құралдары жатады.

С. Б. Лазутин ғылыми мақалада қашықтықтан оқытуды кейс және желілік технологиялар арқылы орны мен уақытына қарамастан жеке режимде оқу мүмкіндігі ретінде қарастырады.

Сонымен бірге, бұл жұмыста біз қашықтықтан оқытуды бір жағынан ақпараттық ресурстардың, деректерді беру құралдарының, ұйымдастырушылық-әдістемелік және аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз етудің өзара әрекеттесу хаттамаларының құрылымдалған жиынтығы ретінде,

екінші жағынан келесі компоненттік құрамы бар тәуелсіз дидактикалық жүйе ретінде қарастырамыз: мақсаттар, міндеттер, мазмұны, формалары, әдістері және оқыту құралдары; - құқықтық, қаржы-экономикалық және маркетинг компоненттері.

Қазіргі педагогикалық зерттеулерде білім сапасын арттыруда қашықтықтан оқыту технологияларының мүмкіндіктері жан-жақты зерттелуде. Мәселен, экономика ғылымдарының докторы, профессор Е.Р.Орлова ғылыми мақалада білім берудегі қашықтықтан оқыту технологияларының проблемаларын атап көрсетеді:

- қашықтықтан оқыту технологияларын енгізуді кеңейту;
- қашықтықтан оқыту технологияларының сапасы және субсидиялауы;
- қашықтықтан оқыту курстарының болуы туралы оқушыларды хабардар ету;
- ақпараттық технологияларды пайдалануды оқыту жүйесінің тапшылығы.

А.Н.Битченко және С. А. Мясников артықшылық ретінде қашықтықтан оқыту нысаны бойынша келесілерді атап өтеді:

- жақын оқу орнынан алыс тұратын адамдар үшін білім алу мүмкіндігі, оқу орындарын таңдау географиясын кеңейту;
- ақша қаражаттары мен уақытты үнемдеу;
- әр оқушы үшін жеке оқу бағдарламасының болуы;
- пәндерді зерделеу реттілігін өз бетінше таңдау мүмкіндігі;
- білім алушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын бағалауда субъективизмнің болмауы, өйткені қорытынды бақылау

оқытушыларға байланысты емес;

- оқу материалдарына электронды түрде шексіз қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Техника ғылымдарының кандидаты, Ұлттық ашық институттың доценті Н. А. Смирнова «Informativ» конференциясында» қашықтықтан білім берудегі оқытуды басқару жүйесі» ғылыми баяндамасында 2014 жылы «And communicative space and a person» компаниясы қазіргі уақытта қашықтықтан оқытуды басқару жүйелерін пайдалану маңызды екенін атап өтті.

Қашықтықтан білім берудің кемшіліктері ретінде тікелей бақылаудың мүмкін еместігі оқушының оқу тапсырмаларын өзі орындайтынына және тест сұрақтарына өз бетінше жауап беретініне кепілдіктің болмауы ретінде атап өтіледі.

А.А.Савченко «Қашықтықтан оқыту нысаны бойынша қаржы математикасын оқытудың ерекшеліктері» атты ғылыми мақаласында оқушылардың Интернет желісінде тапсырмаларды орындауын бақылауды қамтамасыз етуге шақырды.

Білім беру сапасын арттыру үшін мұғалім оқушының өз бетінше өткеніне сенімді болуы керек.

Г.В.Михалева «Білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері» атты ғылыми мақаласында оқытушының білім алу және білім беру бағдарламасын аяқтағаны туралы құжат алуға үміткер білім алушы жүйені пайдаланатынына сенімді болуы керек деп атап көрсетеді.

Білім алушылардың қызметін бақылау мақсатында қашықтықтан оқыту технологиялары (дауыстық немесе бейне) құралдарымен коммуникация процесінде оқушыны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін онлайн-оқыту платформалары енгізілуде.

Қазіргі уақытта қашықтықтан білім

беруде мобильді құрылғылар белсенді қолданылады. Кеңейтілген функционалы бар оқытуға арналған қосымшалардың вариативтілігінің өсуі онлайн-білімді тексеруді іске асыруға, аудиолекцияларды тыңдауға, Үйретуші бейнелер мен презентацияларды көруге мүмкіндік береді. Көптеген оқу порталдары мен платформалары өздерінің веб-сайттарын мобильді құрылғыларға бейімдеді немесе олар үшін қосымшалар жасады, бұл оқытуды икемді және қол жетімді етеді.

Смарт технологиялар жаңа ұрпақтың өмір салтының ажырамас бөлігі болып табылады, ол технологиямен өсіп келеді және әлеуметтік желілердің онлайн-қызметтері оның маңызды байланыс арналарының біріне айналды.

«БИОЛОГИЯ САБАҒЫНА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ
ТАПСЫРМАЛАРЫН КІРІКТІРУ»

С.Г. Дуйсенова
БҚО, Орал қаласы
№14 жалпы орта білім беретін мектептің
химия-биология пәні мұғалімі, педагог- зерттеуші

Биология - білім алушының қоршаған табиғат туралы біртұтас және жүйеленген идеяларын қалыптастыруда негіз болып табылатын пәндердің бірі, онда дүниенің ғылыми көрінісінің негізі қаланған. Қазіргі заманғы биология сабағында жаратылыстану ғылымының сауаттылығын қалыптастыру жеке кезең ретінде бөлінбей, оқыту құрылымына кіріктірілген. Оқушылардың жаратылыстану ғылымының сауаттылық құзыреттерін меңгеруінің жоғары деңгейіне қол жеткізуі өздігінен орыналуы мүмкін емес, оларнайы дайындықты ұйымдастыруды талап етеді. Дағдыларды дамыту көбіне оқу үшін жасалатын жағдайларға, баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу тапсырмалары мен жаттығуларын орындау процесін ұйымдастыруға байланысты. Жаратылыстану – ғылыми сауаттылығы бұл білімді нақты жағдайларда қолдану мүмкіндігі. Осыған орай оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін бірқатар әдіс-тәсілдер мен жұмыстарды ұйымдастыруға болады. Мәселен: проблемалық жағдайларды талдау, жобалық жұмыс, топтық жұмыс, өмірлік дағдыларды дамыту, өзін-өзі бағалау және рефлексия т.б. Бұл жұмыстардың барлығы оқушылардың функционалдық сауаттылығын

қалыптастыруға, олардың сыни ойлау қабілеттерін, шығармашылық қабілеттерін және ақпаратты тиімді пайдалану дағдыларын дамытуға бағытталған. Осындай мәліметтерді негізге ала отырып, менде өз сабағымда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды әр тақырыпқа сай етіп тапсырмалардан жинақтадым. Мәселен 9 сыныпта: 9.1 Е «Қоректену» Тақырып: «Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы» Зертханалық жұмыс №3. Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу. 9.1.2.4 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу Тапсырма: (жеке жұмыс) Мәтін «Өттің майларды эмульгациялаудағы рөлі» Өт- бауырда өндірілетін ас қорыту сұйықтығы, ол майлардың эмульгациясында маңызды рөл атқарады, бұл организмде олардың қорытылуы мен сіңірілуі үшін қажет. Майлар ашішекке кіргенде өт қабынан бөлініп, майлармен араласады. Өттің құрамында гидрофильді (су тартатын) және гидрофобты (су тартпайтын) қасиеттері бар өт тұздары бар. Олар үлкен май тамшыларының кішкентай тамшыларына бөлінуіне мүмкіндік береді. Бұл процесс майлардың беткі ағындығын арттырады, оларды липаза сияқты ас қорыту

ферменттері үшін қолжетімді етеді. Олар майларды май қышқылдары мен глицеринге одан әрі бөледі. Өттің әсерінен эмульгация процесін зерттеу арқылы біздің организміміздің тамақтанатын майларды тиімді қорытуын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл асқорыту жүйесінде өттің маңыздылығын түсіндіреді. Мәтінге байланысты тақырыпқа негізделген сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Неліктен майлардың эмульгациясы организм үшін маңызды?

Жауабы: Майлардың дұрыс қорытылуы және сіңірілуі үшін қажет

2. Өттің майларды қалай эмульгациялайтынын және липазаның рөлін салыстырыңыз.

Жауабы:

1. Өт майларды кішкентай тамшыларына бөледі.

2. Липаза майларды май қышқылы мен глицеринге ыдыратады.

3. Төмендегі элементтерді олардың рөлімен сәйкестендіріңіз

Мазмұны	Қызметі
1. Жасуша мембранасы	А. Фермент
2. Липаза	В. Эмульгатор
3. Өт	С. қорғаныс кедергісі

Жауабы: 1.С 2.А 3.В

4. Өт тек майларды сіңіру үшін қажет? (шындық / жалған)

5. Дұрыс реттілікті анықтау тапсырмасы:

Майлардың ас қорыту процесіндегі реттілігін анықтаңыз

А) майлар ашішекке кіреді

В) липаза майларды май қышқылдары мен глицеринге бөледі.

С) өт бөлінеді

Д) майлар кішкентай тамшыларына бөлінеді

Жауабы:

1. А майлар ашішекке кіреді

2. С өт бөлінеді

3. Д майлар кішкентай тамшыларына

бөлінеді

4. В липаза майларды май қышқылдары мен глицеринге бөледі.

6. Өттің эмульгациядағы рөлі қандай?

А) майларды сіңіруге көмектесу

В) майларды жою

С) майлардың қасиетін өзгерту

Д) майларды тарту

7. Биологиялық диктант:

Өт- ... өндірілетін ас қорыту сұйықтығы, ол ... эмульгациясында маңызды роль атқарады

Жауабы:

Өт- бауырда өндірілетін ас қорыту сұйықтығы, ол майлардың эмульгациясында маңызды рол атқарады.

8. Көп таңдауы бар тапсырма:

Эмульгация процесі қандай нәтижеге әкеледі?

А) Майлардың сіңірілуін төмендету

В) майлардың беткі ағындығын арттыру

С) майлардың құрамын өзгерту

Д) майларды босату

Тапсырма 9

Сұрақ 1. Суретте қандай заттың молекулалық құрылымы көрсетілген?

Сұрақ 2. Олардың арасында қандай байланыс түрлері бар?

Бұл біздің ағзамыз үшін өмірлік маңызы бар молекулалар. Бұл молекуладан кейбір гормондар өндіріледі. Мысалы, жыныс гормондары мен кортизол. Олар денедегі көптеген процестерді реттеп, бізді стресске бейімдейді және иммундық жүйені күшейтеді.

Жауабы


1. Май молекуласының құрылымы

2. Коваленттік байланыстар (С-Н және С-С)

Эфирлік байланыстар (С-О-С)

Қаныққан және қанықпаған байланыстар (С=C)

Тапсырма 10. Қаныққан май мен қанықпаған майдың молекулалық құрылымының арасындағы айырмашылықтарды дәлелдеңіз.




Жауабы: Суретте көрсетілген май қышқылдарының тізбектері тек бір байланыс бар. Қос байланыссыз С-С коваленттік байланыстардан тұрады, сондықтан оларды қаныққан май қышқылдары деп атайды.

Тапсырма 11

Өттің бөлінбеуі, өтте тастың болуы немесе өттің жеткіліксіз бөлінуінен және өттің қисаюынан (дискенезия) ағзада қандай өзгерістер болатынын дәлелде.

Өт майларды эмульгациялау арқылы оларды ұсақ тамшыларға айналдырып, ас қорыту ферменттері – липазалардың жұмысын жеңілдетеді. Егер бұл процесс бұзылса немесе өт жеткілікті мөлшерде бөлінбесе, майлар қорытылмайды. Өттің дұрыс бөлінбеуі- өтте тастың пайда болуына немесе өттің қисаюына (дискенезия) алып келеді.



Егер осы құрылымда көміртек-көміртек қос байланыстары (C=C) болса, онда олар қанықпаған май қышқылдары деп аталады. Қанықпаған май қышқылдары икемді және сұйықтыққа бейім болады (мысалы, өсімдік майлары). Мүмкін болатын жауаптар.

1. Майдың және майда еритін дәрумендердің сіңірілмеуі: Өттің жеткіліксіздігі майлардың дұрыс бөлінбеуіне әкеледі, нәтижесінде А, D, Е, К секілді майда еритін дәрумендер нашар сіңіріледі. Ұзақ мерзімді кезеңде бұл дәрумендердің тапшылығы көру қабілетінің бұзылуы, сүйек әлсіздігі, иммундық жүйенің төмендеуі және қан ұюының бұзылуы сияқты денсаулық проблемаларын туындатуы мүмкін.

2. Асқазан-ішек жолының бұзылыстары: Майлардың толық қорытылмауы ішекте майлардың жиналуына әкеліп, диарея, метеоризм (газ түзілуі) және іштің жайсыздығына себеп болады. Майлар толық сіңірілмеген кезде ішек микрофлорасының тепе-теңдігі де бұзылуы мүмкін, бұл ас қорыту жүйесінің жалпы жұмысын нашарлатады.

3. Энергия тапшылығы және салмақтың төмендеуі: Майлар – энергияның маңызды көзі. Егер олар сіңірілмесе, дене қажетті энергияны ала алмайды, бұл әлсіздікке, шаршағыштыққа және тіпті салмақтың төмендеуіне әкелуі мүмкін.


4. Өт-тас ауруының қаупі: Өт жеткіліксіз болған жағдайда өт қабында тұздар мен холестерин жиналып, өт-тас ауруының даму қаупін арттыруы мүмкін. Бұл ауырсынуды, қабынуды және кейде хирургиялық араласуды қажет етеді. Әрбір тақырыпқа осындай тапсырмалар құрастыру арқылы оқушылар өмірлік жағдайларда түрлі мәселелерді шешуде сыни ойлауды қолдануға үйренеді. Бұл олардың ақпаратты талдау, салыстыру, бағалау, және дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сыни ойлау оқушылардың тек қана білім алуында емес, өмірлік дағдыларында да үлкен рөл атқарады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру нәтижесінде, олар тек қана пәндік білімдерін игеріп қоймай, сонымен қатар өмірдегі нақты жағдайларда тиімді шешімдер қабылдай алатын, сыни ойлайтын, өздігінен әрекет ететін және қоғамда белсенді рөл атқаратын жеке тұлға ретінде қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Р.Соловьева, Б.Т.Ибраимова. «Биология 8 сынып» Алматы «Атамұра» баспасы, 2018ж
2. Н.Г.Асанов, А.Р.Соловьева, Б.Т.Ибраимова «Биология 9 сынып», Алматы «Атамұра» баспасы, 2019
3. Әр жылдардағы функционалдық сауаттылық тапсырмалар жинағы.

ГЕОГРАФИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА:
КАК ТЕХНОЛОГИИ МЕНЯЮТ КАРТУ МИРА – ВЛИЯНИЕ AI НА ЛОГИСТИКУ,
УРБАНИСТИКУ И ГЕОПРОСТРАНСТВЕННЫЙ АНАЛИЗ.



А.Б.Исенгазиева
учитель географии КГУ
«Общеобразовательная школа №9 г.Уральск», ЗКО
педагог-исследователь

Аннотация

Искусственный интеллект (AI) активно меняет географию мира, трансформируя логистику, урбанистику и геопространственный анализ. В Казахстане, включая Западно-Казахстанскую область, AI уже используется для оптимизации транспортных маршрутов, управления «умными» городами и повышения эффективности сельского хозяйства. В статье рассматриваются примеры внедрения AI в транспортную систему, городскую инфраструктуру и экологический мониторинг, а также анализируется влияние этих технологий на развитие территорий.

Искусственный интеллект (AI) все активнее внедряется в повседневную жизнь, меняя не только цифровой мир, но и географию — как на глобальном уровне, так и в отдельных регионах. От оптимизации логистики до «умных» городов и геопространственного анализа — AI уже перестраивает карту мира. Казахстан, в том числе Западно-Казахстанская область, также становится частью этих изменений.

AI в логистике: оптимизация маршрутов и грузоперевозок. Один из наиболее заметных примеров влияния AI — транспортная логистика. Казахстан, будучи ключевым звеном инициативы «Один пояс, один путь», активно внедряет цифровые технологии в управление транспортными потоками. Например, в Алматы и Нур-Султане уже тестируются AI-системы для управления светофорами и потоками машин, что снижает заторы и выбросы CO₂.

Западно-Казахстанская область, являясь важным транспортным узлом между Европой и Азией, также сталкивается с необходимостью оптимизации логистики. Здесь AI используется в анализе дорожного трафика и прогнозировании транспортных потоков. Внедрение «умных» систем позволяет уменьшить время в пути грузовиков, снизить аварийность и оптимизировать маршруты.

Урбанистика: умные города Казахстана. AI активно применяется в концепции «умных городов» (smart cities), улучшая городскую инфраструктуру, энергосбережение и безопасность. В Астане уже внедрены системы видеонаблюдения с AI-аналитикой, которые позволяют в реальном времени распознавать ситуации на дорогах, предугадывать заторы и даже контролировать уровень загрязнения воздуха. Западно-Казахстанская область также

делает шаги в этом направлении. Например, в Уральске тестируются «умные» системы освещения, которые включаются при обнаружении движения, что экономит электроэнергию. AI также помогает в прогнозировании городского роста, позволяя рационально планировать строительство новых районов.

Геопространственный анализ: AI в земледелии и экологии. AI не только меняет города, но и помогает в сельском хозяйстве. В Казахстане, где сельское хозяйство играет ключевую роль, AI-системы уже используются для мониторинга плодородности почв и прогнозирования урожайности. Например, в Западно-Казахстанской области фермеры начинают использовать дроны с AI-алгоритмами, которые анализируют состояние полей и помогают оптимально использовать воду и удобрения.

Еще один важный аспект — борьба с опустыниванием. Казахстан сталкивается с проблемой деградации земель, и AI может помочь в анализе спутниковых данных, прогнозировании изменений климата и разработке стратегий по защите экосистем.

Цифровая трансформация территорий: региональные аспекты и вызовы. Внедрение технологий AI в Казахстане сопровождается как возможностями, так и вызовами. На региональном уровне особую роль играют различия в уровне цифровой инфраструктуры, квалификации кадров и доступности данных. Западно-Казахстанская область, имея преимущество в виде выгодного географического положения и активного транзитного потока, сталкивается одновременно с необходимостью модернизации ИТ-инфраструктуры и подготовки специалистов, способных работать с большими данными и алгоритмами машинного обучения.

Одним из вызовов остаётся нехватка открытых и качественно размеченных пространственных данных, необходимых для эффективной работы AI-систем. На сегодняшний день большое количество данных о дорогах, состоянии окружающей среды и городской инфраструктуре не стандартизированы и требуют значительных усилий по интеграции и очистке. Поэтому создание национальных геоинформационных платформ и открытых дата-инициатив становится критически важным шагом на пути к технологической независимости и повышению эффективности решений, основанных на AI.

AI и устойчивое развитие: синергия технологий и экологии. Искусственный интеллект может стать важным инструментом в достижении целей устойчивого развития. В условиях Казахстана, где проблемы водных ресурсов, опустынивания и потери биоразнообразия становятся всё более актуальными, AI способен выполнять функцию интеллектуального посредника между природой и человеком. Так, системы предиктивной аналитики могут заранее выявлять угрозы экосистемам и прогнозировать влияние хозяйственной деятельности на окружающую среду. Это особенно важно для регионов, подверженных изменению климата и испытывающих дефицит воды.

Применение нейросетевых алгоритмов для анализа спутниковых изображений даёт возможность отслеживать изменения в растительном покрове, влажности почвы и границах сельскохозяйственных угодий в динамике. Такие подходы позволяют формировать стратегически важные решения, например, при выборе участков для рекультивации земель, планирования водных ресурсов и определения наиболее уязвимых зон.

Будущее AI в пространственном

планировании и межрегиональной интеграции. С течением времени роль AI в пространственном планировании будет только возрастать. Уже сегодня алгоритмы могут моделировать сценарии развития городской среды, учитывая широкий спектр параметров — от демографии и миграции до климатических условий и транспортной доступности. Эти технологии дают возможность проводить цифровое моделирование последствий различных решений ещё до их реализации.

Особое значение приобретает возможность использования AI для межрегиональной координации и интеграции. Например, при проектировании крупных транспортных коридоров или энергетической инфраструктуры AI-системы могут учитывать интересы разных территорий, предлагая наиболее сбалансированные и устойчивые варианты размещения объектов. Это особенно актуально для Казахстана как трансконтинентального моста между Европой и Азией.

Заключение

Искусственный интеллект становится ключевым фактором трансформации географического пространства, меняя принципы управления логистикой, городской средой и природными ресурсами. Казахстан демонстрирует растущую готовность к интеграции AI в разные сферы, включая транспорт, урбанистику и агроэкологический мониторинг. Однако для полноценного и справедливого распространения этих технологий необходим комплексный подход — развитие инфраструктуры, поддержка научных исследований, подготовка специалистов и внедрение цифровых стандартов.

Таким образом, AI не просто инструмент, но новая парадигма управления пространством, в которой человеческий фактор дополняется интеллектуальной

машинной поддержкой. От того, насколько успешно страны и регионы смогут адаптироваться к этой новой реальности, будет зависеть их место на карте будущего мира.

Использованная литература

1. Агапов Б. А., Федотов А. Ю. Применение технологий искусственного интеллекта в геоинформационных системах // Геоинформатика. – 2021. – № 3. – С. 15–24.
2. Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК. Концепция по развитию искусственного интеллекта в Казахстане на 2021–2025 годы. – Нур-Султан: МЦРИАП РК, 2021. – 42 с.
3. Ергалиева А. Ш., Сатпаев Д. А. Роль цифровизации в развитии региональной инфраструктуры Казахстана // Экономика: стратегия и практика. – 2022. – Т. 17, № 4. – С. 89–97.
4. Назарбаева Л. Е. Использование ИИ в аграрном секторе Казахстана: текущие практики и перспективы // Аграрная наука Евразии. – 2023. – № 2 (61). – С. 132–140.
5. Иванов А. В., Сидорова Е. П. (2021). Роль искусственного интеллекта в развитии геопространственного анализа // География и современные технологии, №4, с. 45–57.

«МАТЕМАТИКА ҮЙІРМЕСІ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ
ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ»



Н.Ж.Ауелбаева
БҚО, Орал қаласы, Оқушылар сарайы,
«Пифагор» үйірмесінің жетекшісі,
педагог-модератор

Аңдатпа

Мақалада математика үйірмесінің мақсат-міндеттері, үйірме жұмысын ұйымдастыру формалары, әдістері, үйірменің тиімділігін арттыру, сапасын жақсарту жолдары қарастырылған. Оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін нақты математикалық ойын, тапсырма, эссе, жоба тақырыптары мен математикадан білім алуға арналған заманауи нақты интернет ресурстарды, интерактивті қосымшаларды қолданудың артықшылықтары берілген.

Түйінді сөздер: математикалық эссе, математикалық анимация, графиктер, қолданбалы геометрия.

Математика – нақты ғылымдардың негізі болып табылады. Оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуда мектептегі сабақтармен қатар, үйірме жұмыстарының да маңызы зор. Математика үйірмесі – дарынды балаларды анықтап, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін қосымша білім беру түрі.

Математика үйірмесінің негізгі мақсаты – оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, математикалық ойлау қабілеттерін дамыту және оларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу.

Үйірме жұмыстары келесі міндеттерді қамтиды:

- Логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерді дамыту;
- Олимпиадалар мен конкурстарға дайындық;

- Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- Пәнаралық байланыстарды нығайту;
- Қолданбалы математика саласына қызығушылықты арттыру.

Үйірме жұмыстары әртүрлі форматта ұйымдастырылуы мүмкін:

- Дәрістер мен практикалық сабақтар;
- Жеке және топтық жобалар;
- Математикалық ойындар мен жарыстар;
- Танымал ғалымдармен кездесулер;
- Қолданбалы математика бойынша тәжірибелік жұмыстар.

Үйірме сабақтарын ұйымдастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктері мен деңгейлері ескерілуі қажет. Бастауыш сынып оқушылары үшін ойын түрінде тапсырмалар берілсе, жоғары сынып оқушыларына күрделі есептер мен зерттеу жобалары ұсынылады. Оқушыларға математикалық тақырыптар бойынша

шығармашылық тапсырмалар беру, мысалы, математикалық өлеңдер, ертегілер немесе комикстер жасауды ұсынамын. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға, математика мен өнердің байланысын түсінуге мүмкіндік береді, «Сықырлы квадраттар», «Сандық жұмбақтар», «Логикалық шахмат» сияқты ойындар қолданылуы мүмкін. Бұл ойындар оқушылардың логикалық ойлау, есептеу дағдыларын дамытып, сонымен қатар математиканы көңілді әрі шығармашылық тұрғыда үйренуге мүмкіндік береді.

Үйірменің тиімділігін арттыру, үйірменің сапасын жақсарту үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

Заманауи технологияларды пайдалану (онлайн платформалар, математикалық бағдарламалар);

Практикалық қолдану мүмкіндігін арттыру (шешімі нақты өмірде қолданылатын есептер);

Жеке оқыту әдістерін енгізу;

Жарыстар мен олимпиадаларға қатысу арқылы мотивацияны арттыру;

Ғылыми жобаларға бағыттау.

Математикалық тақырыптарды түсінуді жеңілдету үшін видеолар, анимациялар, математикалық графиктер және интерактивті қосымшаларды қолдануды ұсынамын. GeoGebra, Khan Academy секілді ресурстар арқылы теорияны нақты бейнелеп көрсетуге болады. Бейнемазмұн мен визуализацияларды қолдану оқушыларға абстрактылы ұғымдарды нақты және түсінікті етуге көмектеседі. Brilliant.org – математика мен логикаға арналған онлайн курстар мен тапсырмалар. Әр түрлі деңгейлерде есептер мен теориялық түсініктер бар. Desmos - математикалық графиктерді сызу үшін қолданылатын онлайн құрал. Артықшылығы: күрделі графиктер мен

функцияларды интерактивті түрде салуға мүмкіндік береді. Оқушыларға алгебра және геометрия бойынша жаттығулар орындау үшін пайдалы құрал.

Математикадан білім алуға арналған интернет-ресурстар мен қосымшалар оқушылар мен мұғалімдер үшін тиімді құралдар болып табылады. Олар теориялық материалды түсінуге көмектесіп қана қоймай, сондай-ақ практика жасау үшін керемет мүмкіндік береді.

Математикалық жеке жұмыстың түрлері

1. Тапсырмаларды орындау:

Оқушының өз бетінше орындаған есептері мен тапсырмалары. Бұл жұмыс түрі оқушының тек теориялық білімін емес, сонымен бірге практикалық дағдыларын да жетілдіреді. Мысалы: алгебра, геометрия немесе логикадан есептер шығару.

2. Жеке жобалар:

Оқушылар белгілі бір математикалық тақырыпты тереңірек зерттеп, сол тақырып бойынша жеке жоба дайындайды. Жоба барысында зерттелетін мәселе туралы мәліметтер жинақталады, талданады, ұсыныстар жасалады. Математикалық модельдер, статистикалық зерттеулер немесе практикалық есептер құрастыру оқушылардың білімін жаңа деңгейге көтереді. Мысалы, «Математикалық статистика негіздері», «Қолданбалы геометрия» сияқты жобалар ұйымдастыруға болады.

3. Математикалық зерттеу:

Оқушыларға математикалық теориялар мен әдістерді зерттеу тапсырмасы беріледі. Зерттеу барысында оқушылар математикалық заңдылықтар мен формулаларды тереңірек зерттеп, өз тұжырымдарын жасайды. Мысалы: «Тендеулер жүйесінің шешімдері» немесе «Үшбұрыштар және олардың қасиеттері»

туралы зерттеу жүргізу.

4.Математикалық эсселер жазу:

Бұл әдіс оқушыларды математикалық ұғымдар мен тұжырымдарды терең түсінуге ынталандырады. Олар математикалық тұжырымдамаларды өз тілінде түсіндіріп, олардың маңыздылығы туралы жазбаша жұмыс жасайды.

Мысалы: «Математика мен өнердің байланысы» немесе «Математика мен ғылым» туралы эссе жазуды ұсынамын.

5.Математикалық логика және есептерді шешу:

Логикалық тапсырмаларды шешу арқылы оқушылар өздерінің аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыта алады. Бұл есептер математиканың барлық саласында кездеседі. Мысалы: Логикалық жұмбақтар, парадокстар немесе рекуррентті қатынастарды шешу.

6.Математикалық олимпиадалық есептерді шешу:

Оқушыларға олимпиадалық деңгейдегі есептер беремін. Бұл есептер оқушылардың математикалық ойлау дағдыларын жоғары деңгейде тексеруге арналған.Мысалы: олимпиадалық есептер жинақтарын шешу немесе өткен жылдардағы олимпиада есептерін орындау.

Қорыта келе, математика үйірмелері – оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытудың тиімді жолдарының бірі. Үйірме жұмыстары олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, математикалық білімдерін тереңдетуге және шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі. Сондықтан қосымша білім беру орындарында мұндай үйірмелердің жүйелі жұмыс істеуі маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Әлімхан Ермеқұлы – «Ұлы математика курсы», А., 2003 ж.
- 2.Бейсембаев Б. «Қолданбалы математика негіздері». Алматы: Қазақ университеті, 2018 ж.
- 3.Березанская Е.С.–«Арифметика жаттығулар және есептер жинағы»,А.2003ж.
- 4.Джордан Елленберг – «Қалай қателеспеуге болады? Математикалық ойлаудың күші» , Нью-Йорк, 2014 ж.
- 5.Жаманов А. – «Арифметика жаттығулар және есептер жинағы», А., 2015 ж.
- 6.Зерттеушілер тобы (Мордкович, Литвиненко, Гусев) – «Математикалық есептер шешу практикумы», М.,1993 г.
- 7.Барбара Оакли – «Математик сияқты ойлан», Нью-Йорк, 2014 ж.
- 8.Дьердь Пойа – «Математикалық жаңалық» , Нью-Йорк, 2013 ж.
- 9.Поля Г. «Как решать задачу». Москва: Наука. 2009 г.
- 10.Салахиева А.Т– «Сандардың қызықты әлемі: математикалық ойындар мен жұмбақтар», А., 2024 ж.
- 11.Сәрсен А.М– «Математикалық сауаттылық» ,А., 2023 ж.
- 12.Хасеинов Қ.А– «Жоғары математика», А., 2019 ж.
- 13.Чеботарев Н.Г. «Математические олимпиады: задачи и методы». Санкт-Петербург: Питер. 2012 г.

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ПОЗИТИВТІ ЭМОЦИОНАЛДЫ
ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУДІ ҚҰРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ



А.А.Шукирова
БҚО, Орал қаласы, Оқушылар сарайы,
биология пәнінің мұғалімі, жоғары санатты,
педагог - шебер,

Аңдатпа

Биология сабағында позитивті эмоционалды өзара әрекеттесуді қалай құруға болатындығы туралы практикалық тәжірибелермен бөлісу және олардың тиімділігін талдау.

Түйінді сөздер: *Жасанды интеллект, қолайлы атмосфера, қолайлы орта, биологиядағы модельдеу.*

Мектепте 11 жыл бойы (6 жастан 17 жасқа дейін) балада физиологиялық және психологиялық өзгерістер болады; ол өседі және дамиды. Ол өзінің «белсенді уақытының» шамамен 60% мектепте өткізеді, сондықтан сыныптағы білім беру ортасының эмоционалды жайлы болуы өте маңызды. Біңғайлылық – өмір сүру жағдайы, тұру, қолайлылық пен жайлылықты қамтамасыз ететін орта...» [3]. Жайлылық сезімі оқу үдерісінің табысты өтуіне, өзін-өзі дамытуға, психологиялық сауықтыру мүмкіндігін береді.

Парсы елінің атақты ақыны: «Қалаусыз оқыған оқушы – қанатсыз құс» [4] деген. Сабақта әр түрлі психологиялық-педагогикалық әдістерді қолданса позитивті эмоцияны жүзеге асуы мүмкін.

Сабақта ойын әдістерін қолдану оқу әрекетін әр сабағын түрлендіруге және биология сабағында эмоционалды көңіл-күйді көтеруге мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты: Биология

сабағында позитивті эмоционалды өзара әрекеттесуді қалай құруға болатындығы туралы практикалық тәжірибелермен бөлісу және олардың тиімділігін талдау.

Негізгі бөлім

1. Позитивті эмоционалды өзара әрекеттесудің теориялық негіздері:

•1) Эмоциялардың оқу процесіне әсері туралы психологиялық зерттеу.

•2) Позитивті оқу ортасының анықтамасы және оның құрамдас бөліктері.

•3) Эмоционалды интеллекттің оқушылар мен оқытушылар үшін маңызы.

1. Эмоциялардың оқу процесіне әсері туралы психологиялық зерттеу:

•Когнитивтік теориялар: Бұл теориялар эмоциялардың ақпаратты қабылдау, өңдеу және есте сақтау қабілетіне қалай әсер ететінін зерттейді. Мысалы, Atkinson-Shiffrin моделі контекстінде эмоциялардың назарды шоғырландыру, жаңа ақпаратты кодтау және ұзақ

мерзімді жадқа ауыстыру процестеріне әсері қарастырылады. Қызығушылық пен қуаныш сияқты позитивті эмоциялардың оқуға деген ынтаны арттырып, ақпаратты жақсырақ есте сақтауға көмектесетіні дәлелденген. Керісінше, қорқыныш, үрей немесе ашу сияқты негативті эмоциялар назарды басқа жаққа аударып, оқу процесін қиындатуы мүмкін. Сол себептен сабақ басында міндетті түрде психологиялық тренингтан бастаймыз. Мысалы “Сен маған, мен саған”, “Уәде берем!” т.б. Мен әр сабағымды хикая, аңыз, ертегі, жағдаяттан бастаймын.

•Мотивациялық теориялар: Бұл теориялар эмоциялардың оқуға деген ішкі және сыртқы мотивацияға қалай әсер ететінін қарастырады. Self-Determination Theory (Өзін-өзі анықтау теориясы) бойынша, қызығушылық пен ләззат сезімдері ішкі мотивацияны күшейтеді, ал бұл өз кезегінде тереңірек оқуға және жақсы нәтижелерге әкеледі. Қорқыныш немесе жазалаудан қашу сияқты эмоциялар сыртқы мотивацияны тудыруы мүмкін, бірақ олар көбінесе тұрақты және сапалы оқуға әкелмейді. Блоб ағашы

Әлеуметтік-эмоционалды оқу (Social-Emotional Learning - SEL) теориялары: Бұл бағыт оқушылардың өз эмоцияларын тану, басқару, эмпатия көрсету, позитивті қарым-қатынас орнату және жауапты шешімдер қабылдау қабілеттерін дамытудың маңыздылығын атап көрсетеді. SEL дағдыларының дамуы оқушылардың академиялық үлгеріміне, мінез-құлқына және жалпы әл-ауқатына оң әсер ететіні зерттеулермен дәлелденген.

Топтық жұмыс: 1. КЛОК БАДДИС – «уақыт достары», топтың белгілі бір уақытта белгілі бір тапсырманы орындауы, өйткені сигналдан кейін команда құрамы өзгереді. 2. МЭНЭДЖ МЭТ – сыныпты басқару, білім алушыларды

4 адамнан тұратын бір командаға бөлу: кім жақын отырады, ал кім қарама – қарсы, қарсылас ретінде, олармен қалай байланысуға болады.

3. СИМАЛТИНИУСС РАУНД ТЭЙБЛ – топтың барлық төрт мүшесі жазбаша тапсырмаларды орындайтын құрылым, содан кейін оларды шеңбер бойымен көршісіне тексеруге жібереді.

•Нейробиологиялық зерттеулер: Соңғы жылдардағы нейробиологиялық зерттеулер мидың әртүрлі бөліктерінің эмоциялар мен когнитивтік функцияларды өңдеудегі рөлін анықтады. Мысалы, амигдала қорқыныш пен басқа да эмоцияларды өңдеуге қатысса, префронтальды қыртыс эмоцияларды реттеу және жоғары деңгейдегі ойлау процестерін басқаруға жауап береді. Бұл зерттеулер позитивті эмоционалды ортаның мидың жұмысына оң әсер етіп, оқу қабілетін жақсартатынын көрсетеді. [2]

1. ТЭК ОФ – ТАЧ ДАУН – «тұру-отыру» - сыныппен танысу және ақпарат алу құрылымы. Қойылған сұраққа оң жауап ретінде білім алушылар тұрып, келіспейтіндер отыра береді.

2. ТИК – ТЭК – ТОУ – схемада міндетті сөздермен сөйлем құру негізінде білім алушыларда сыни және шығармашылық ойлауды дамыту. Сөздер сандармен жақсы ауыстырылады.

3. МИКС ФРИЗ ГРУП – музыка тоқтаған кезде білім алушыларды араластыру - музыка тоқтағанда олар қатып қалады және берілген сұрақтың жауабына байланысты топтар жасайды.

2. Позитивті оқу ортасының анықтамасы және оның құрамдас бөліктері:

Анықтамасы: Позитивті оқу ортасы – бұл оқушылардың өзін қауіпсіз, қолдау сезінетін, құрметке ие және оқуға ынталы

болатын жағдайлар жиынтығы. Бұл орта оқушылардың академиялық, әлеуметтік және эмоционалды дамуына қолайлы жағдай жасайды.

•Құрамдас бөліктері:

-Эмоционалды қауіпсіздік: Оқушылар өз ойларын, сезімдерін еркін білдіре алады, қателесуден қорықпайды және кемсітушілікке ұшырамайды. Оқытушы оқушылардың эмоционалды жағдайын ескеріп, қолдау көрсетеді.

-Құрмет пен сенім: Оқытушы оқушылардың пікірлерін құрметтейді, оларға сенеді және әрқайсысының дамуына жағдай жасайды. Оқушылар да бір-біріне және оқытушыға құрметпен қарайды.

-Қолдау және ынталандыру: Оқытушы оқушыларды оқудағы жетістіктері үшін мақтайды, қиындықтарды жеңуге көмектеседі және олардың өзіне деген сенімін арттырады.

-Белсенді қатысу: Оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына мүмкіндік беріледі, олар өз ойларын айтуға, сұрақтар қоюға және пікірталастарға қатысуға ынталандырылады.

-Қызықты және мағыналы оқу: Оқу материалдары оқушылар үшін қызықты және өмірмен байланысты болады. Оқыту әдістері әртүрлі және оқушылардың белсенділігін арттыруға бағытталады.

-Жағымды қарым-қатынас: Оқытушы мен оқушылар арасында, сондай-ақ оқушылардың бір-бірімен арасында жағымды, достық қарым-қатынас орнайды.

-Ашық коммуникация: Оқытушы оқушылармен үнемі байланыста болады, олардың қажеттіліктері мен мәселелерін талқылайды және кері байланыс береді. Интер белсенді әдіс :Биологиялық модельдеу,Биологиялық лото.

Интербелсенді ойын: «Биологиялық

лото»

Нұсқаулық:

Әр қатысушы келесі тақырыптар бойынша сұрақтар мен жауаптары бар карточкалар дайындайды:

1. «Липидтер»
2. «Комірсулар»
3. «Ақуыздар»
4. «Тасымалдау процестері»

Орындайды:

-Жұптар сұрақтар мен жауаптарды дұрыс сәйкестендіруі керек.

-Тапсырма аяқталғаннан кейін жұптар өз карточкаларын басқа жұптармен алмасып, жауаптарын тексереді.

Позитивті эмоционалды өзара әрекеттесудің пайдасы

•Оқушылардың мотивациясын арттыру.

•Сыни ойлау қабілеттерін дамыту.

•Топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыру.

•Өзара сенім мен құрмет атмосферасын құру.

•Оқушылардың академиялық үлгерімін жақсарту.

•Сабаққа деген қызығушылықты ояту.

3.Эмоционалды интеллекттің оқушылар мен оқытушылар үшін маңызы:

•Эмоционалды интеллекттің анықтамасы: Эмоционалды интеллект – бұл өз эмоцияларын және басқалардың эмоцияларын тану, түсіну, басқару және пайдалана білу қабілеті. Дэниел Гоулманның моделі бойынша, ЭИ бес негізгі құрамдас бөліктен тұрады:

•Өзін-өзі тану (өз эмоцияларын тану).

-Өзін-өзі басқару (өз эмоцияларын реттеу).

-Мотивация (ішкі ынталандыру).

-Эмпатия (басқалардың эмоцияларын түсіну).

-Әлеуметтік дағдылар (басқалармен тиімді қарым-қатынас орнату).[1]

•Оқушылар үшін эмоционалды интеллекттің маңызы:

•

-Академиялық үлгерім: ЭИ жоғары оқушылар өз эмоцияларын жақсырақ басқарады, стресске төзімді болады, назарларын шоғырландыра алады және оқуға деген ішкі мотивациясы жоғары болады.

-Әлеуметтік қарым-қатынас: Эмпатия және әлеуметтік дағдылар оқушыларға достар табуға, топта жұмыс істеуге және қақтығыстарды шешуге көмектеседі.

-Психологиялық әл-ауқат: ЭИ жоғары оқушылар өзіне сенеді, өзін жақсы сезінеді және психикалық денсаулығы мықты болады.

-Мінез-құлық: Эмоцияларын басқара білу оқушылардың тәртіпті болуына және импульсивті әрекеттерден аулақ болуына ықпал етеді.

•Оқытушылар үшін эмоционалды интеллекттің маңызы:

•Тиімді оқыту: ЭИ жоғары оқытушылар оқушылардың эмоционалды қажеттіліктерін жақсырақ түсінеді, олармен эмпатия орнатады және оларға қолдау көрсете алады.

-Сыныпты басқару: Эмоцияларын басқара білу және оқушылардың эмоцияларын түсіну оқытушыға сыныпта жағымды және тәртіпті орта құруға көмектеседі.

Қарым-қатынас: ЭИ жоғары оқытушылар оқушылармен, әріптестерімен және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орната алады.

-Стресспен күресу: Эмоцияларын басқара білу оқытушыларға жұмыстағы стрессті жеңуге және эмоционалды күйіп кетудің алдын алуға көмектеседі.

-Кәсіби өсу: ЭИ дағдыларын үнемі дамытып отыру оқытушының кәсіби шеберлігін арттырады және оның

педагогикалық тәжірибесін байытады.

Биология сабағындағы позитивті эмоционалды өзара әрекеттесу тәжірибелері

•Топтықжұмыстарменынтымақтастық:

Проблемалық оқыту әдістерін қолдану (мысалы, нақты жағдайларды талқылау).

Жобалық жұмыстарды ұйымдастыру.

Пікірталастар мен дебаттар,ролдік ойын өткізу.

«Ми шабуылы» сессияларын ұйымдастыру.

•Ойын элементтерін қолдану:

Биологиялық викториналар мен конкурстар.

Рольдік ойындар (мысалы, жасуша органоидтарының рөлін сомдау).

Білімді бекітуге арналған интерактивті ойындар (Kahoot!, Quizizz және т.б.).

•Кері байланыс пен қолдау:

Әрбір оқушының жетістіктерін атап өту және мақтау.

Қателерге конструктивті кері байланыс беру, дамуға бағыттау.

Оқушылардың сұрақтарына шыдамдылықпен жауап беру.

•Өзіл мен қызықты фактілерді қолдану:

Сабақты қызықты ету үшін биология сабағына қатысты қызықты оқиғалар мен фактілерді ,аңыз,мақал ,салт -дәстірайту.

Тақырыпқа сай жеңіл өзілдер қолдану.

•Оқушылардың пікірін ескеру:

Сабақтың барысында оқушылардан кері байланыс сұрау.

Олардың ұсыныстары мен қызығушылықтарын ескеру.

•Эмоционалды интеллектті дамытуға арналған жаттығулар:

Өз эмоцияларын тану және басқару туралы әңгімелесу.

Басқалардың эмоцияларын түсінуге үйрету (эмпатия).

•Технологияларды тиімді пайдалану:

Интерактивті тақталар, онлайн ресурстар, виртуалды зертханалар арқылы

сабақты қызықты ету.


Оқушылардың бір-бірімен онлайн платформалар арқылы өзара әрекеттесуіне мүмкіндік жасау.

Мысалы

Жоғарыда аталған тәжірибелердің биология сабағында қалай қолданылғаны туралы нақты мысалдар келтіруге болады (мысалы, “Ч.Дарвиннің өмір баяны мен еңбектері” атты қойылым,»ДНҚ репликациясы», “Жер бетінде тіршіліктің пайда болу теориялары”, “Қартаюу ұғымы”

Тақырыптарындағы рольдік ойын, «Экожүйелер»,”ГМӨ кемшіліктерімен артықшылығы тақырыбындағы жобалық жұмыс).

“Ч.Дарвиннің өмір баяны мен еңбектері”атты қойылымның суреттері.9 сынып оқушылары.Сценарииді оқушылар ж.и.(Gemini, ChatGPT және Copilot) арқылы жазып сомдады.



8 сынып оқушылары сабақ барысында алған білімдерімен “Денсаулық студия” алаңында білімдерімен бөлісім дәрігерлердің ролін ойнады.



7 сынып гидропоника әдіс арқылы жасымықша,газон өсірді.тұқымдарды анықтайды ,отырғызады,баптайды.



•Позитивті эмоционалды өзара әрекеттесудің биология сабағындағы маңыздылығын қайталау.

•Ұсынылған тәжірибелерді қолдану арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға және жағымды орта қалыптастыруға болатындығын атап өту.

•Көңіл қойып тыңдағандарыңыз үшін рахмет.

•Сұрақтарға жауап беруге дайын екендігіңізді білдіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Goleman, D. (1995). Emotional intelligence: Why it can matter more than IQ. Bantam Books.

2. Baddeley, A. D. (2000). The episodic buffer: A new component of working memory? Trends in Cognitive Sciences, 4(11), 417–423.

3. Перепечин С.С., Пивоварова С.П., Рязанова О.В., Околелов А.Ю. Использование индивидуальных и групповых проектов по биологии в школьном курсе и во внеурочной работе // Наука и Образование. -2020. –Т.3- №2. – 249с.

4. Еловская, С.В. Интерактивное обучение в высшем образовании / С.В. Еловская, Т.Н. Черняева // Известия Саратовского университета. Новаясерия: Акмеология образования. Психология развития. -2019. –Т.8. –№1 (29). – 83-87с.

ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАРДЫ БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНУ



З.Ф.Каберова

Орал қ.Оқушылар сарайы МКҚК

биология пәнінің мұғалімі, педагог – зерттеуші

Қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі инновациялар оқу үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған. Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру және білімді игеру тиімділігін күшейту мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кеңінен қолдану қажеттілігі туындады. Жаратылыстану пәндерін, соның ішінде биологияны оқытуда виртуалды зертханаларды пайдалану заманауи әдістердің бірі ретінде білім беру саласында үлкен танымалдылыққа ие болды. Виртуалды зертханалар оқушыларға теориялық білімді тәжірибемен байланыстырып, ғылыми зерттеулерді интерактивті ортада жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада биология пәнінде виртуалды зертханаларды қолданудың артықшылықтары, ерекшеліктері және тиімділігі талқыланады.

Виртуалды зертханалардың анықтама сы және рөлі

Виртуалды зертханалар – бұл компьютерлік немесе интернеттегі бағдарламалар арқылы тәжірибелер мен зерттеулерді қашықтықтан жүргізуге мүмкіндік беретін цифрлық орталар. Олар нақты өмірдегі зертханалардағы процестерді виртуалды кеңістікте модельдеуге негізделген. Биология пәнінде бұл құралдар жасушалық құрылымдарды

зерттеу, генетикалық тәжірибелер жүргізу, экологиялық процестерді зерттеу және басқа да күрделі тақырыптарды қарастыруда қолданылады.

Виртуалды зертханалар оқушыларға келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- Қымбат құралдар мен жабдықтарсыз күрделі тәжірибелерді жасау.

- Тәжірибелерді қайта-қайта орындау арқылы нәтижелерді жетілдіру және қателерді түзету.

- Тәжірибелер барысында қауіпсіздік ережелерін сақтамай-ақ, қауіпсіз жағдайда жұмыс істеу.

- Жоғары дәлдік пен нәтижелердің көрнекілігі арқылы оқушылардың материалды жақсы түсінуіне ықпал ету.

Биология пәнінде виртуалды зертханаларды қолданудың артықшылықтары:

1. Теория мен практиканың байланысын қамтамасыз ету

Биология пәнінде көптеген күрделі процестер мен құбылыстар теориялық білім арқылы түсіндіріледі. Алайда оқушылардың бұл білімді толық игеруі үшін тәжірибелік жұмыстар қажет. Виртуалды зертханалар оқушыларға жасушалардың құрылымын, биохимиялық реакцияларды және генетикалық процестерді нақты мысалдармен көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, жасушаның митоз және мейоз сияқты

бөліну процестерін визуалды түрде көру оқушыларға бұл құбылыстардың мәнін жақсы түсінуге көмектеседі.

2. Қолжетімділік пен ыңғайлылық

Көптеген мектептерде заманауи зертханалық құрал-жабдықтар жетіспейді немесе олардың саны шектеулі. Бұл жағдайда виртуалды зертханалар оқушыларға кез-келген уақытта және кез-келген жерде тәжірибелік жұмыстарды орындауға мүмкіндік береді. Мысалы, интернетке қосылған құрылғы арқылы оқушылар үйде отырып та күрделі биологиялық тәжірибелерді орындай алады.

3. Уақыт пен ресурстарды үнемдеу

Виртуалды зертханалар уақыт пен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, кейбір нақты зертханалық тәжірибелер ұзақ уақытты және қымбат құралдарды қажет етеді. Виртуалды зертханада бұл тәжірибелерді бірнеше минут ішінде және қауіпсіз жағдайда орындауға болады. Сонымен қатар, кейбір биологиялық объектілердің зерттелуі үшін табиғи жағдайлар қажет болуы мүмкін, ал виртуалды зертханада мұндай талаптар болмайды.

4. Қателіктерден үйрену және қайта орындау мүмкіндігі

Нағыз зертханаларда тәжірибе жасау кезінде қателіктер орын алса, оны түзету үшін уақыт пен ресурстар қажет. Виртуалды зертханаларда оқушылар кез-келген қателіктерді оңай түзетіп, тәжірибені қайта орындай алады. Бұл оқушыларға қателіктерінен үйренуге және зерттеу қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

5. Эксперименттерді модельдеу және бақылау

Биологияда көптеген табиғи процестер ұзақ уақытты қажет етеді немесе қауіпті болуы мүмкін. Виртуалды зертханалар

оқушыларға бұл процестерді қауіпсіз әрі жылдам орындауға мүмкіндік береді. Мысалы, экологиялық жүйелердің өзгерісін бақылау немесе генетикалық мутацияларды зерттеу виртуалды ортада оңай әрі қауіпсіз түрде жүзеге асырылады.

Биология пәнінде виртуалды зертханаларды қолдану әдістері

1. Генетикалық тәжірибелерді модельдеу

Генетика – биологияның күрделі салаларының бірі. Оқушыларға генетикалық процестерді түсіну үшін виртуалды зертханаларда генетикалық тәжірибелерді модельдеу әдісі қолданылады. Мысалы, ДНҚ репликациясы, РНҚ синтезі және ақуыз биосинтезі процестерін виртуалды ортада зерттеу оқушыларға генетикалық код пен оның жұмыс істеу принциптерін жақсы түсінуге көмектеседі.

2. Экология мен биосфера процестерін зерттеу

Экология бөлімін оқыту барысында экожүйелердің өзгерісін бақылау, биотикалық және абиотикалық факторлардың әсерін зерттеу үшін виртуалды зертханалар қолданылады. Оқушыларға экожүйелерді модельдеу және оларды зерттеу мүмкіндігі беріледі. Мысалы, орман экожүйесін құру немесе су экожүйелерін зерттеу арқылы оқушылар табиғаттың өзара байланыстарын түсінеді.

3. Анатомия мен физиология тәжірибелері

Биология пәнінде адам ағзасының құрылымын зерттеу маңызды бөлім болып табылады. Виртуалды зертханалар анатомия және физиология сабақтарында оқушыларға адам ағзасының бөліктерін егжей-тегжейлі зерттеп, олардың қызметін түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, жүрек-қантамыр жүйесінің жұмысын,

ас қорыту жүйесін немесе тыныс алу жүйесін визуалды түрде зерттеу оқушылардың ағзаның жұмыс істеу принциптерін түсінуіне ықпал етеді.[4]

Қолдану нәтижелері мен тиімділігі

Виртуалды зертханаларды биология пәнінде қолдану оқушылардың оқу нәтижелерін айтарлықтай жақсартатыны анықталды. Зерттеулер көрсеткендей, виртуалды зертханалар оқушылардың білім деңгейін көтеріп қана қоймай, олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Оқушылардың теориялық білімді игеруі мен практикалық дағдыларын жетілдіруде бұл әдістің артықшылықтары зор.

Биология пәнінде күрделі тақырыптарды, мысалы, генетика, экология, физиология сияқты тақырыптарды оқыту барысында виртуалды зертханаларды қолдану оқушылардың күрделі процестерді түсінуін жеңілдетеді. Сонымен қатар, оқушылардың ғылыми зерттеулерге деген қызығушылығы артып, олардың зерттеушілік қабілеттері дамиды.

Биология пәнінде виртуалды зертханаларды қолдану білім беру үдерісінің заманауи талаптарына сай келеді және оқушылардың білімін жақсартуда тиімді құрал болып табылады. Бұл әдіс оқушыларға теорияны тәжірибемен байланыстырып, өз бетімен зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді. Виртуалды зертханалардың қолжетімділігі, ыңғайлылығы және тиімділігі биология пәнін оқытуда оқу сапасын арттыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Жолдасова, А. К. (2020). Виртуалды зертханаларды жаратылыстану пәндерінде қолдану әдістемесі. Алматы: Білім.
3. Құдайбергенова, Н. Ж. (2021). Генетикалық тәжірибелерді модельдеудің тиімді әдістері. Оқу құралы, 3(5), 78-90.
4. Тұрғынбаева, С. Қ. (2018). Экология және биосфера: виртуалды зерттеулер әдістемесі Астана: Қазақ университеті.
5. Жұмабекова, Р. Б. (2022). Анатомия және физиология сабақтарында виртуалды зертханаларды қолдану. Оқу құралы, 2(4), 45-58.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМУЫ МЕН
ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТИҢ РӨЛІ



Д.А.Есенгелдиева
БҚО, Орал қаласы, Оқушылар сарайы МҚКҚ
Қосымша білім беру педагогі
Педагог-модератор

Аңдатпа

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына заманауи педагогтің ықпалы талданады. Педагогтің кәсіби біліктілігі, әдістемелік шеберлігі, баламен және ата-анамен қарым-қатынас орнату қабілеті – тәрбие мен оқытудың тиімділігін арттыратын негізгі факторлар ретінде қарастырылады. Сондай-ақ баланы әлеуметтендіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және ортаға бейімдеу үдерісіндегі педагогтің орны мен рөлі ашылады.

Мектепке дейінгі тәрбие – баланың алғашқы білім мен әлеуметтік тәжірибені меңгеретін маңызды кезеңі. Бұл жас кезеңінде баланың есте сақтау, ойлау, сөйлеу, зейін және қиял секілді психологиялық үдерістері белсенді дамиды. Сондықтан да педагогтің кәсіби шеберлігі мен білімі ерекше рөл атқарады. Заманауи педагог тек ақпарат беруші емес, баланың танымдық қабілетін дамытуға ықпал ететін тұлға ретінде қарастырылады.

Педагог оқу-тәрбие жұмысын баланың қызығушылығына, даму ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырады. Қазіргі таңда ойын арқылы оқыту, жобалық әдіс, зерттеу және тәжірибе жасау технологиялары кеңінен қолданылып жүр. Ойын – баланың басты іс-әрекеті, сондықтан оны тиімді пайдалану арқылы бала өз ойын еркін білдіріп, логикалық ойлауын дамыта алады.

Сонымен қатар, педагог АКТ құралдарын қолдана отырып, оқу мазмұнын қызықты етіп ұйымдастырады.

Мысалы, интерактивті тақта, презентациялар, анимациялық бейнематериалдар баланың сабаққа деген ынтасын арттырады.

Педагог баламен қатар ата-анамен де жұмыс жүргізеді. Ата-анамен тығыз қарым-қатынас – тәрбиенің тиімділігін арттырудың кепілі. Жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық маңызды.

Заманауи педагог – бала жанын түсінетін, әр әрекетін бақылап, дұрыс бағытта алатын, шыдамды әрі жаңашыл маман. Ол тек дәстүрлі тәсілдермен шектеліп қоймай, жаңа педагогикалық технологияларды, ойын әдістерін, интерактивті құралдарды тиімді қолдана білуі керек. Мысалы, балалармен ертегі құрастыру, театрландырылған көріністер, квест-сабақтар, дамытушы ойындар арқылы баланың қиялы мен логикасы дамиды. Сонымен қатар, қазіргі педагог баланың жан-жақты дамуына ықпал ету-

мен бірге, ата-анамен тығыз байланыста жұмыс істейді. Өйткені, баланы тәрбиелеуде отбасы мен балабақша бірлесіп әрекет етуі қажет. Өз тәжірибемнен байқағанымдай, бала педагогке сеніп, еркін сезінген кезде ғана толық дамуға бейім болады. Тағы бір айта кететін жайт – педагогтің өзін-өзі үздіксіз дамытуы. Уақыт талабына сай кәсіби біліктілікті арттырып отыру – сапалы тәрбие мен білімнің кепілі. Әрбір бала – жеке тұлға, сондықтан оған жеке көзқарас пен ерекше тәсіл қажет. Заманауи педагогтің тағы бір маңызды міндеті – балалардың эмоционалдық интеллектісін дамыту. Заманауи педагог тек үйретуші ғана емес, өзі де шығармашыл болуы тиіс. Баламен бірге ән айту, сурет салу, ертегі құрау арқылы педагог баланың сеніміне ие болып, оны шабыттандырады. Менің ойымша, инклюзивті білім беру үрдісінде де заманауи педагог үлкен рөл атқарады. Әр баланың мүмкіндігін, ерекшелігін ескере отырып, тең дәрежеде білім мен тәрбие беру – педагогтің адамгершілік және кәсіби шеберлігінің дәлелі. Бала бойындағы кез келген ерекшелікті – артықшылық ретінде көре білу де үлкен шеберлік пен нәзік көзқарасты талап етеді.

Қорытынды:

Заманауи педагог – баланың тәрбиесі мен дамуына бағыт беретін, шығармашылықпен жұмыс істейтін, жаңашыл маман. Ол тек кәсіби біліммен шектеліп қалмай, үнемі ізденісте болып, балаларға сапалы тәрбие мен білім беруі тиіс. Педагогтің жан-жақты дайындығы мен шеберлігі – мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің сапасын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР «Білім туралы» заңы
 2. Мектепке дейінгі тәрбие стандарты
 3. Мұратбекқызы С. – «Мектепке дейінгі педагогика»
 4. Әбенбаева З. – «Тәрбие теориясы»
 5. Выготский Л.С. – «Воображение и творчество в детском возрасте»
 - Гармоникалық тербелістер – маятниктің қозғалысын моделдеу және оған әртүрлі параметрлердің әсерін зерттеу;
 - Кинематика – денелердің қозғалысын зерттеу, жылдамдық пен үдеудің әсерін бақылау;
 - Жылу құбылыстары – жылу өткізгіштік, булану және конденсация процестерін модельдеу.
- PhET симуляторлары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда оқушылардың белсенділігін арттырады, себебі олар теориялық білімді өз бетінше тексеруге және тәжірибе жасауға мүмкіндік береді.
3. Практикалық бөлім: сабақ жоспарында PhET симуляторларын қолдану
 - Физика пәні мұғалімдері PhET симуляторларын сабақ барысында қолдана отырып, оқушыларға күрделі құбылыстарды

ГЕОГРАФИЯ МЕН БИОЛОГИЯ ПӘНДЕРІНДЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ
МАҚСАТТАРЫН ПӘНДІК МАЗМҰНҒА САЙ ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ
ТИІМДІЛІГІ



Ж.Ж.Бердибекова
БҚО, Теректі ауданы, Подстепный ауылы,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия
интернатының биология және география
пәндерінің мұғалімі, педагог-шебер

Аңдатпа

Бұл мақалада тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) география мен биология пәндерінде интеграциялау тиімділігі қарастырылады. Зерттеу барысында ТДМ-ды география мен биология пәндеріне кіріктірудің оқу сапасына, оқушылардың қызығушылығына және экологиялық сауаттылығына әсері талданады.

Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында қабылданып, 2030 жылға дейін әлемдік қоғамдастықтың даму бағыттарын айқындады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ТДМ-ды оқу процесіне енгізу қазіргі таңда маңызды мәселе болып табылады. География мен биология пәндері табиғи ресурстарды пайдалану, экологиялық өзгерістер және қоғам мен табиғат арасындағы өзара байланысты түсінуге негіз болады. Оқу бағдарламаларына ТДМ-ды енгізу арқылы оқушылардың экологиялық сауаттылығы мен жауапкершілігін арттырып, оларды болашақтағы ғаламдық мәселелерді шешуге белсенді қатысуға дайындауға болады.

Бұл зерттеудің мақсаты – география мен биология пәндерінде ТДМ-ды интеграциялау тиімділігін анықтау және бұл интеграцияның оқыту процесіне, оқушылардың экологиялық білім алуына және әлеуметтік жауапкершілікке қалай әсер ететінін зерттеу. Бұл ретте бірнеше

маңызды аспектілерді қарастыру қажет:

1. ТДМ-ның пәндік мазмұнға енгізу жолдарын талдау: Бұл міндеттің негізгі мақсаты – тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) география мен биология пәндеріне қалай тиімді түрде енгізуге болатынын зерттеу. Бұл ретте бірнеше маңызды аспектілерді қарастыру қажет:

Оқу бағдарламаларын сараптау: ТДМ-ды енгізу үшін география мен биология пәндерінің оқу жоспарлары мен бағдарламаларын талдау. Қандай тақырыптар мен тараулар ТДМ-ды енгізуге қолайлы екені анықталуы тиіс.

ТДМ-ның негізгі принциптері мен мақсаттарын пәндер мазмұнына сәйкес келтіру: ТДМ-ның 17 мақсатын пәндердің мазмұнына енгізу тәсілдері. Бұл міндеттің аясында педагогтар үшін әдістемелік бағдарлама дайындау қажет.

2. География мен биология пәндерінде ТДМ-ды енгізудің оқушылардың білім сапасына әсерін бағалау: Бұл міндет ТДМ-ды енгізудің оқушылардың білім сапасына қалай әсер ететінін анықтауды көздейді.

Оған қатысты келесі аспектілерді қарастыру керек:

Оқушылардың білім деңгейін тексеру: ТДМ-ды пәндер мазмұнына енгізгеннен кейін оқушылардың экологиялық сауаттылығы мен табиғатқа деген көзқарасының қалай өзгергенін бағалау. Экология, климат өзгерісі, ресурстарды үнемдеу тақырыптарындағы білім деңгейі мен білім алу нәтижелерін салыстыру.

Оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын арттыру: ТДМ-ды енгізу арқылы оқушылардың пәндерге деген қызығушылығының өзгеруі. Осы мақсатта сауалнамалар мен тесттер арқылы оқушылардың пәндерге деген мотивациясы мен көзқарасы бағалануы тиіс.

Тәжірибелік дағдылардың дамуы: Оқушылардың білімін практикада қолдану қабілеттерін зерттеу. Мысалы, экологиялық жобаларға қатысу, табиғатты қорғау шараларына белсенді қатысулары оқушылардың білім сапасына қалай әсер ететінін бағалау.

3. ТДМ-ды интеграциялаудың оқыту процесіндегі әдістемелік тәсілдерін анықтау:

Бұл міндет оқу процесінде ТДМ-ды интеграциялаудың тиімді әдістемелік тәсілдерін зерттеуді қамтиды. Оған қатысты негізгі бағыттар:

Жанашыл оқыту әдістері: ТДМ-ды пәндерге енгізу үшін инновациялық оқыту әдістерін пайдалану, яғни жобалау әдісі, пікірталас, интерактивті сабақтар, табиғат қорғау бойынша тәжірибелік жұмыстар. Осы әдістер арқылы оқушылардың ТДМ туралы түсініктері мен белсенділігі артырылады.

Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар: География мен биология пәнінің мұғалімдеріне ТДМ-ды пәндерге енгізу бойынша әдістемелік көмек көрсету. Мұғалімдер үшін арнайы тре-

нингтер ұйымдастыру, ТДМ-ды оқыту әдістемесі бойынша курстар өткізу.

Кросс-дисциплинарлық оқыту: География мен биология пәндерін біріктіріп оқыту тәсілдерін қарастыру. География сабағында климат өзгерісі мен экосистема арасындағы байланысты оқыту, ал биология сабағында экологиялық тепе-теңдіктің сақталуы мен биоәртүрлілікті қорғау мәселелерін бір уақытта қарастыру.

Зерттеу барысында қолданылған әдістер арасында әдістемелік талдау, педагогикалық эксперимент, сауалнама, сондай-ақ салыстырмалы зерттеу әдістері бар. География мен биология пәндері бойынша оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары зерттеліп, ТДМ-ды енгізу мүмкіндіктері қарастырылды. Сонымен қатар, оқушылар арасында сауалнама жүргізіліп, олардың экологиялық білімдері мен ТДМ-ға деген көзқарастары анықталды. ТДМ-ның білім беру процесіне әсерін бағалау үшін оқушылардың пәндік нәтижелерін салыстыру әдісі қолданылды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, пәндермен ТДМ-ды интеграциялау оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттырды. Сондай-ақ, оқу барысында ТДМ-ның негізгі принциптері – әділдік, теңдік, экологиялық тұрақтылық, әлеуметтік жауапкершілік оқушылардың өз білімдерін экологиялық мәселелерді шешуде қолдануға бейім екенін дәлелдеді.

Жалпы алғанда, ТДМ-ды география мен биология пәндерінде енгізу оқушылардың экологиялық жауапкершілігін арттырып, оларды әлеуметтік және табиғи ортаға деген саналы көзқарасқа тәрбиелейді. Өткен зерттеулерде ТДМ-ды мектеп бағдарламасына енгізудің әсері қарастырылғанымен, көптеген зерттеулерде нақты пәндер

деңгейінде нәтижелер толық зерттелмеген. Біздің зерттеуіміз осы олқылықтарды толтырып, пәндік мазмұнды ТДМ-мен интеграциялаудың нақты нәтижелерін көрсетті. География мен биология пәндерінде ТДМ-ды енгізу білім беру процесіне жаңа көзқарас әкелді. Алайда, ТДМ-ды мектеп бағдарламаларына толық енгізудің қиындықтары да бар. Бұл мәселелер негізінен оқу жоспарларының икемсіздігі, мұғалімдердің осы тақырыпта дайындығының жеткіліксіздігі және әдістемелік қолдаудың болмауымен байланысты. Сондықтан бұл мәселелерді шешу үшін мұғалімнің жеке құрылған авторлық бағдарламаларының көмегі арқасында ТДМ-ды тиімді енгізу үшін қажетті дағдыларды меңгереді, бұл өз кезегінде оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын арттырады және білім сапасын жақсартады.

Зерттеу нәтижелері ТДМ-ды география мен биология пәндерінде интеграциялау оқушылардың экологиялық санасын арттырып, олардың табиғатқа, қоғамға деген жауапкершілігін нығайтатынын көрсетті. Болашақта ТДМ-ды мектеп бағдарламаларында толыққанды жүзеге асыру үшін оқу жоспарлары мен әдістемелік материалдарды жаңарту, мұғалімдерге арнайы дайындық курстарын ұйымдастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бұзаубақова, Р.Е. (2017). «Тұрақты даму және экологиялық білім беру: теория мен тәжірибе». Алматы: Қазақ университеті.
2. Құдайбергенова, А.Б. (2020). «География мен биология пәндерінде экологиялық білім беру: әдістемелік негіздер». Алматы: Қазақ мемлекеттік университеті.
3. Нұрсейітова, А.М. (2019). «Қазақстан Республикасында тұрақты даму мақсаттарын білім беру жүйесіне енгізу жолдары». Алматы: Экономика баспасы.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ
САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ



Г.Ш.МУРЗАГАЛИЕВА
БҚО, Орал қаласы
А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының
информатика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Аңдатпа

Бұл мақалада информатика пәні арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары қарастырылады. Функционалдық сауаттылық – ақпаратты іздеу, өңдеу, талдау және өмірлік жағдайларда қолдану қабілеті ретінде қарастырылады.

Мақалада функционалдық сауаттылықтың негізгі компоненттері: ақпараттық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, логикалық және алгоритмдік ойлау, киберқауіпсіздік және коммуникациялық дағдылар талданады. Сондай-ақ, практикалық әдістер мен заманауи технологияларды қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді тәсілдері ұсынылады. Бұл әдістер оқушылардың креативтілігі мен сыни ойлау қабілетін дамытып, олардың ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде қолдану дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Мақалада келтірілген ұсыныстар мен әдістерді білім беру процесіне енгізу – оқушыларды ХХІ ғасырдың бәсекеге қабілетті, сауатты және сандық технологияларды еркін меңгерген маманы ретінде дайындаудың маңызды қадамы болып табылады.

Функционалдық сауаттылық – бұл адамның білімін нақты өмірлік жағдайларда қолдана білу немесе тиімді пайдалану қабілеті. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Әсіресе, «информатика пәні» бұл бағытта маңызды рөл атқарады, өйткені ол оқушыларға ақпараттық технологияларды игеруге, ақпаратпен жұмыс істеуге және логикалық ойлауды дамытуға мүмкіндік береді. Информатика пәнінде бұл дағдыны дамыту оқушыларға сандық технологияларды

меңгеруге, ақпаратпен жұмыс істеуге және сыни ойлауды дамытуға көмектеседі.

Информатика пәні арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары қарастырылады, сондай-ақ білім беру процесіне енгізуге болатын әдістер мен стратегиялар ұсынылады.

1. Функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

Функционалдық сауаттылық – бұл адамның өз білімін нақты өмірде қолдана білуі. Ол бірнеше негізгі компоненттен тұрады:

Ақпараттық сауаттылық – ақпаратты іздеу, өңдеу, талдау және дұрыс пайдалану қабілеті,

Компьютерлік сауаттылық– цифрлық құрылғылар мен бағдарламаларды тиімді қолдану дағдысы, Логикалық және алгоритмдік ойлау – есептерді шешу және тиімді алгоритм құру қабілеті, Кибермәдениет және ақпараттық қауіпсіздік – интернеттегі қауіпсіздік ережелерін сақтау, этикалық нормаларды ұстану, Коммуникациялық сауаттылық – ақпараттық технологияларды қолдана отырып, деректермен, әріптестермен және қоғаммен тиімді қарым-қатынас жасау.

Информатика пәнінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – оқушылардың заманауи технологияларды меңгеріп, оны өз өмірінде тиімді пайдалануына мүмкіндік береді.

2. Информатика пәнінде функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары

Информатика сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

2.1 Ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру

Интернетте ақпараттың үлкен ағыны бар, бірақ оның барлығы шынайы және пайдалы емес. Сондықтан оқушыларды дұрыс ақпаратты іздеуге, талдауға және қолдануға үйрету маңызды. «Фейк ақпаратты анықтау» ойыны – оқушыларға бірнеше жаңалық немесе дерек ұсынылады, олардың ішінен жалған ақпаратты анықтау сұралады. «Google іздеу дағдылары» – оқушыларға кілт сөздерді тиімді пайдалану арқылы қажетті ақпаратты тез табу үйретіледі.

2.2 Логикалық және алгоритмдік ойлауды дамыту

Бағдарламалау негіздерін меңгеру – оқушылардың логикалық және

алгоритмдік ойлауын дамытудың ең тиімді жолы. Бағдарламалау оқушылардың логикалық және алгоритмдік ойлауын дамытады. Python, Scratch, секілді бағдарламалау тілдерін үйрету арқылы олардың есептерді шешу қабілетін арттыруға болады. Ұсынылатын әдістер: Scratch немесе Python арқылы кодтау негіздері, Ойын құрастыру (Game Development), Робототехника сабақтары.

Оқушыларға қарапайым алгоритм құруды үйрету (мысалы, роботтың лабиринттен шығу алгоритмін жазу). Оқушылар қарапайым ойын немесе калькулятор бағдарламасын жасау.- Scratch-та анимация немесе шағын ойын жасау.

2.3 Компьютерлік сауаттылықты арттыру

Қазіргі заманғы жұмыс орындарында Microsoft Office, Google Docs, Canva, Photoshop секілді бағдарламалармен жұмыс істеу талап етіледі. Сондықтан оқушыларды осы құралдармен ерте жастан таныстыру қажет. «Құжаттарды безендіру» – оқушылар Word немесе Google Docs-та ресми хат жазу, есеп дайындау. «Презентация шебері»– PowerPoint немесе Canva арқылы жобаны таныстыру. «Кәсіпкерлікке арналған презентация жасау» жобасы.

2.4 Киберқауіпсіздік және сандық мәдениет

Оқушыларды интернеттегі қауіпкерлерден қорғау және ақпараттық этиканы сақтау дағдыларына үйрету өте маңызды. «Фишингтік хаттарды анықтау» – оқушыларға фишингтік хаттар мен қауіпсіз хаттардың мысалдары беріледі, олар өз таңдауларын негіздеуі керек. «Қауіпсіз пароль құру» – оқушылардан мықты пароль ойлап табуды және оның қауіпсіздігін бағалауды сұрау.

2.5 STEM және жоба негізінде оқыту STEM (Science, Technology,

Engineering, Mathematics) әдістері арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға болады. «Ақылды үй» (Smart House) – оқушылар Arduino немесе Raspberry Pi платформасын қолдана отырып, ақылды жарықтандыру немесе температураны бақылау жүйесін жасайды. «3D модельдеу» – Tinkercad немесе Blender қолдану арқылы өз жобаларын жасау.

3. Оқытуда заманауи технологияларды пайдалану

Білім беруді жетілдіру үшін оқыту процесіне заманауи технологияларды енгізу қажет:

Геймификация (ойын элементтерін енгізу), Виртуалды шындық (VR) және жасанды интеллект (AI), Онлайн платформалар (Coursera, Khan Academy, Code.org), ChatGPT және басқа да AI құралдарын пайдалану. «ChatGPT көмегімен реферат жазу» – оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша қысқаша мәліметтерді жинақтауға тапсырма беру. «AI-мен сурет салу» – оқушылар нейрожелі құралдары арқылы өз идеяларын визуализациялау.

Функционалдық сауаттылықты дамыту – Қазақстанның білім беру жүйесінде басым бағыттардың бірі. Информатика пәні бұл процесте ерекше рөл атқарады, өйткені ол оқушыларға XXI ғасыр дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді. Информатика пәнінде оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу, бағдарламалау, логикалық ойлау және киберқауіпсіздік дағдыларын дамыту олардың болашақта бәсекеге қабілетті маман болуына ықпал етеді. Сондықтан оқыту әдістерін жаңартып, өмірмен байланысты практикалық тапсырмалар енгізу қажет.

Осы мақалада қарастырылған әдістерді пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық, компьютерлік, логикалық

және коммуникациялық сауаттылығын арттыруға болады. Бұл дағдылар оларды келешекте бәсекеге қабілетті маманға айналдырады.

Қазіргі әлемде ақпараттық технологиялар күн санап дамып, барлық салаларда цифрлық трансформация жүріп жатыр. XXI ғасырда кез келген тұлғаның қоғамда толыққанды қызмет етуі үшін тек білім алып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі қажет. Бұл қажеттілік «функционалдық сауаттылық» ұғымын алдыңғы қатарға шығарады

Болашақ – технология мен білімді тиімді үйлестіре алатын функционалдық сауатты жастардың қолында!

АҒЫЛШЫН ТІЛІ – ЖАҒАНДЫҚ ТІЛ



Н.М.Хасанова
 БҚО, Орал қаласының білім беру бөлімінің
 «Оқушылар сарайы» МКҚК
 «Шет тілі және екі шет тілі» мұғалімі,
 екінші санатты

Қазіргі заманда ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас, білім, бизнес және технология салаларында кеңінен қолданылатын жаһандық тілге айналды. Әлемнің түкпір-түкпірінде адамдар ағылшын тілін үйренуде, өйткені ол жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Ағылшын тілін меңгерудің ең тиімді жолдарының бірі – ағылшын үйірмесіне қатысу. Ғаламдық деңгейде ақпарат алмасу мен технологияның дамуы ағылшын тілінің маңызын одан әрі арттыруда.

Ағылшын тілін үйрену қазіргі таңда үлкен қажеттілікке айналды. Көптеген халықаралық университеттерде білім алу үшін, әлемдік деңгейдегі жұмыс орындарына орналасу үшін және шетелде саяхаттау кезінде еркін сөйлесу үшін ағылшын тілі қажет. Сонымен қатар, ғаламдық ақпарат ағынының көп бөлігі ағылшын тілінде жарияланады. Сондықтан бұл тілді меңгеру – заман талабы.

Сонымен қатар, ағылшын тілін білу – бұл тек академиялық немесе кәсіби саладағы қажеттілік қана емес, сонымен бірге адамның өзін-өзі дамытуына, ойлау көкжиегінің кеңеюіне ықпал ететін маңызды құрал. Ағылшын тілінде оқулықтар, ғылыми мақалалар, көркем әдебиет және түрлі онлайн ресурстар саны орасан. Демек, бұл тіл – білімге бастар жол.

Ағылшын тілін үйренудің тиімді жолдары

Ағылшын тілін үйрену кезінде теориядан бөлек, оны күнделікті өмірде қолдану өте маңызды. Тілдік орта қалыптастыру арқылы үйрену процесі әлдеқайда жеңілдейді. Осындай орта ағылшын үйірмелерінде жүзеге асады, өйткені бұл жерде оқушылар мен студенттер өз білімдерін тәжірибе жүзінде нығайтуға мүмкіндік алады. Әртүрлі тақырыпта әңгіме жүргізу, шет тіліндегі фильмдер көру, ағылшынша күнделік жүргізу секілді әдістер оқушының тілдік белсенділігін арттырады.

Сондай-ақ, тіл үйренуде мотивация өте маңызды рөл атқарады. Егер оқушы белгілі бір мақсат қойып, сол бағытта тұрақты түрде жұмыс істесе, нәтиже де соғұрлым жақсы болады. Мысалы, TOEFL немесе IELTS секілді халықаралық емтихандарға дайындалу – ағылшын тілін үйренуге деген ынтаны арттырады әрі нақты мақсат қояды.

Онлайн платформалардың пайдасы да зор – Duolingo, BBC Learning English, Khan Academy сияқты ресурстар арқылы оқушы кез келген уақытта, кез келген жерде білім ала алады. Аудио, видео сабақтар, интерактивті жаттығулар, ойындар арқылы тіл үйрену процесі қызықты әрі тиімді бола түседі.

Ағылшын тілін үйренудің мотивациясы және психологиялық аспектілері

Тілді үйрену – тек техникалық дағдыны меңгеру ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі мотивациясына, сеніміне және тұрақтылығына тікелей байланысты. Ағылшын тілін үйренудегі ең басты қозғаушы күш – адамның өзіне деген сенімі мен болашаққа қойған мақсаты. Кейбір оқушылар бастапқыда тіл үйренуден қорқуы мүмкін, қателік жасаудан ұялады, бірақ дұрыс психологиялық ортада бұл кедергілер біртіндеп жойылады.

Мысалы, ағылшын үйірмелерінде «қателесуден қорықпау» қағидасы жиі айтылады. Бұл оқушыны еркін сөйлеуге ынталандырады. Мұндай ортада оқушының сөйлеу қабілеті де, ойлау шапшаңдығы да артады. Сонымен қатар, топта үйрену бір-біріне қолдау көрсетіп, сенімділік тудырады. Осылайша, тіл үйрену тек білім процесі емес, жеке тұлғаның ішкі өсу процесіне айналады.

Ағылшын үйірмесінің артықшылықтары

1. Сөйлеу дағдыларын дамытады – Тұрақты тәжірибе арқылы тілді еркін меңгеруге көмектеседі. Ағылшын тілінде сөйлесу практикалық тұрғыдан өте маңызды, себебі ол оқушылардың сенімділігін арттырады. Көп жағдайда тіл үйренушілер грамматиканы жақсы меңгергенімен, еркін сөйлеуде қиналады. Үйірмелер осы олқылықтың орнын толтырады.

2. Мәдениетті түсінуге ықпал етеді – Әртүрлі елдердің мәдениеті мен дәстүрлері туралы таным көзқарынын кеңейтеді. Ағылшын тілі әлемнің түкпір-түкпірінде қолданылады, сондықтан оны үйрену арқылы әртүрлі халықтардың салт-дәстүрін зерттеуге мүмкіндік бар. Үйірме сабақтарында ағылшын тілді елдердің мерекелері, тарихи тұлғалары,

тағамдары, музыкасы мен киносы туралы мәліметтер беріледі.

3. Коммуникациялық дағдыларды жақсартады – Пікірталастар мен командалық жұмыстар арқылы қарым-қатынас қабілетін дамытады. Бұл дағдылар күнделікті өмірде және кәсіби салада аса қажет. Тіл үйренуші тек ағылшынша сөйлеуді ғана емес, тыңдай білуді, қарсы пікір айту мен келісімді білдіруді үйренеді.

4. Қолайлы оқу ортасын ұсынады – Топтық жұмыс арқылы бір-бірінен үйренуге мүмкіндік береді. Оқушылар бір-біріне көмектесіп, тәжірибелерімен бөлісіп, бірлесіп жұмыс істеуге үйренеді. Бұл – тек тіл емес, тұлғалық даму алаңы.

5. Болашақ мүмкіндіктерді арттырады – Ағылшын тілін жетік меңгеру оқу мен мансап жолында үлкен жетістіктерге жетуге көмектеседі. Халықаралық ұйымдарда, көпұлтты компанияларда жұмыс істеу үшін ағылшын тілі міндетті болып табылады. Сонымен қатар, ағылшын тілі арқылы оқушылар шет елдегі олимпиадаларға, семинарлар мен форумдарға қатыса алады.

Ағылшын үйірмесінің оқу әдістері

Ағылшын үйірмелері тек тілдік дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге де көмектеседі. Үйірмелерде қолданылатын негізгі әдістер мыналар:

• **Әңгіме құрастыру мен баяндама жасау** – Оқушылар өз ойларын еркін жеткізуді үйренеді, логикалық ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, белгілі бір тақырыпқа эссе жазу немесе презентация жасау оқушыны шығармашылыққа баулиды.

• **Фильмдер мен кітаптарға шолу жасау** – Тыңдау және оқу дағдыларын жетілдіреді, сөздік қорын кеңейтеді.

Оқушылар өз ойларын айтуда батыл болады, сөйлем құрау шеберліктері артады.

•**Рөлдік ойындар ұйымдастыру** – Қатысушылар әртүрлі жағдаяттарға бейімделіп, ағылшын тілінде еркін сөйлеуді үйренеді. Бұл әдіс арқылы тіл үйренуші күнделікті өмірдегі түрлі сценарийлерді ағылшынша ойнап, сөйлеуге машықтанады.

•**Шетелдік мәдениеттермен танысу** – Оқушылар ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің салт-дәстүрлерін, тарихын және өмір сүру салтын зерттейді. Мұндай сабақтар әлемге деген қызығушылықты оятып, оқушылардың көзқарасын кеңейтеді.

Ағылшын тілін үйренудің болашаққа әсері

Ағылшын тілі – жаһандық тіл, ал оны үйрену әр адамның болашағына әсер етеді. Бұл тілді меңгеру арқылы адамдар жаңа мүмкіндіктерге ие болып, өздерінің жеке және кәсіби дамуын жетілдіре алады. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйрену адамның таным көкжиегін кеңейтіп, басқа халықтардың мәдениетін түсінуге және сыйлауға мүмкіндік береді.

Көптеген елдерде ағылшын тілі екінші немесе ресми тіл ретінде қабылданған. Демек, ағылшын тілін білетін адам кез келген елде өз ойын еркін жеткізе алады, жаңа адамдармен танысады, әріптестік байланыс орнатады. Бұл – ХХІ ғасырдың табысты адамына қажетті дағдылардың бірі.

Қорытынды

Ағылшын үйірмесі – бұл тек тілді меңгеру ғана емес, сонымен қатар жаңа мәдениеттерді тану, достар табу және өзін дамыту мүмкіндігі. Осындай үйірмелерге қатысу арқылы оқушылар өздеріне сенімді болып, ағылшын тілінде еркін сөйлей алуға, қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік алады.

Біздің басты міндетіміз – балалардың тіл үйренуге деген ынтасын оятып, оларды өз ойын еркін жеткізе алатын деңгейге жеткізу. Осылайша, ағылшын тілін меңгеру арқылы болашақ ұрпақтың жаһандық деңгейде табысты болуына жол ашамыз.

ОҚУШЫЛАРҒА ВОЛЕЙБОЛДЫ ҮЙІРМЕДЕ ОҚЫТУДЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ
МЕН ӘДІС -ТӘСІЛДЕРІ



С.С.Кажғалиев
БҚО, Теректі ауданы,
Подстепный жалпы білім беретін орта
мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушыларға волейболды үйірме арқылы оқытудың кезеңдері мен әдіс-тәсілдері қарастырылған. Волейбол үйірмесінің маңызы мен тиімділігі оқушылардың физикалық, техникалық және әлеуметтік дағдыларын дамытудағы рөлі көрсетіледі. Мақалада үйірмеде қолданылатын негізгі әдістер, жаттығулар талданады. Әдіс-тәсілдер оқушылардың жекелей және командалық дағдыларын жақсартуға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі өз Жолдауында «Дені сау ұлт құру және балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету» мәселелері атап өтілген. Бұл Жолдауда мектептерде спорттық үйірмелерді дамыту және оқушыларды спортқа тарту қажеттілігіне баса назар аударылғандықтан қазіргі таңда мектептерде спорттық үйірмелерді дамыту мен оқушыларды спортқа тарту қажеттілігі күннен күнге артып отыр. Сондықтан бірнеше спорттық ойындардың бірі -волейбол үйірмесін көптеген жылдардан бері жасөспірімдерді зерттеумен және жаттықтырумен айналысып келе жатқан тәжірибемнен айтуға болады, волейбол үйірмесі жасөспірімдердің физикалық дайындығын жақсарту ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Командалық ойын ретінде волейбол әрбір оқушының өзара ынтымақтастық, жауапкершілік, тәртіп пен көшбасшылық қасиеттерін

қалыптастыруына ықпал етеді. Өз тәжірибемде байқағанымдай, спортқа қатысқан балалардың оқу үлгерімі жақсарып, өзін-өзі бағалауы артады, ал денсаулықтарының нығаюы оларды болашақта көптеген қиындықтарды жеңуге дайындайды.

Волейбол – қазақ халқының арасында ХХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап қарқынды дамып келе жатқан ойындардың бірі, командалық спорт түрі, ол оқушылардың физикалық дамуын жақсартып, олардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады. Волейбол ойынына тән ерекшеліктің бірі- оның ұжымдық сипаты, ол жас ұрпақ үшін тәрбиенің шешуші факторы және біздің қоғам жайында бала өмірін ұйымдастырудың негізгі формасы іспеттес. Волейбол спорт ойынымен айналысатын команда ұжымы- бұл спорттық іс-әрекетімен бірігіп топтасқан, белгілі бір мақсатқа бағытталған тұрақты бірлестік. Сондықтан бір оқушы-ойыншы дайындап қана қоймай, кем дегенде алты ойын-

шы ойнайтын болғандықтан да спорттық қабілеттері мен білік-дағдыларын жетілдіріп отыру маңыздылығы айқын көрінеді.

Оқушыларға волейболды үйірмеде оқыту – бұл физикалық тәрбиенің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл зерттеудің мақсаты – оқушылардың волейбол ойындарына қатысты техникалық дағдыларын дамыту, олардың командалық жұмысқа бейімделуін арттыру, сондай-ақ спортқа деген қызығушылығын ынталандыру. Зерттеу міндеттері: волейболды үйірмеде оқытудың негізгі кезеңдері мен әдіс-тәсілдерін анықтау және олардың тиімділігін бағалау.

Зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер ретінде бақылау, сұхбат, сұрау салу және практикалық жаттығулар әдістері пайдаланылды. Әрбір әдіс өз кезегінде нақты нәтижелер алуға және зерттеу пәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Бақылау әдісі: Бұл әдіс арқылы волейбол үйірмесіне қатысатын оқушылардың сабақтарға қатысуы, оқу процесіндегі белсенділігі және ойын деңгейі бақыланды. Бақылау барысында оқушылардың физикалық дайындығы, техникасы, сондай-ақ жаттықтырушының тапсырмаларын орындау деңгейі зерттелді. Осы әдіс арқылы үйірмеге қатысушылардың топтық динамикасы, бір-бірімен әрекеттесуі және жеке қатысуы туралы толық мәліметтер алынды.

Сұхбат әдісі: Сұхбат жүргізу арқылы оқушылар мен жаттықтыру арасында пікір алмасу орын алды. Бұл әдіс олардың волейболға деген қызығушылығы мен ынтасын, сабақтарға қатысу мотивациясын, сондай-ақ жаттықтырушының оқушыларды дамытудағы әдіс-тәсілдері туралы пікірлерін жинауға мүмкіндік берді. Сұхбаттар негізінде оқушылардың спортқа деген көзқарастары, оларды

спортқа тартуда кездесетін қиындықтар және жетілдіру мүмкіндіктері анықталды.

Сұрау салу әдісі: Сұрау салу әдісі арқылы волейбол үйірмесіне қатысатын оқушылар мен олардың ата-аналарының пікірлері жинақталды. Бұл әдіс оқушылардың сабақтарға қаншалықты жиі қатысатынын, олардың мотивациясын және спортқа деген көзқарастарын талдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ата-аналардың да оқушылардың спортқа қатысуын қалай қолдайтыны, олардың денсаулық және даму мәселелері бойынша көзқарастары зерттелді.

Практикалық жаттығулар әдісі: Практикалық жаттығулар арқылы оқушылардың волейбол техникасы мен тактикасын меңгеру деңгейі анықталды. Бұл әдіс оқушылардың спорттық дағдыларын, жаттығу кезінде көрсеткен нәтижелерін, командалық ойынға қатысу қабілеттерін бағалауға мүмкіндік берді. Жаттығулардың нәтижесінде оқушылардың физикалық дайындығы мен шеберлігі, сондай-ақ ойын кезінде қандай техникалық қателіктер жиі кездесетіні талданды.

Осы әдістердің барлығы зерттеу барысында бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істеді және волейбол үйірмесінің дамуы, оқушылардың спортқа деген қызығушылығы мен белсенділігі туралы жан-жақты ақпарат берді. Бұл зерттеу волейболды дамыту мен оқушыларды спортқа тарту мәселелерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, болашақта осы бағытта тиімді стратегиялар жасауға негіз болды.

Зерттеу барысында жасөспірімдерге арналған волейбол үйірмесінің тиімділігі байқалды. Оқушылардың техникалық дағдылары – допты қабылдау, соққы жасау, допты ойынға қосу және қарсыласқа тосқауыл қою шеберліктері жақсарды.

Сондай-ақ, командалық жұмыс дағдылары дамыды. Оқушылар арасында командалық байланыс нығайып, ұжымдық шешім қабылдау қабілеттері арта түсті. Үйірме соңында оқушылардың жалпы физикалық жағдайы да жақсарды. Әдіс-тәсілдердің дұрыс ұйымдастырылуы оқу нәтижелерін айтарлықтай жақсартты.

Бұл зерттеу нәтижелері оқушылардың физикалық және техникалық дамуының айқын алға жылжуын көрсетеді. Қазіргі таңда көптеген зерттеулер волейболды мектептерде үйретудің маңызды екенін дәлелдейді. Волейбол үйірмесі оқушылардың командалық ынтымақтастық, үйлесімділік және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға көмектеседі. Бұл нәтижелердің заңдылығы, оқушылардың әртүрлі қабілеттеріне сәйкес жаттығу әдістерін қолданудың қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, әдіс-тәсілдер оқушылардың мотивациясын арттырып, спортқа деген қызығушылығын жоғарылатуға көмектеседі. Зерттеу көрсеткендей, волейболды үйірмеде оқытудың әдіс-тәсілдері оқушылардың физикалық, техникалық және әлеуметтік дағдыларын дамытудың тиімді құралы болып табылады. Үйірмеде жүйелі жаттығулар мен командалық жұмыс оқушылардың нәтижелерін жақсартады. Зерттеу нәтижелері мектептегі басқа спорт түрлеріне де енгізілуі мүмкін. Болашақта зерттеу жұмысы волейбол үйірмесінде қолданылатын әдіс-тәсілдерді нақты жоспарлау мен әдістемелік нұсқауларды жетілдіруге бағытталуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайыпов, Ж. Қ. (2020). Спорттық білім берудің әдістемесі. Алматы: Білім.
2. Ахметов, А. Б., & Сұлтанбеков, Е. Т. (2019). Волейболды мектепте оқыту әдістемесі. Қарағанды: Спорт баспасы.
3. Базылхан, Г. К. (2021). Жас спортшыларды тәрбиелеудегі инновациялық әдістер. Астана: Жастар.
4. Мырзахметов, Д. Ә. (2018). Командалық спорт түрлерінің оқушыларға әсері. Алматы: Қазақ университеті.

Құрметті автор!

«Жайық әдіскері» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы Қазақстан Республикасы педагогтерінің озық педагогикалық тәжірибесін таратуға және алмасуға бағытталған.

Журнал Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 36-2) тармақшасына, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңына, Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі бойынша мемлекетаралық стандарт жүйесіне сәйкес бекітілген ғылыми қызмет нәтижелерін жариялауға ұсынылатын басылымдардың тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптар негізінде өзірленген тәжірибелермен бөліседі.

Мақалаға қойылатын талаптар мен жариялану шарттары:

Жариялауға «Білім берудегі менеджмент, сапа және бағалау», «Ғылыми ізденіс», «Тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбие», «Пәндерді оқыту әдістемесі: тәжірибе және инновация», «Техникалық және кәсіптік білім берудегі өзекті мәселелер» тақырыптық айдарларында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мақалалар қабылданады. Авторлар үшін жариялану тегін. Мақала келесі талаптарға сай болуы керек:

- тақырыптың өзектілігі;
- тақырыптың анықтығы мен дәлдігі;
- мақала мазмұнының журнал басылымының тақырыбына сәйкестігі;
- педагогикалық зерттеудің әдістері мен нәтижелерін сипаттау;
- мақала тек сипаттама түрінде емес, аналитикалық сипатта болуы тиіс;
- нақты практикалық мысалдарды сипаттау және оларды тақырыпты таңдаумен және мәселенің өзектілігімен салыстыру;
 - зерттеу нәтижелеріне негізделген ұсыныстар;
 - әдебиеттер тізімі;
 - андатпа және түйінді сөздер (егер мақала орыс тілінде жазылса, онда андатпа және түйінді сөздер қазақ тілінде жазылады)

Қабылданатын мақалаға қойылатын талаптары, мақалалардың түрлері, мақаланы бағалау парағы туралы толығырақ ақпаратты әдістемелік орталықтың ресми сайтында bko.edu.kz, «Жайық әдіскері» журналы бөлімінде табуға болады.

** Мақалалар екі деңгейлі шолудан өткізіледі. Редакция мақаланы әдеби және стилистикалық өңдеумен айналыспайды. Талаптарға сәйкес келмитін мақалалар (Қысқа мерзімді жоспар) жариялауға қабылданбайды. Сонымен бірге, редакциялық алқа авторларға кері байланыс бермеу құқығын өзіне қалдырады.*

Техникалық рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1. Мақала мәтіні Microsoft Word бағдарламасында теріледі.
2. Мақаланың көлемі (кестелерді, әдебиеттер тізімін, суреттер атауын жазуларды, сурттерді қоса алғанда) 10 беттен аспауы тиіс
3. Қағаз өлшемі – А4 (портреттік бағдар, барлық жағынан 2,5 см)
4. Сурет кескіндердің көлемі мақала көлемінің 1/4 бөлігінен аспауы керек.
5. Негізгі мәтіннің қарпі –Times New Roman, өлшемі –14, өрістер: сол жағы - 30мм, оң жағы – 15 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, төменгі жағы – 20 мм
6. Жоларалық интервал – 1
7. Қысқартулар тек жалпы қабылданған өлшем атауларын, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдерді және т.б. қолдануға рұқсат етіледі.

Авторлар туралы мәлімет:

- тегі, аты, әкесінің аты (толық);
- ғылыми дәрежесі (бар болса), лауазымы, біліктілік санаты, педагог өтілі, жұмыс орнын көрсету;
- байланыс телефоны және e-mail;
- автордың (-лардың) jpeg форматындағы сапалы 1 фотосуреті (300 dpi).



Мақаланың құрылымы:

Тақырып. Автор(лар)дың ТАӘ құжаттың ортасында орналасуы керек.

Аңдатпа (100 сөзден аспайды).

Түйінді сөздер (4-7 сөз).

Кіріспе: тақырыппен таныстырады, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдайды, тақырыптың өзектілігін сипаттайды.

Зерттеу әдістемесі: зерттеуде қолданылатын әдістердің сипаттамасы.

Нәтижелер: алынған мәліметтерді ұсыну және оларды талдау.

Талқылау: нәтижелерді түсіндіру, өткен зерттеулермен салыстыру, заңдылықтарды анықтау.

Қорытынды: қорытындылау, зерттеу перспективалары. Зерттеуді қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Барлық материалдарды batys-adis@itc.edu.kz электрондық поштаға жіберуіңізге болады. Журнал жылына 4 рет (әр тоқсан сайын) шығады.